

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

Б.К. КУЗУТБАЕВА
Г.Т. ҚҰРМАНОВА

ӘЛЕМДІК ИНТЕГРАЦИЯ ҮДЕРІСТЕРІ
(050202 – «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» МАМАНДЫҒЫНЫҢ
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ–ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ)

АҚТАУ, 2011

ӨӘЖ 339.924

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Айтуаров А.К. – Маңғыстау облысы бойынша ішкі саясат басқармасының бастығы,
Сдыков С.М. – тарих ғылымдарының докторы.

Кузутбаева Б.К., Құрманова Г.Т.

Әлемдік интеграция үдерістері: оқу-әдістемелік құрал. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011. - 87 б.

Оқу-әдістемелік құрал ХХ ғасырдағы әлемнің саяси және экономикалық жағдайына байланысты бірігу немесе интеграция үдерістерінің себептері мен даму кезеңдерін қамтыған. Құралда алған білімдерін анықтауға бақылау сұрақтары ұсынылған.

Оқу-әдістемелік құрал «Халықаралық қатынастар» мамандығының студенттері мен интеграция үдерістерімен әуестінушілерге арналған.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен ұсынылды.

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ

КІРІСПЕ

Қазіргі таңдағы халықаралық қатынастардағы интеграциялық үрдістер әлемнің даму тенденциясы мен заңдылықтарының негізі болып табылады. ХХІ ғасырда әлемдік және аймақтық мәселелерді бірлесе шешу интеграция мен ғаламдану үрдісінің талабымен байланысты болып отыр, яғни ешқандай мемлекет өз мәселелерін жеке шеше алмайтындығын көрсетіп отыр. Шындығында бүгінгі таңдағы бүкіл әлемді интеграциялық бірлестіктер, одақтар және топтарының жиынтығымен түсіндіруге болады. Соның ішіндегі ең маңызды интеграциялық бірлестік Еуропалық Одақ болып отыр.

Еуропалық интеграция халықаралық үрдістердің дамуына әсер етуші ретінде халықаралық қатынастар дамуының объективті құрылымдық негізі, ал әлемнің саяси жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар Еуропалық интеграция бүгінгі таңдағы ең дамыған интеграциялық үрдіс ретінде қарастырылады.

Экономиканың, қоғам мен мемлекеттің неолибералды моделі әлем мемлекеттерін кей жерлерде – ерікті түрде, ал кей мемлекеттерде қанатты зымырандардың көмегімен олардың арасындағы шаруашылық байланыстарды терең интеграциялауға итермелейді. Соңғы онжылдықта бұл интеграциялық үрдістер бұрынғы социалистік лагерьдің, Ресейдің және ТМД басқа елдерін қоса алғандағы мемлекеттерді де қамтып-ақ алды. Посткеңестік кеңістіктегі интеграцияланған экономиканы құрудың көңілден шықпаған қорытындылары көрсеткендей, бұл үрдісте тек көрінбейтін қолға, нарық стихиясына ғана сүйенуге болмайды және экономикалық интеграциядағы жетістіктер көптеген күрделі мәселелердің терең ғылыми сарапталуына байланысты. Осы орайда, шетелдік тәжірибе, яғни интеграциялық үрдістерді соңғы онжылдықта емес, кем дегенде жарты ғасыр бұрын жүзеге асыруға кіріскен елдердің тәжірибесі КСРО-ның бүкіл халықтары үшін үлкен мәнге ие.

Латын Америкасында дамудың қазіргі динамикасы мен ары қарайғы дамудың перспективасына жартығасырлық тарихы бар аймақтық және субаймақтық интеграцияның әртүрлі үрдістері айтарлықтай әсер етеді. Қазіргі заманда бұл үрдістердің ең басты мақсаты континенттің елдеріне қазір қалыптасып жатқан халықаралық экономикалық қатынастардың жаңа даму жүйесі мен тұтас жалпыәлемдік экономикалық кеңістікте өз шаруашылық потенциалына сәйкес орынды бекіту болып табылады. Әрбір ұрпақтың техниканы меңгеруі, кезекті технологиялық даму одан әрі диверсификацияланған шаруашылық кеңістігін талап етеді, оны ұйымдастыру ірі капиталды жұмсаумен байланысты. Қуатты экономикалық кешенді ұйымдастыру қажеттілігі жеке фирмаларды, ірі корпорацияларды, ұлттық мемлекеттерді, енді олардың аймақтық топтарын да өз ресурстарын объективті түрде біріктіруге итермелейді.

Экономикалық интеграция – қазіргі Латын Америкасының едәуір өткір, өзекті, сонымен қатар күрделі де қарама-қайшылықты мәселелерінің бірі. Көптеген жылдар бойы бұл мәселе қызу даулардың нысаны болып келді. Бұл

мәселе біздің ғасырымыздың ортасынан бастап, бірақ XX ғасырдың соңғы ширегінде, яғни АҚШ, Канада, Мексика және Оңтүстік конустың (Меркосур) Жалпы нарығының қатысуымен еркін сауданың Солтүстік-американдық зонасының қалыптасуымен және 1991 жылы Аргентинаның, Бразилия, Парагвай және Уругвайдың Асунсьон келісіміне қол қоюларымен интеграцияның екі әртүрлі және қарама-қарсы модельдері белгіленгеннен бастап өзекті болды.

Мемлекеттердің бірігу ісінде осындай маңызды жетістіктерге жетудегі өткен тарихи сүрлеуін зерттеу кедергілермен қатар, интеграцияның жағымды факторларын да ашып көрсетуге мүмкіндік береді, ал оның өзі жіберілген қателерден аулақ болуға және адамзат дамуының бұрыс жолынан аулақ болуға көмектеседі.

I БӨЛІМ. ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР.

Тарихтан бізге мәлім ең бірінші антикалық интеграциялық форма ретінде б.д.д. 2371 жыл 4 мың жыл бұрын солтүстік Месопатамиядағы ежелгі Саргон империясы айтуға болады. Содан бері интеграциялық үрдіс адам өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде. Адам өзі жалғыз өмір сүре алмайтын секілді қоғам да өзі оқшау өмір сүре алмайды. Міне, осы интеграциялық үрдістің бастамасы.

Интеграция сөзінің ұғымы теориясына тоқталатын болсақ, интеграция термині алғашқы рет неміс және швед ғалымдарымен XX ғасырдың 30 жылдарында қолданылған болатын. Интеграция түсінігі қайта құру, қосылуды білдіретін *integratio* деген латын сөзінен шыққан. Интеграцияны топтық, әлеуметтік, этникааралық, мемлекетаралық болып бөледі. Сонымен қатар әскери-саяси, ғылыми-техникалық, мәдени және т.б. интеграциялар болады. Интеграция мәселесіне байланысты Барановский В.Г. былай деп түсінік береді: “Бөлек ерекше бөлшектердің біртұтастықпен байланысты жағдайы және осы процеске әкелетін жағдай”. Ол интеграцияның үш белгісін бөліп алуды ұсынады. Біріншіге, кейбір мемлекеттер арасында бар, осы мемлекеттерге тән, бір жақты байланыстар мен қатынастар жиынтығынан байланыстар мен қатынастарды бөлу, ерекшелену жатады. Екінші белгісіне, интеграциялық процестерде жүзеге асыратын басқару, яғни интеграциялық тұтастықтағы негізделген қимылдар мен реттеушілік, осының барлығы жаңағы ағымдардың, оқиғалардың стихиялық дамуынан ерекшеленеді. Ал үшіншіне, интеграциялық кешендегі тұтастық пен құрылымдық бөлшектердің арақатынасы.

Әлеуметтік өмірге қолданылатын интеграция ұғымы, кең анықтама, мәдени, экономикалық, саяси және басқа салаларды қамтиды. Топтық, әлеуметтік, этникааралық, мемлекетаралық болып бөлінеді. Сонымен қатар, интеграция, саяси-әскери, ғылыми-техникалық, техникалық түрлері бар, яғни интеграция қазіргі таңдағы қоғам қызметінің барлық салаларын қамтыған.

Интеграциялық үрдістің саяси жақтарын зерттеу, түрлі мемлекеттерде болатын ішкі және сыртқы саяси үрдістермен тығыз байланысты. Бізді

қызықтырып отырған мәселе мемлекетаралық интеграциямен байланысты және халықаралық қатынастар мәселесінің шеңберіне кіреді. Мемлекетаралық интеграция, мемлекеттердің арасындағы интеграциялық үрдістің саяси проблематикасымен байланысты мәселелердің жай-жапсарын көрсету үшін, зерттеуші ғалымдар саяси интеграция деген ұғым туралы айта бастады.

Көп зерттеуші ғалымдар “саяси интеграция” ұғымын толық анықтамасын берген америкалық политолог Э.Хаас деп санайды. Бұл терминді ол бірінше ұлттық жүйелердің саяси өмірінің мүшелері өз қызметінде заңдастырды және белгілі бір заңы бар жаңа орталыққа бағыттала бастады немесе оны басқа мемлекеттер қазірге дейін біріккен жалпы теория жоқ. Барановский В.Г. айтып кеткендей: “интеграция дегеніміз дифференциацияланған бөліктердің біртұтасқа байланыстылық жағдайы, сонымен қатар осындай жағдайға алып келетін үрдіс”. Мысалға интеграция ұғымын жүйелі функционализмнің негізін салушы Т.Парсонның ұсынысы бойынша екі негізгі компонентті қамтиды: біріншіден, интеграция элементтерінің ішкі сиымдылығы; екіншіден, интеграциялық жиынның сыртқы ортадан оқшау тұратын спецификалық жағдайын қамтамасыз ету және сақтау.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі интеграцияның ең бірінші жүйелік сипаттағы қандай да бір біртұтастық құрылуын астарлау қажет. Осы біртұтастық құрушы элемент қазіргі таңда мемлекет болуы мүмкін. Мынадай ой-пікірмен келісуіміз қажет “кейбір мемлекеттердің қандай да бір мемлекетаралық қатынастардағы жүйеге енуі, әрдайым олар интеграция үрдісіне кірді дей алмаймыз. Мұндай жағдайда біз интеграция әр уақыт жүйе, бірақ жүйе әр уақытта интеграция бола алмайды”. Жүйелілік иерархиялық элементтердің автономдығы – интеграция және интерация еместің арасына шектеу қойғанда бұл аса маңызды болмай қалды.

Интеграция ұғымының теориялық мағынасын сараптауға деген қажеттілік, Батыс Еуропа және Солтүстік Америка елдерімен байланысты. Жалпы, мемлекетаралық интеграция түрлі концепциялардың әдістемелік негізін ең бірінші Батыс Еуропадағы халықаралық экономикалық интеграция теориясының шарттары құрады. Құралған концепция жоғары дамыған индустриалды қоғамдастыққа бағытталғаны заңды-ақ, өйткені соғыстан кейінгі кезеңде үшінші әлемдегі мемлекеттер интеграциялық ағымға келетіндей әлі бытыраңқы еді.

Ең бірінші аймақтық интеграция үрдісін теориялық тұрғыдан түсіндіруге тырысқандар 1950 жылғы неолибералистердің ағымында жұмыс істеген ғалымдар болды (А.Предоль, В.Репке). Рынок концепциясына сүйене отырып, олар, интеграция деп бірнеше мемлекеттерді құрамына енгізетін біртұтас геоэкономикалық кеңістіктің құрылуы деді. Мұны жүзеге асыру үшін сыртқы сауда және валюта-қаржы сферасын мемлекеттік бақылаудан брсату керек. Бұл көбіне мемлекеттердің қызмет етуіндегі либералдық көзқараспен сәйкес келеді, ол сол кезде Батыс заңдары мен саяси ғылымында болған еді.

Әлемдік даму ағымы, дамыған мемлекеттеді ұлттық мүдделерін тиімді қорғау формуласын іздеуге итермеледі. Неолибералистердің көзқарасы

бойынша бұл жерлегі маңызды нәрсе аймақтың ішінде біртұтас кедендік тәртіптің қызмет етуіне жағдай жасау және үшінші мемлекеттерге біртұтас әдіс, қатынас жасап шығару.

Кедендік одақ 1957 жылы құрылған Еуропалық Экономикалық Қауымдастықтың теориялық концепциясы болды.

1960 жылы интеграция формасына деген әдістердің қайта қаралуы болды. Осыған байланысты ғалымдар арасында интеграциялық жүйенің шеңберін кеңейтуге деген қажеттілік туды. Кейбір зерттеушілердің жаңа бағытын шартты түрде “дирижистер” деп атады. Бұл ағымның жақтаушылары, интеграция үрдісін жүйелі түрде реттеу үшін ұлтүсті саяси-құқықтық институттар немесе институттар тобын құруды қолдады. Бұл әдіс мемлекетаралық интеграция барысындағы тек қана рыноктық бірлестіктері ғана емес, сонымен қатар реттеуші органдар мен механизмді құруды қарастырады. Дәл осы кезде Американдық ғалымы Б.Белаши интеграцияның жүйелі бес түрін атап көрсетеді. Олар:

1. Еркін сауда аймағы – мүше-мемлекеттер арасында мөлшерлік және сандық шектеулер алынған;
2. Кедендік одақ – жоғарылардан басқа, үшінші елдермен саудада ортақ өлшем енгізілген;
3. Ортақ нарық – саудаға шек қоюлармен қатар, өндірістік факторлардың (капитал мен жұмыс күшінің) шек қоюлар алынып тасталынады;
4. Экономикалық одақ – тауар мен өндірістік факторлардың қозғалу еркіндігі дискриминациясын жою үшін жасалынатын ұлттық саясат белгілі түрде сәйкестендірілумен толықтырылады;
5. Саяси одақ – толық экономикалық интеграция, ұлттық экономикалық саясаттар толықтай жүйелінеді және ұлттық шеңберден шыққан билік мекемелі құрылады.

Әлемдік интеграциялық үрдістің даму динамикасы интеграция теориясының дирижистік бағытының 1966-1970 жылдарда күшеюіне жол ашты. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері – Р. Купер, Г.Мюрдаль, П.Стриптен, Я.Тринберген, А.Филипп.

Швед ғалымы Г.Мюрдальдің айтуы бойынша рыноктық көзқарасты ұстанатындардың теориялық жағдайдағы концепциялары кедей және бай елдердің дамуын бірдей қылуды көздейді, іс жүзінде поляризация одан ары күрделене түспек. Оның айтуынша, бұл ұлттық-саяси мүдделердің ықпалымен айқындалады. Осыған сәйкес ол мемлекеттік реттеу рөлін және экономикалық координациясын, әсіресе даму темпін және деңгейді біркелкі қылу үшін әлеуметтік саясаттың рөлін күшейтуді ұсынады. Зерттеудің теоретикалық негізінде мамандар интеграция концепцияларының үш ірі бағытын анықтады. Бірінші тәсіл, Батыс Еуропалық елдердің тарихи, экономикалық және саяси мүдделерінің бірлігі. Осыған сүйене отырып, осы ағымның жақтастары институцияланған құрылым құру керектігін айтады. Осы ғасырдың 50 жылдары американдық және бірқатар еуропалық саясаткерлер жаңа концепцияны ұсынды, негізгі мәні әр түрлі мемлекеттерді федерацияға қосу. Осы ағым саясат

ұғымында федерализм деген атқа ие болды. Биліктің федерациялық жүйесі бір жағынан тұрақтылықты және ұлттық қауіпсіздіктің дамуын қамтамасыз ете алатын қабілетке ие, ал екінші жағынан әр елдің ерекшелігін сақтай отырып, нақты федерация субъектілерінің және ұлтүсті органдардың саяси және әкімшілік ұйымдардың құзыретін шектеу.

Осы бағыттағы екінші тәсіл: классикалық федерализм және неофедерализм. Бірінші әдістің жақтаушылары конституционализм және биліктің бөлінісі идеясына негізделді. Мәні, аймақтық интеграция халықаралық көлемдегі нормативті қайта құруға негізделген кезде ғана мүмкін. Бұл ағымның жақтастары федеративтік жүйенің құрылуы интеграцияның ең соңғы бекеті дейді. АҚШ, Швейцария конфедерация қызметін мысал ете отырып, федералистер, федерацияны құру біріктіруші мемлекеттердің басқарушы элитасының шығуы тиіс. Жалпы бұл әдіс интеграциялық үрдісте конституциялық мүмкіндіктердің рөлін жарыққа шығарды, сонымен қатар ішкі және сыртқы факторлардың да. Кейін келе дәстүрлі классикалық федерализм әдістерінің жетіспеушілігі теорияның жаңалануын және федералдық интеграция идеясының жүзеге асырылу үшін кең мүмкіншіліктерді талап етті.

Неофедералистік концепция әлеуметтік интеграцияға арқа сүйей отырып, саяси және конституциялық деңгейдегі федералдық интеграция үрдісінің біртұтастығынан туындады. Осы ағымның көрнекті өкілі американдық политолог А.Этционе, К.Фридрих. Бұл ағым бойынша федералистер сияқты бірден секіру емес кезең кезеңмен болатын үрдіс. Федералистік үрдісі саяси бірлестіктердің түрлі жақтарын қамтуы мүмкін, эволюция барысында сонда құрылымның федералдық принципі бірте бірте кеңейді. Олардың ойынша да интеграцияның соңғы бекеті федеративтік мемлекет формасындағы саяси қоғамдастық.

Федеративтік интеграция идеясын Еуропалық Одақтың дамуында біраз байқай аламыз. Қазіргі кездегі тәжірибе көрсетіп отырғандай, ұлттардың егеменді заңдары және жалпы интеграциялық құрылымдардың қайта бөлінуі баяу жүреді. Тіпті кейбір жағдайларда ұлттық мемлекеттің өкілетінің пайдасына бөлініп, кері серпіліс болуы мүмкін.

Федерализмнің теориялық кемшіліктерінің орнын толтыруға тырысқан функционалистерді айта аламыз. Олардың ойынша, қазіргі кездегі индустрияның, коммуникациялық құралдарының дамуы халықаралық ынтымақтастыққа жол ашады, ал бұл өз кезегінде функционалды интернационалды ұйымдардың құрылуына себепші болады. Бірінші кезге интеграция мемлекет арасындағы қатынастарды реттейтін арнайы құрылымдарда қызмет жасайды. Бұл мектептің негізін салушылар Д.Метрани және А.Клоуд.

Аймақтық интеграция саласындағы тағы бір ірі ағым коммуникациялық ағым. Бұл ағымның негізін салушы американдық Карл Дойч. Ол әлемдік қауымдастықты әр уақытта өзара әрекет (коммуникация) және өзара ықпал ету үрдісінде болатын және жеңілдіктерге бару мүмкіншілігі және соған мәжбүрлеу механизмі бар түрлі саяси топтардың жиынтығы ретінде қарастырады.

Интеграция үрдісінде негізгі назар “қауіпсіздік қауымдастығын” құру жолында және жағдайына бөлінуі тиіс.

К.Дойч интеграцияның ең басты қозғаушы күші тек ұлттық мемлекет емес, сонымен қатар, партиялық жүйелер, қысым жасау топтары және басқа ішкі саяси аренадағы акторлар жатады деп ойлайды. Оның пікірі бойынша мемлекеттердің ішкі интеграциялануы қауіпсіздік қоғамдастығына қол жеткізгенде ғана бола алады. Осыған байланысты осы мектептің жақтаушылары интеграцияға әсер ететін екі факторды белгіледі:

❖ Біріншіден, қоғамдастықта өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Мұнда интеграцияланбаған топтар әр уақытта конфронтация күйінде болады.

❖ Екіншіден, белгілі бір топтардың потенциалды мақсатына қол жеткізу үшін саяси интеграцияланған қоғамдастық жағдайында барлық мүмкіншілікті топтастыру.

Оң нәтижеге жету үшін интеграция барысында К.Дойч интеграцияланушы бірлестіктер арасында, коммуникациялық құралдар арасында бір біріне бағыныштылық керек дейді.

Коммуникациялық мектептің өкілдері интеграцияланған қоғамдастыққа апаратын жағдайларды ойла шығарды. Олар:

1. Саяси сферада негізгі құндылықтардың сиымдылығы;
2. өмір сүрудің белгілі бір түрі;
3. тығыз экономикалық қатынастарды күту;
4. Интеграция субъектілері арасындағы әкімшілік және саяси мүмкіндіктер;
5. Кейбір акторлар бөлігінің арасында интенсивті экономикалық даму;
6. Қоғамның түрлі қабаттары мен түрлі аймақтар арасындағы қоғамдық коммуникацияның болуы;
7. интеграциялық топтардың арасында саяси элитаның тарауы;
8. интеграция субъектілері арасындағы коммуникациялық байланыстардың көптігі;
9. Өзара коммуникациялық сипат;
10. Интеграцияланған кеңістіктегі түрлі топтардың оңай ауысуы;
11. Интеграция субъектісінің мінез-құлқының айқындығының жоғарғы деңгейлігі.

Бұл жоғарыда айтылғандар федералистік және функционалистік мектептердің айтқандарына келгенімен коммуникацияшылар әлеуметтік-психологиялық факторға артықшылық берді. Интеграцияланушы мемлекет аймақтарының азаматтарының сиымдылығы, қоғамдық сезімін көріп білуі интеграция жетістігіндегі ең маңызды шарт.

Біз осылайша, интеграция шығу тегі, ұғымы және теориясы туралы азды-көпті баяндадық.

Интеграциялық үрдіс әлемде, аймақтарда, мемлекеттерде әр түрлі дамуда. Тарих көрсетіп отырғандай қала-мемлекеттерден де кеңірек саяси ұйымдарды құру қажеттілігі, антикалық әлемнің шаруашылық дамуындағы қажеттіліктердің арқасында дүниеге келді, яғни тауар өнімінің дамуы, аймақтар арасындағы экономикалық байланыс. Осы өзгерістер, дамулардың нәтижесінде

Шығыс Жерорта теңізінде эллинистік мемлекет Римнің Италияны жаулап алуы Сирануз державасының дүниеге келуіне жол ашты. Жалпы интеграция және дезинтеграция экономикада, ғылымда, мәдениетте ауқымды прогрестерге алып келген. Егер де тарихқа үңілсек, біз көптеген мемлекеттердің, империялардың, державалардың құрылғанын, ал енді кейбіреулерінің күйрегенін көреміз. Бұл үрдістерді біз интеграция және дезинтеграция деп айта аламыз, бірақ бұл жердегі дезинтеграция тоқтап қалу немесе жоқ болып кетуді білдірмейді. Бұл жерде үрдіс өз шеңберінде қайталана бастайды, яғни бір спираль тәріздес, әр айналымда күшейе түседі. Мемлекет әлеуметтік интеграцияның бір түрі ретінде дүниеге келді. Әр түрлі халықтарды жаулау немесе күштеу негізінде біріктіру өз жемісін бермеді. Осы жолмен құрылған біршама ұзақ уақыт өмір сүрсе де сол мемлекеттердің ішіндегі халықтардың шаруашылық және мәдениетінің түрлілігі, олардың ұлттық сана-сезімдерінің жетіліп, дамуы, бұл жасанда құрылымның күйреуіне алып келетін. Осы жерде біз КСРО-ны мысал ретінде айтып кете аламыз. Біз білетіндей КСРО-ның құрамына кіретін халықтар күштеп осы құрылымға енгізілген. Бірақ уақыт өте келе бұл өз нәтижесін көрсетті. Біздің осыдан шығаратын түйініміз – қандай да болсын халық бір құрылымға жоғарыдан күштеп емес өз қолдауымен кіру қажет. Мұның мысалы ретінде тек КСРО емес, сонымен қатар Рим, Византия, Осман, Австро-Венгрия, Британия империяларының тағдырын айтуға болады.

Интеграция бұл белгілі бір жүйенің қозғалысы және дамуы үрдісі, мұнда қатысушылардың саны және өзара қатынасы күшейе түседі. Бір біріне қатынасында өзіндік кішірейеді, ал дезинтеграция болса, интеграцияға қарама-қарсы, яғни қатысушылар саны азаяды, өзара қарым-қатынас әлсірейді, тарау, құлдырау, жайылу, бөліну, оқшаулану үрдісі. Бірақ дезинтеграция әр уақытта күйреу, жойылуды білдірмейді. Яғни кейбір жағдайларда интеграция үрдісті тоқтатушы ретінде немесе кері әсерін тигізуші ретінде болуы мүмкін. Интеграция әр уақытта дезинтеграция үрдісімен байланысты, бұл оның алғышарты немесе салдарлары болуы мүмкін.

Интеграциялық топтар XX ғасырдың екінші жартысында әлемнің түкпір-түкпірінде дүниеге келе бастады. Қазірде дүние жүзінде 30-ға жуық интеграциялық бірлестіктер бар. Осылардың ішінде ең ірілерінің бірі 40жылдан астам интеграциялық тарихы бар Еуропалық Одақ.

Бірнеше жыл бұрын Батыс жарты шарында жаңа интеграциялық бірлестік НАФТА (Солтүстік америкалық еркін сауда туралы келісім), мүшелері АҚШ, Канада, Мексика.

Латын Америкасындағы МЕРКОСУР, құрамында Бразилия, Аргентина, Уругвай, Парагвай.

Оң түстік Шығыс Азиядағы АСЕАН.

Кейбір кедергілерге қарамастан. Батыс Еуропадағы интеграциялық топ бірқатар ірі жобаларды жүзеге асыруда өзінің артықшылығын көрсетті. Осы жағдайдан терең әсер алған үшінші әлем өздерінің экономикалық және саяси мәселелерін мемлекетаралық интеграция жолында шешуге тырысты.

Азия мемлекеттері және үшінші әлемдегі интеграциялық жүйелерді сараптау барысында, қызмет жасау барысында олардың сәтсіздіктерге ұшырағанын көреміз. Ал Батыс Еуропада дәл осы уақытта сәттіліктерге қол жеткізді. Бұл жерде алым ретінде тек АСЕАН-ды айтып кеткеніміз жөн. Оңтүстік-Шығыс Азия Ассоциациясының құрылуы сол аймақтағы Үндіқытайдағы қақтығысының орын алған кезінде құрылды. Яғни, бұл қақтығыс субаймақтық топтың құрылуында бір бастама болды. Бұл халықаралық ұйымды 1967 жылы Сингапур, Малайзия, Индонезия, Филиппин, Тайланд мемлекеттері құрылды. Бұл ұйымның алғашқы кездегі мақсаты қауіпсіз дамуға жағдай жасау. Кейін келе, АСЕАН әлеуметтік-экономикалық және сыртқы саяси тұстарды қамти бастады. АСЕАН сыртқы саяси сферада, аймақтық қауіпсіздік негізін құруда көптеген жетістіктерге қол жеткізді, сонымен қатар Азия-Тынық мұхит аймағындағы тұрақтылыққа үлкен ықпал етті, яғни тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кеңеюіне себепші болды. Қазіргі кезде Бруней мен Вьетнамның қосылумен бұл ұйымның мүше саны тоғыз болды. Бірақ өз қызметінің 30 жылдық кезеңі барысында экономикалық сферадағы жетістіктері жоққа шақ. Сыртқы сауданың көп бөлігі АСЕАН-нан тыс елдердің үлесінде жатыр, яғни біріншіден, Жапония, АҚШ және ЕО елдері. 1997 жылы Сингапурдағы төртінші жоғарғы деңгейдегі кездесуде Ассоциацияға мүше-мемлекеттер 2007 жылға дейін еркін сауда зонасын құруға келісті.

Латын Америкасындағы ірі интеграциялық бірлестік ретінде МЕРКОСУР-ды айтуға болады. 1991 жылы Бразили, Аргентина, Уругвай, Парагвай мемлекеттері құрған интеграциялық бірлестік. Бұл мемлекеттердің тауар айналымы 1991-1995 жылдар аралығында үш есе өекен. 1994 жылы жалпы рынок кеңесі құрылды. Оның құрамында сыртқы істер министрлері бар және тұрақты атқарушы орган, құрамында атқарушы хатшылығы және он техникалық комиссия бар. Жалпы рынок тобы құрылды, МЕРКОСУР-ға қатысушылар кереметтей жетістіктерге қол жеткізбесе де олар алдағы жылда интеграциялық үрдісті дамытып, көптеген жетістіктерге жетеміз деген үмітте.

Қазіргі таңдағы ең дамыған және басқаларға үлгі болатындай жағдайы бар Еуропалық Одақ туралы айтар болсақ, ең бірінші артықшылығы, жетістігі, ол соғыстан кейінгі күйреген Еуропа экономикасын қалпына келтіріп қана қоймай, әлемдегі ең дамығандарының шығарды. Бұл ұйымның тарихы 1950 жылы Р.Шуманның Франция мен Германияның бүкіл көмір мен болат өндірісін, Еуропа халықаралық қатынастарында негізгі қарсыластар арасында өзара сенім деңгейін жоғарылату үшін орталықтанған басшылыққа беруді ұсынды. Бұл Германия тарапынан қолдау тапты. Сөйтіп, 1951 жылы Еуропалық көмір бірлестігін құру туралы Париж келісімне Еуропаның 6 елі қол қойды – Бельгия, Нидерланды, Люксембург, Италия, Франция, Германия. Одан ары бұл бастама 1957 жылы Еуропалық Экономикалық Қауымдастықтың құрылуымен жалғасты. 1973 жылы бұл алтылыққа Ұлыбритания, Ирландия, Дания, ал 1981 жылы Греция қосылып, құрамы кеңейе түсті. 1986 жылы Испания, Португалия, 1995 жылы Австрия, Финляндия, Швеция кірді. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер осы ұйымға тартылуда. Ол заңды құбылыс. Өйткені бұл ұйымның

тиімділігін, жемісін барлықтары мойындайды. Осылайша бұл ұйым қазіргі таңдағы ең дамыған теңдесі жоқ интеграциялық бірлестік.

Қазір бүкіл әлем интеграциялануға ұмтылуда. Техника, мәдениет, білім барлығы дерлік бір бірімен қабысуда. Адамзат басынан өткерген түрлі қиыншылықтар, жойқын соғыстар, тәртіп, жүйеге қарамастан, бір бірімен тығыз қатынаспен бірігуге ұмтылуда. Мұның айқын айғағы ретінде Араб мемлекеттерінің Лигасы, Еуропалық Одақ, Оңтүстік Америка мемлекеттерінің бірлестігі, Азия Тынық мұхит аймағындағы елдер бір бірі арасындағы қатынастарды тереңдетіп, тиімді түрде саяси және экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда.

Кеңестер Одағының ыдырауы жаңа интеграциялық үрдістің басталуына жол ашты. Демек, біз бұл жерден жоғарыда айтып кеткен интеграция және дезинтеграция мәселесін көреміз, яғни Кеңес Одағы ішіндегі дезинтеграция немесе ыдырау процесі жаңа интеграцияға бастама болды. Міне, ТМД-дағы аймақтық интеграцияның ерекшелігі де осында жатыр, яғни бұл үрдіс ыдыраған Кеңес Одағының аяқталмаған дезинтеграциялық үрдісімен тығыз байланысты.

Интеграция дезинтеграциясыз бола алмайды, немесе дезинтеграция интеграциясыз бола алмайды. Кез келген интеграцияда дезинтеграциялық үрдіс мәселесі туады. Ең біріншіден, әлеуметтік және ұлттық топтардың, мемлекет пен аймақтардың түрлі мүддесімен байланысты.

Тарихтан білетініміздей, әр кезеңде интеграция және ыдырау үрдісі ері жүріп отырған. Бірақ әр уақытта интеграция үрдістері басымрақ болған. Кейбір мемлекеттердің ұстанған оқшаулану саясаты, шаралары тиімсіз де жеміссіз болған. Сондықтан да Қазақстан Республикасының интеграцияға ұмтылуы тарихи заңды құбылыс. Бұл Қазақстан үшін тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды бағыт. Ең алдымен тұрақтылық болмаса, экономикалық реформалардың жемісті түрде жүзеге асуы екіталай. Қазақстан ТМД құрылған кезден бастап-ақ, Достастықтың тағдыры үшін айрықша жауапкершілік танытты. Қазақстан қол жеткізген уағдаластықтарды бұлжытпай іске асыруда жақтай отырып, ТМД-ға қатысушы елдердің интеграциясын тереңдету бағытын дәйекті түрде жүргізіп келеді. Достастыққа қатысты Қазақстан позициясының заңдылығы мен өміршеңдігін тәжірибе барысы дәлелдеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Латын тілінен «интеграция» деген сөз қалай аударылады?
2. Тарихи тұрғыдан қандай интеграция бірінші болып есептеледі?
3. Интеграциялық үдеріске қандай факторлар әсер етеді?
4. «Саяси» және «экономикалық» интеграцияны қалай түсінеміз?

II БӨЛІМ. ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ШЕҢБЕРІНДЕГІ САЯСИ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

2.1 Еуропалық интеграцияны зерттеудегі теориялық аспектілер.

Әйгілі американ экономисті Ф. Махлуп ретроспектива терминін анықтап ол 1942 жылдан бұрын пайда болғанын айтады. Бұл термин халықаралық экономикалық қатынастарда халықаралық саудада капитал қозғалысында және қаржы саласында тез қолданыла бастады. «Саяси интеграцияның» тар мағынасы саяси және ғылыми терминологияға 40 жылдардың аяғы мен 50 жылдардың басында енді.

Саяси интеграция түсінігі – бұл қоғамдық мемлекеттік құрылымдардың мемлекет шеңберінде бірігуі. Мемлекетаралық саяси интеграция биліктің жаңа институттарының қалыптасу жолымен жүреді. Әртүрлі зерттеушілердің саяси интеграция теориялары интеграциялық процесс формалары мен мазмұнына қарай өзара ерекшеленеді. Еуропа тарихында алуан түрлі жобалар болды, олардың негізінде еуропалық мемлекеттердің саяси бірігу идеясы жүзеге асты.

Әр ғасырда, әр түрлі мақсат қоя отырып, қоғам алдында өздерінің интеграциялық жобаларын ұсынған қайраткерлердің ішінде француз королі Филипп Пьер Дюбуа XIV ғасыр, Чех королі Иржи Подебрад XV ғасыр публицист Пьер Жозеф Прудон және жазушы Виктор Гюгоны айтуға болады.

Алайда бұл зерттеушілердің Еуропалық мемлекеттерді біріктіру процесі бойынша барлық ұсыныстары тек теориялық формада қалып, Екінші дүние жүзілік соғысқа дейін тәжірибе ретінде саяси өмірге енбеді. Біріккен Еуропаның құрылуына негіз болған ұлттық суверенитетке приоритетті бағыт негізіндегі ұлттық мемлекеттердегі Еуропалықтардың көңілінен шықпауы болды. Ұлттық мемлекеттерді жақтырмаушылық бірінші дүние жүзілік соғыста үлкен құрбандарға алып келуімен пайда болды. Дәл осы себептер интеграцияның ғылыми мектептерінің қалыптасуы мен Еуропалық мемлекеттердің бірігу жобаларының пайда болуына алып келді. Бұл жаңа әлемдік тәртіп орнату қажеттілігінің дәлелі болды.

Егер біз теориялық интеграцияның пайда болуы мен дамуында маңызды рол ойнаған теориялық бағыттарда хронологиялық тәртіппен тізетін болсақ, онда олардың арасында бірінші орынды Батыс Еуропалық Федеративтік Одақты құру жақтаушыларын біріктіретін федерализм алады.

Бұл концепцияның өкілдері өз Еуропаны біріктіруді жүзеге асыру идеяларында федералды принципті пайдаланды. Ол жалпы аймақтық үкіметтер жеке салада тәуелсіз болуын, яғни осылайша билікті бөлу әдісі ретінде анықталды. Жаңа біріккен Еуропаның мемлекетаралық органдарының өкілеттіктері жеке мемлекеттердің өкілеттіктерімен салыстырғанда кең болмауы керек. Бұның нәтижесінде Э. Уистрич федерализмнің мәні билік қажет жерде оның орталықсыздандырылуын талап етеді деп есептеді.

Өз кезегінде атақты батыс еуропалық қайраткер, Еуро Одақ шеңберіндегі Ж. Моннэ «Еуропаның саяси одағы және экономикалық интеграцияның жүзеге

асуы қадам-қадаммен құралу керек». Сонымен қоса ол тек мемлекеттер арасындағы қатынастармен шектеліп қалмауы керек.

Мемлекет - ұлтты құрбатын сипатқа қарсы шыққан бағыттың бірі, сондай-ақ федералистік қадамнан айтарлықтай айрықша бағыттың бірін көрсеткен Д. Митраниөз жұмысының классикалық түрінде көрсеткен функциялизм теориясы болды, ол мемлекет аралық шиеленістерді шешу жолын табуға тырысты, бұл үшін федералистердің жасағанындай халықаралық қауымдастықтың жаңа идеалдық формасын іздеудің қажеті жоқ, орындалуы қажет функцияларды табу қажет.

Функционализм жақтастары өз интеграциялық процестерді талқылағанда адам мүддесі мен қажеттілігін құндылығында ескермей қалдырған. Д. Митрани интернационалды ұйым ұлттық мемлекетке қарағанда адам қажеттілігін толық қанағаттандырады.

Американ саясаттанушысы Карл Дойч ғылымда коммуникациялық қадам немесе «қауіпсіздік қауымдастығы» теориясы жасалынды. Бұл теория қазіргі заман халықаралық қатынастардың дамуының заңдылықтарын анықтау ашты.

К. Дойч мемлекет ішіндегі өзара қатнастар мен мемлекет «қауіпсіздік қауымдастығы» құрған кезде халықаралық салада ынтымақтастық паралелін жүргізді.

К. Дойч бұнымен байланысты мемлекеттердің интеграциялық мүдделерінің жүзеге асырылуын, олардың іс-қимылдарының жүзеге асырылу жылдамдығының анықталуын көрсету мақсатымен сынаудың нақты жүйесін енгізу ұсыныстарымен шықты.

Процесс ретінде интеграцияның бір қаар сипатты және сапсылы ерекшеліктері байқалады:

- уақыт факторына үлкен көңіл бөлінеді, интеграциялық процесс оның қатысушылары өздеріне тиімді жетістікке жеткен жағдайда есептелуі мүмкін;
- интеграциялық процесс жиі түрде күш орталығының айналасында пайда болып дамиды;
- интеграциялық процес қатысушылары арасындағы соғыстардың психологиялық қабылдамауының тереңдеуімен сипатталады;
- интеграция даму процесінде саяси партиялар, діни экономикалық топ мүдделерінің арасындағы ұлтшілік сәйкессіздік өзінің ұлтшілік сипатын жоғалтып барынша транснационалдық бола бастайды;
- өткен уақыттағы интеграциялық бірігудің сәттілігі көбінесе негізгі саяси партиялар немес фракциялардың бірнеше жаңа идеялар және жалпы аймақтық сипаттағы жоспарлары мен анықталады.

Онды нәтижелерге қарамастан интеграциядағы коммуникациялық бағыт кейбір кемшіліктерге ие болды. Ол Хофман, Фридрих, Райкер, Фишер секілді зерттеушілер тарапынан сынау объектісі болды.

Неофункционалдык анализ саяси интеграцияны зерттеудегі басты бағыттарының бірі болып табылады. Көпшіліктің тұжырымдауынша Еуропалық интеграцияның қазіргі дамуы функционалдык емес стратегиясымен

жасалынған бағытпен сәйкес келеді, ал Еуропалық Одақ осы концепцияның негізгі ұсыныстарын тексеру үшін нағыз лаборатория болып табылады.

Неофункционализмнің көрнекті өкілдерінің бірі және оның құрушысы Эрнст Хаас өзінің концепциясын жасауға ұмтылды, ол ғаламдық емес аймақтық деңгейде болуды көздеді.

Өзінің «Еуропаның бірігуі: саяси, экономикалық және әлеуметтік күштер» атты кітабында Хаас саяси интеграцияны оның барысында саяси өмірдің қатысушылары өзінің мақсаттары мен саяси қызметін жаңа орталыққа қарай бағытталғанда пайда болатын процесс деп анықтама береді. Бұл жаңа орталық институттары юрисдикцияға ие болып табылады.

Осылайша саяси интеграция саяси қауымдастықтың ұлттық мемлекет өлшемімен қалыптасатын процесс ретінде қарастырады. Хаас мынадай қорытындыға келеді, яғни интеграциялық процесстердің дамуы еуропалық идея бағытымен емес, бірлестіктегі әлеуметтік саяси топтардың прагматикалық мінез құлқынан, тәжірибелік мүдделіліктен туындайды.

Мұндай нәтиже іс жүзінде ғылыми неофункционалистік пікірді интеграция процесінде экономика ролінің маңыздылығының мойындалуына итермеледі. Қатысушылар мүдделерінің прагматизация туралы тезисінің кеңейуі саясаттың үлкен және кіші болып бөлінуіне алып келеді. Алғашқысы ұлттық амбицияға беделділік пайдасына негізделеді екіншісі экономикалық өсуді көтеру қажеттілігімен байланысты. Бұл жерде тағы да дуализм пайда болады. Интеграция логикасына кеңейу және жаңа салаларға таралумен қамту тән. Экономикалық интеграцияның дамуында Хаас және оның жақтаушылары алмасу түсінігін енгізді. Бұл іс-әрекет алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін жаңа қималдардың қабылдануымен ғана қамтамасыз етіледі.

Алмасу (spill-over) концепциясы функционалистермен интеграцияның экономикалық шынжырының теориялық үлгісін түсіндіру мақсатында пайдаланылды: еркін сауда зонасының алдымен кеден одағына, кейін жалпы нарыққа, сосын барып экономикалық және валюталық одаққа өтуі. Сонымен қатар бұл теорияның жақтаушылары экономикалық интеграцияның дамуы институционалды өзгерістерге алып келеді және саяси интеграцияны жаңа деңгейге көтереді деп тұжырымдайды.

Сонымен алмасу логикасының мәні экономикалық және саяси интеграцияның шектеулі бірлігін дәлелдеу және экономикалық одақ саяси одаққа ауысатынын көрсету болып табылады

2.2 Еуропалық Одақтың құрылуы және оның даму кезеңдері.

Қазіргі таңда көптеген халықаралық ұйымдардың ішінде экономикалық және саяси тұрғыдан интеграцияланған жалғыз “Еуропалық Одақты” айтуға болады. Еуропалық Одақтың “туылған күні” ретінде, яғни бүгіндегі қызмет етуі 1950 жылы 5 мамырда бастау алған. Осы күні Францияның сыртқы істер министрі Робер Шумен, өзінің мемлекетінің атынан, болат пен көмірді қолдану туралы және еуропалық ұйым құруды ұсынды. Нәтижесінде бірінші бірлестік –

1951 жылы 18 сәуірде Еуропа көмір және болат бірлестігі (ECSC – European Coal and Steel Community) (Париждік келісім) туралы келісімге қол қойды және оны алты мемлекеттің парламенті қолдады: ГФР, Бельгия, Франция, Италия, Люксембург, Нидерланды. Бұл келісім-шарт Еуропадағы өндірілетін көмір, ауыр және жеңіл, темір өнімдерін, машина өнеркәсібін дамытып біріктіру мақсатында жасалынды.

1957 жылы осы келісім-шартқа қол қойған елдер Римде бірігіп Еуропалық Экономикалық Қауымдастық және атом энергетикасы жөніндегі Еуропалық Қауымдастықты құруға қол қойды. Бұл екі қауымдастықты қысқаша біріншісін “ортақ рынок”, екіншісін “Еуроатом” деп атады. Римде келісілгендіктен Рим келісімі деп аталды. 1959 жылы Еуропалық Экономикалық Қауымдастық Еуропалық Парламентті консультативті өкілдік ретінде, киінірек заң шығарушы орган болып құрылды.

1960 жылдың аяғында жоғарыда аталған үш келісім шарттың негізінде Еуропалық Қауымдастық құрылды. Еуропалық қауымдастықты құрудағы басты мақсат осы елдердегі кедендік тосқауылдарды біртіндеп жою және жалпы сауда саясатын жүргізу. Сонымен қатар капиталдың еркін қозғалысы, осы келісім шарт негізінде еңбек күші, ауылшаруашылық өнімдері еркін айналысқа өтті. 1969 жылы желтоқсан айында Гаагада қауымдастықтың кеңеюі және интеграцияны одан әрі күшейту жөнінде шешім қабылданды. 1973 жылы 1-қаңтарда Еуропалық Экономикалық Қауымдастыққа Дания, Ирландия, Ұлыбритания, ал 1981 жылы Греция, 1986 жылы Испания мен Португалия, 1995 жылы Австрия, Финляндия және Швеция қосылды.

XX ғасырдың аяғы XXI ғасырдың басында екі блоктың қарсыластық бағыты бірте-бірте Еуропада интеграциялық үрдіспен үйлесті. Құрлықтағы геосаяси өзгеріс реформатор елдерден осы елдердің ішкі саяси даму бағдарламасын қолға алумен қатар сыртқы саясатта басты бағыттарды қайта қарастыруға бел байлауға итермеледі. Орталық және Шығыс Еуропаның (ОШЕ) постсоциалистік елдері НАТО мен ЕО-ға мүше болуға бәрі бірдей, бір уақытта қолдау көрсетті. ОШЕ мемлекеттерінің құрылысын өзгертуде өз қызығушылығын көрсеткен НАТО-ға қарағанда Еуропалық Одақ жаңа реформатор мемлекеттермен қарым-қатынастың дамыту бағытын анықтай алмады, яғни ол тек экономикалық ынтымақтастық па, әлде ЕО-ға мүше болу мүмкіндігі ме? ЕО-ның ОШЕ елдеріне қатысты саясатының қалыптасуы мен дамуында бірнеше этапты бөліп көрсетуге болады.

80 жж. аяғына дейін ЕО жағынан не Шығыс саясаты, не 12 елді қамтыған қауымдастықтың жалпыеуропалық рөлі анықталмады. Бұл уақытта ЕО-да батысеуропалық интеграциясының тереңдеу үрдісіне басым көңіл бөлінді. 1990 жылы Германияның бірігуі және ЕО-ға, сонымен қатар НАТО-ға Германияның автоматты түрде енуі қауіпсіздіктің батысеуропалық жүйесін күшейтуге жағдай туғызды. 1992-1993 жж. Маастрихт келісімінің қол қойылу және ратификациялау қиын үрдісі жүріп жатты, бұл Еуропалық қауымдастықтың дамуында жаңа этап болып, осы уақыттан Еуропалық Одақ болып атала бастады. Шығыс Еуропа елдерінің ЕО-ның бұл үрдісіне қосылуы, ұйымның

сәтті тереңдеу үрдісіне кедергі жасауы мүмкін еді. Еуропалық Одақ реформатор елдерге бағытталған Батыс көмегіне және көмек керсету бағдарламаларын жасауға баса көңіл бөлді, олар негізінен гуманитарлық көмек, сауда және кеден шегерімдері, макроэкономикалық тұрақтылық сияқты компоненттерді қамтыды. 1988 жылдан 1993 жылға дейін реформатор елдермен қол қойылған сауда және ынтымақтастық келісімдері негізінен экономикалық ынтымақтастыққа бағытталған болды. Бұлар «бірінші жеткіншектер келісімдері» деп аталды. Басты мақсаты ортақ мүдде салаларында «белгілі тұтас даму және сауда-саяси экономикалық ынтымақтастықты дамыту» болды.

Мағынасына, сипатына қарай жалпы бұл келісімдер шектеулі сипатта болғанын айта кету керек. Біріншіден, олар белгіленген уақытқа дейін келісілді, ал ұзарту туралы келісімге қайта оралудың қажеттілігі, әсіресе шетел инвесторлары үшін қарым-қатынастың тұрақсыздығын білдірді. Екіншіден, Ломе мемлекеттерімен салыстырғанда ОШЕ мемлекеттері ЕО-ның үшінші елдермен қарым-қатынасының жалпы иерархиясында әлдеқайда төменгі шепке қойылды. Сауда және ынтымақтастық келісімі Орталық және Шығыс Еуропадағы өзгерістерге ad-hoc реакция ретінде болды. Еуропалық Одақ Еуропадағы күтпеген геосаяси өзгерістерге дайын емес еді және реформатор елдерге қолдау көрсететін бағытты стратегиясы немесе жана құралдары болмады.

Сол уақытта Өзара Экономикалық Көмек (ӨЭК) және Варшавалық Келісім Ұйымының (ВКУ) құлауынан соң саяси және экономикалық жағынан Батысқа бағытталған реформатор елдер ЕО-ға интеграциялық құлшынысын айқын білдірді. ЕО-ның Шығысқа кеңею мүмкіндігі батыс ғылыми әдебиеттерінде 1990 жылдардан бастап талқылана бастады. Басты көңіл, біріншіден, жалпыеуропалық көлемде тиімді болатын ынтымақтастыққа бөлінді. ЕО және Еуропалық еркін сауда ассоциациясы (ЕЕСА) бұрынғы ӨЭК елдерінің де қосылу шартында Еуропада ынтымақтасатын аймақтарды тартатын орталық ретінде қарастырылды. 1993 жылы ақпан-сәуірде ЕО-мен басталынған ЕЕСА елдерінің қосылуы туралы келісімдер Жалпыеуропалық біріккен экономикалық кеңіс-тіккі кұрудың мүмкіндігін жоғалтты.

Алғашқыдағы Еуропалық Одақпен жүргізілген ОШЕ елдерінің ЕО-ға қосылуының шешімін ұзаққа шегіндіру тактикасы жақын болашақта кеңеюмен байланысты көбейетін шығыннан қашу мен ЕО-ның мүше мемлекеттері арасында табыс пен шығынды бөлу саясатында статус-квоны сақтап қалумен негізделді. Еуропалық Одақ мүше мемлекеттер позициясынан қарасақ, ОШЕ елдеріндегі трансформациялық үрдіске көмекті жүзеге асыру ұзақ уақытқа созылса да жаңа мүше мемлекеттерге арналған трансферттік төлемдер секілді қаржы алпауыты болмас еді. Альтернатива ретінде ЕО мен реформатор елдер арасында қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту бірнеше варианттың мүмкіндігін ашты: толық емес мүшеліктен Ортақеуропалық конфедерация құру мүмкіндігіне дейін. Бірақ та жоғарыда көрсетілген варианттардың бірде-біреуі толық мүшелікті білдірмеді: тек тиімді ынтымақтастық және секторлы байланыс, ең алдымен сауда интеграциясы. Мұндай қарым-қатынастан күтетін жайт ЕО мен көрші елдер арасында шекаралас елдер арасында шекараның

ашылуы болар еді. Ал ЕО-ның институционалдық құрылымы, ең алдымен шешім қабылдау үрдісі өзгермей қалар еді.

90 жылдар басында ОШЕ елдеріне байланысты ұзақ мерзімді стратегия ойластырылмағанымен, Еуропалық Одақ Шығыс Еуропа елдерін өзара топтарға бөлді. ОШЕ елдеріне қатысты деңгейлі келісім саясаты қолданылды, ол уақытты үнемдеу, кезекті әрекеттерді, қатысушылар тобын және әр түрлі бұрынғы социалистік блок елдерінің болашағын анықтауға жағдай жасады. 1991 жылы үш мемлекетпен Еуропалық келісімдерге қол қойылды: Венгрия, Польша және Чехословакия. Осылай, орталық еуропалық елдер ЕО-ның реформатор елдермен қарым-қатынас иерархиясында бірінші орынға қойылды. Еуропалық келісімдердің басқа да мемлекеттермен келісілу үрдісі тағы бес жылға созылды. 1996 жылы қол қойылған Словениямен Келісім бұл тұста ең соңғы шепте болды.

Еуропалық келісімдер ЕО-ның сыртқы саясатында классикалық құрал ретінде қарастырылды және ЕО мен үшінші мемлекеттер арасында ассоциациялық форманы қарастырды. Бұл келісімдер ратификацияланған соң ОШЕ елдерімен келісілген сауда және ынтымақтастық Келісімі өз күшін жойды және «екінші жеткіншектер келісімі» деп аталды. Еуропалық келісімдер тек экономикалық мәселелерді қарастырып қоймай, құқықтық мәселелерді қарастырды. Бұл ЕО мен ОШЕ елдері арасында саяси диалогқа, экономика, ғылым және техникалық облыста кең ауқымды ынтымақтастыққа негіз болды. Бұл келісімдер мақсаты, біріншіден, он жыл көлемінде еркін сауда зонасын құру болды. Еуропалық келісімдер ЕО-дан кейбір облыста кейбір мүше-мемлекеттер мүддесін қорғау мен ОШЕ мемлекеттеріне нарықты ашу қажеттілігі арасында теңестіруді табуды талап етті. Бұл жәйт «сезімтал» өнімдерге (көмір, болат, тоқыма) және ауылшаруашылық өнімдеріне байланысты қиындықтар туғызды.

Солай бола тұра, Еуропалық келісімдер бас кезінде кеңеюдің не алдыңғы шебі ретінде, не жалпыеуропалық саяси және экономикалық кеңістік құраудың жалпы концепциясының бөлігі ретінде ойластырылмаған болатын. Еуропалық келісімдер мүше болудың алдындағы ең соңғы текпешек, бірақ мүше болуға қойылған талаптардың пайда болуына негіз болған жоқ. ОШК елдерімен қол қойылған Еуропалық келісімдер кіріспесінде соңғы мақсат ретінде ЕО-ға мүшелік деп анықталған. Бірақ оның мерзімі, мүшелікке қойылатын арнайы талаптар анықталмады. Сонымен қатар Еуропалық келісімдер ОШЕ мемлекеттері талап еткен қосымша қаржы протоколын қарастырмады. Ол осы келісімнің мақсатын жүзеге асыруда басты қаржы негізіне айналу керек болатын. Реформатор елдер Еуропалық келісімдер мәнін сапалы көтеруді талап етті. Өздерін басқа трансформациялық елдермен салыстырғанда жоғары деңгейге қоюға әкелген ассоциациялық мүше деңгейінен тек ЕО-ға мүше болуға деген құштарлыққа жетуде мәжбүр еткен өтпелі кезенді көрді.

1993 жылы 21-22 маусымда Еуропалық Кеңестің Копенгагендегі саммитінде "егер ассоциацияланған Оңтүстік және Шығыс Еуропа елдері мүшелік болуға байланысты экономикалық және саяси талаптарды орындаған

жағдайда Одаққа мүше бола алатыны" жайлы тарихи серт берілді. Онда Комиссияның баяндама негізінде ассоциацияланған мемлекеттермен қарым-қатынасында оның жаңа шеңберлері анықталды. Еуропалық Одақ (алғашында Еуропалық Қауымдастық кезінде) мүше болуға қойылатын талаптарды орындаған барлық еуропалық мемлекеттерге әрқашанда есігінің ашықтығын мәлімдеді. Осының негізінде Кеңес 1993 жылы бірінші рет коммюникеде ресми түрде ОШЕ елдерінің "Мүше болуға арналған Копенгаген критерийлері" деп аталатын бірқатар талаптарды орындаған жағдайда ЕО-ға мүше болу құқын жариялады. Бұл критерийлер төмендегі белгілерімен анықталады:

- демократияға, құқықтық тәртіпке кепілдік беретін тұрақты институттар құрған, адам және азшылық құқықтарын толықтай орындаған;
- Одақтың нарықтық күш әрекетімен және бәсекелестігімен бәсекелесе алатын;
- Экономикалық және валюталық одақты құру талаптарын орындау арқылы мүшеліктің міндеттерін өз мойнына алуға мүмкіндігі бар мемлекет ЕО-ға мүше бола алады.

Соңғы талап ЕО-ның жұмыс істеп тұрған заңшығару базасын, әкімшіліктік және құқықтық құрылымын мойындауды және ұлттық заңшығару нормативтік-құқықтық базасына қажетті шарттарды енгізу керектігін білдіреді. Еуропалық келісімдерді жүзеге асыру процедурасы-мүшелікке өтініштен мүше болу туралы келісімдерге дейін тәжірибе жүзінде едәуір күрделі үрдіс. Мүше болудың құқықтық шеңбері Еуропалық Одақ туралы Келісімнің 49-бабында анықталған: ЕО-ға мүше болғысы келетін еуропалық мемлекет Еуропалық кеңеске мүше болуға өтінішін жібереді. Бұл біржақты декларациядан кез келген уақытта жіберуші мемлекет ратификацияға дейін бас тарта алады. Еуропалық комиссия тыңдауынан соң және Еуропалық парламент жаңа мүше мемлекеттерді қабылдау шешімін парламенттік көпшілікпен шешім қабылдап, қолдау көрсеткен соң, Еуропалық кеңес бір ауыздан үміткер мемлекеттермен мүше болу туралы келісімді бастау керектігі немесе керек еместігі туралы шешім қабылдайды. Егер мүше болуға рұқсат етілсе, Еуропалық кеңес Еуропалық комиссиямен кеңесе отырып, тиісінше үміткер мемлекетпен келісімді бастайды. Мүше болу шарты және еуропалық келісімдерге қажетті өзгерістер ЕО мен үміткер мемлекеттер арасында жүргізілген келісіммен реттеледі. ОШЕ елдеріне қатысты бұл барлық қол қоятын мемлекеттердің ішкі заңшығару жүйесіне байланысты сол елдердің барлығымен ратификациялануды талап ететін Еуропалық келісімдер болып табылады.

1990жылдың басында бұл елдер интеграцияның жаңа кезеңіне көшті. Еуропалық Кеңестің 1991 жылдың 9-10желтоқсанда өткен сессияның қорытындысында Еуропалық Одақ келісім шартының жаңа проектісі жасалды(Маастрихт келісім-шарты). Бұл жаңа Еуропалық Одақ келісіміне 1992жылы 7-ақпанда қол қойылып, заңдық күшіне 1993 жылы 7 қарашада енді.1992жылы "Ортақ Еуропалық Экономикалық Аймақ" құрылды. 1993жылы Еуроодаққа кіретін 8 ел "Шенген" келісім-шартына қол қойды."Шенген" келісім шарты бойынша осы елдердің азаматтары шекарада еркін өтіп, сонымен қаржы айналымын еркін іске асыра алады. Сондай-ақ білім және қызмет

көрсету саласында да тең құқықтар енгізілді. Ауылшаруашылық және өнеркәсіп өнімдеріне бірінғай сұраныстар мен стандарттар қойылды. Еуропалық Одақтың қалыптасуы және қызметтелу принциптерін мына жағдайлардан көруге болады:

- Интеграцияның еркіндігі;
- Саясаттың емес экономиканың үстемдік етуі, шаруашылықтың алғы шарттары үшін интеграция жолымен жүру ;
- Күшті ұлттық және жоғарғы органдардың болуы;
- Қабылданған келісім-шарттардың заңдар мен шешімдердің атқарылуын қатал бақылау нәтижелі сот билігі;
- Интеграциялық экономиканың бір типтілігі, одақтасудың дамыған инфрақұрылымның болуы;
- Үшінші сатыдағы елдерге қатысты жұмсақ саясат. Интеграциялық үрдістердің көп варианттылығы;

1994-1997 жылдары Еуропалық Одақтың шығыс интеграциялық саясатының қалыптасуы жүрді. 1994 жылы желтоқсанда болған Еуропалық кеңестің Эссендегі саммитінде жақындасу стратегиясы қабылданады, оның басты элементтері болып құрылымдық диалог, Еуропалық келісімдер, Фаре бағдарламасы және Ақ кітап, сонымен бірге жалпыодақтық бағдарламаларға қатысу көрсетіледі.

Құрылымдық диалог консультативті сипатта болды. ЕО-ға мүше болуға дайындаудың саяси инструменті ретінде ойластырылған ол дайындау жағдайында қарым-қатынасты тиімді басқаруды қамтамасыз ете алмады. 1995 жылы Еуропалық комиссиямен шығарылған ОШЕ-нің ассоциацияланған мемлекеттерін ЕО-ның Ортақ нарығына интеграцияға дайындау туралы Ақ кітап үміткер мемлекеттердің бәсекелестік, тұтынушылар құқын қорғау, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік қорғау облыстарын құқықтық және құрылымдық адаптациялануына бағытталды. Жалпы адаптациялық шаралар 23 секторға бөлінді. Ақ кітаппен көрсетілген жайттар Еуропалық келісімдерге қарағанда үміткер мемлекеттер үшін міндетті емес еді. Ақ кітап үміткер мемлекеттер үшін ЕО-ның тәжірибесін қабылдау мен жүзеге асыруда көмек құралына айналуы тиіс еді. Бірақ үміткер мемлекеттерден мүше мемлекеттердің өзімен орындалмаған құқықтық жайттарды орындау талап етілді, үміткер мемлекеттер Ұлыбритания мен Дания мемлекеттерінің рұқсат етілгендей арнайы салаларға (әлеуметтік протоколға, Шенген келісіміне қосылмауы) қатыспау мүмкіндігіне кепіл беру қарастырылмады.

Еуропалық кеңестің Мадридтегі отырысында (1995 жылы желтоқсанында) үміткер мемлекеттермен алты айдан соң белгіленген 1996 жылы болатын үкіметтік конферециядан соң мүше болу туралы келісімді бастау туралы шешім қабылданды. Еуропалық комиссия кеңенің геосаяси салдары жайлы «XXI ғ. арналған күн тәртібі» атты аралық баяндама ұсынды. Баяндамада кеңенің туатын мынадай мәселелер қарастырылды: жаңа ұйымдағы еуропалық қауіпсіздік архитектурасы мәселелері, кеңенің тыс жатқан мемлекеттермен, яғни Ресей, Украина, Түркия және Жерорта теңізі елдерімен «басталынған

диалог, ынтымақтастық және серіктестік саясатын» әрекеттендіру. ЕО-ның мүше мемлекеттерінің әр түрлі геосаяси мүдделерін ескере отырып, Шығысқа қарай кеңею ЕО-ның Жерорта теңізі аймағында әрекетінің күшеюін теңестіру қажет еді.

ЕО-ның 1997 жылы маусымда болған Үкіметтік конференциясында қол қойылған Амстердам келісімінде ЕО-ның институционалдық реформалау мәселесі шешілмеді, оның шешілуінен ЕО-ның кеңеюі тікелей байланысты болды. 1997 жылы шілдеде Еуропалық комиссия үш бөлімнен тұратын «2000 жылға арналған күн тәртібін» шығарады. Оның біреуінде ЕО-ның кеңеюі мәселесі қарастырылады және 1995 жылы Мадрид саммитінің тапсырмасымен Еуропалық миссиямен құралған үміткер мемлекеттерге арналған кеңестер қарастырылды, оған ОШЕ елдерінің мүше болу талаптарын орындалу шындығы негіз болды.

«2000 жылға арналған күн тәртібінде» Еуропалық комиссиямен қарастырылған кеңестер Еуропалық кеңестің 1997 жылы Люксембургтегі отырысында қолдау тапты Кеңес ОШЕ бес үміткер мемлекетінің мүше болу келісімінің басталуы туралы шешім қабылдады, ол Эстония, Польша, Чехия, Словения және Венгрияны («Люксембург тобы» елдері) қамтыды. Шешім негізі ретінде «үрдістік үлгі» болды, ол бойынша мүше болу туралы келісімді жүргізу ОШЕ он елінің арасында бірте-бірте жүргізудің градациясы жүргізілді. Бірақ келісімдердің бітіру мерзімі және үміткер мемлекеттердің «Люксембург тобымен» мүше болу туралы келісімге қол қою белгіленбеді, ол жағдай басқа үміткер мемлекеттерге тән жағдайда келіссөздер үрдісіне қосылуына жол ашты. Осылайша, Еуропалық кеңес Еуропалық комиссияға Болгария, Румыния, Словакия, Литва және Латвиямен мүше болу туралы дайындық шараларын үдейту құзіретін берді. Бұл елдерде экономикалық реформалар жүргізу үшін Фаре бағдарламасы көлемінде қосымша 100 млн. евро көлемінде қаржы бөлінді.

Соңғы кезең, яғни 1998-2004 жылдары ЕО-ға үміткер мемлекеттердің мүше болу мерзіміне қатысты келіссөздер үрдісінің басталуымен, сонымен қатар кеңеюдің жаңа елеулі деңгейге өту үрдісімен сипатталады. Люксембург саммитінің шешімін жүзеге асыруда жақындасу стратегиясы жаңа элемент «Мүше болу үшін серіктестікпен» (МБС) толықтырылып, Жақындасу стратегиясының үдеуі деп аталды. 1998 жылы 25 наурызда Еуропалық кеңес әр 10 үміткер мемлекетке арнайы жасалған «Мүше болу үшін серіктестік» бағдарламасын қолдады. «Мүше болу үшін серіктестік» бағдарламасының мақсаты ауқымды және белгілі мерзімде ЕО басшылығымен мүше болуға дайындық үрдісін құрылымдады. ЕО тарапынан үшінші елдерге әрекет ету мүмкіндігінің болуына қарамастан «МБС» бағдарламасы не ЕО-да, не үміткер мемлекеттерде талқылаулар туғызған жоқ.

Еуропалық комиссия «МБС» бағдарламасын өзгертуге құқы бар екенін айта кету керек, бұл құжат үміткер мемлекеттермен қол қойылмағандықтан бағдарламаның құқықтық деңгейі осы мемлекеттерге байланысты анықталмаған.

«Мүше болу үшін серіктестікте» бекітілген мақсаттар ЕО-ның тәжірибесін қабылдау Ұлттық бағдарламаларында және мақсаттарды жүзеге асыру жоспарында анықталған. Алғашқы Ұлттық бағдарламалар үміткер мемлекеттермен Еуропалық комиссияға 1998 жылы мамырда ұсынылды. Бағдарламаларда қатысатын персонал саны туралы, басымдылықтарды жүзеге асыруда қолданатын құралдардың көлемі туралы мәліметтер қарастырылған. Фаре бойынша бөлінетін қаржыны әр шараны жүзеге асыруда бөлуде Еуропалық Одақ белгілі басымдылықтарға, санкция (бұл шара ешқашан қолданылған емес) қолдануда да әсер ете алды.

1998 жылы 30 наурызындағы Люксембург шешіміне сәйкес Лондонда ОШЕ елдерінің ЕО-ға мүше болу туралы келіссөздер үрдісі салтанатты түрде ашылды, оның басты элементтері төмендегідей сипатта болды:

1. «15+11» ЕО-ның барлық қызметі бойынша мәселелерді талқылайтын және құрылымдық диалогы алмастырған көпжақты кездесулер;
2. Барлық он үміткер мемлекет бойынша мәлімет жинау (screening), бұл жерде бірінші толқын үміткерлері аналитикалық тексерулерді тезірек және екіжақты негізде жүргізсе, екінші толқындағы елдер баяуырақ, көпжақты деңгейде жүргізілуі тиіс болды;
3. Еуропалық комиссияның үміткер мемлекеттердің жетістігі жайлы, Еуропалық кеңестің мүше болу туралы келіссөздерді бастауға байланысты кеңестері жайлы жыл сайынғы баяндамасы;
4. Қаржылық құралдарды күшейту және «Мүше болу үшін серіктестік» бағдарламасын енгізу арқылы ЕО мен үміткер мемлекеттердің жақындасуына көмекті ұлғайту;

Келіссөздер мүше болу туралы үкіметаралық конференция түрінде, негізінен үміткер мемлекеттердің сыртқы істер министрлер орынбасары деңгейінде өткізілді. ЕО тарапынан ЕО-ның Комитет мүшелерінің тұрақты өкілдері қатысты. ЕО-ның заңи-құқықтық негізі *acquis* және транспаренттілігіне байланысты қарапайым (білім, туризм) немесе күрделі (Ортақ нарық, Ортақ аграрлы саясат, юстиция және ішкі істер облысында) келіссөздерді талап ететін 31 бөлімге бөлінді. Келіссөздерге дейін болашақта кездесетін мәселелерді анықтау үшін *acquis* аналитикалық талдау жүргізіледі. Еуропалық комиссия үміткер мемлекеттермен екі немесе көпжақты отырыстарда кейбір сфераларда ЕО-ның әрекет ететін заңи-құқықтық базасын қолдану және жүзеге асыру талап етілетін талаптар анықтады. Жалпы, ЕО мен үміткер мемлекеттер келіскен жағдайларда да ол тек алдын ала келісілген деп түсініледі және тек келіссөздер үрдісінен соң ғана бір пакет ретінде қабылданды. Осыдан соң Еуропалық Одақ туралы келісімнің екінші бөлімінің 49 бабы бойынша, мүше болудың дәйекті шарттарын бекітетін ЕО мен үміткер мемлекет арасында мүше болу туралы келісімге қол қойылуы тиіс еді.

1999 жылдың аяғына дейін үміткер мемлекеттердің бірінші толқынымен келіссөздер тек техникалық стадияда болды. 1999 жылдың желтоқсанына дейін 31 бөлімнің 23-і ашылып, оның ішінен алдын ала Эстониямен сегізі, Польшамен, Венгриямен, Словениямен тоғызы және Чехиямен оны жабылды.

Үміткер мемлекеттер мүше болуға қатысты конференциялар өте баяу, алдын ала шешілген позициямен жүргенін сынға алды. ЕО өзін келіссөздерде 15 мүше мемлекеттің алдын ала белгіленген позициясымен әрекет етіп, іс жүзінде позиция өзгеруіне, төтенше жауапқа еркіндік әрекетінің жоқтығын айқындатып, өте қиын серіктес екенін көрсетті.

Косово шиеленісі ЕО-ның кеңею саясатын қайта қарастыруға алып келді. Еуропалық комиссия бұл кеңеюді Еуропада бостандық пен қауіпсіздік, демократия және құқықтық мемлекет, экономикалық өсу және өмірдің жақсаруына жол ашатын ең сай келетін құрал деп жариялады. Косоводағы соғыс уақытша ұмытылып кеткен кеңеюдің саяси және стратегиялық құлшынысын оятты. Ол ОШЕ-нің барлық он үміткер мемлекетімен мүше болу туралы келіссөздердің үрдісіне тез қозғалыс берді, ол туралы шешім 1999 жылы желтоқсанда Хельсинкиде болған Еуропалық кеңестің саммитінде қабылданды. Осылай, барлық он үміткер мемлекет мүше болудың саяси талаптарын орындағандықтан, мүше болу туралы келіссөздер үрдісіне қосылды. Екі топқа бөлу алынып тасталып, ЕО-ға мүше болу тек үміткер мемлекеттердің барлық мүше болу талаптарын орындай алуына байланысты болды. Бірақ Хельсинки шешімінде де келіссөздер үрдісінің аяқталуының тура мерзімі анықталмады, тек Еуропалық Одақ тарапынан жаңа мүше мемлекеттерді 2002 жылдың аяғына дейін қабылдауға дайын болатынына уәде берілді.

Кеңеюге барар жолда сәттілік Еуропалық кеңестің 2000 жылы болған Ниццедегі саммитінде болды. Ниццедегі келісім ЕО-ның мүше мемлекеттері санының 15-тен 27-ге өсу мүмкіндігіне байланысты кең ауқымды институционалдық реформаларды қарастырды. Ал дәлірек, Еуропалық комиссияның, Еуропалық кеңестің, Еуропарламенттің реформалауы, Еуропалық кеңестің шешім қабылдау құзыретінің кеңеюі, әр түрлі мемлекетаралық процедуралардың қарапайымдалуы қарастырылды. Бірақ сол кездегі Еуропалық комиссияның төрағасы Р. Проди Ниццедегі саммит қорытындысын «жартылай қанағаттанарлық» деп атады. Оның ойынша, ЕО шеңберіндегі келіссөздер тәсілі плюралистік кейіпте болуы тиіс. Сонымен қатар кеңейетін ЕО-ның көрші мемлекеттерді де қосуды көздейтін аймақтық серіктестікті ұйымдастыру қажет.

Институционалдық реформаларды көздегенімен Ницце келісімі ЕО-25 өмір сүре алуын қамтамасыз ететін процедураларды қарастырмады. Ницце келісімінің ратификациялануы 2002 жылдың аяғына дейін созылып кетті. Ирландия 2001 ж. референдумда ратификацияға қарсы дауыс берді. Бұл жағдай белгіленген уақыттағы кеңеюге қатер төндірді, себебі 2002 жылдың аяғына дейін алда келе жатқан үміткер мемлекеттермен келіссөздерді аяқтау жоспарланған болатын. Ирландияда қайта референдум 2002 ж. қазан айына Еурокеңестің желтоқсанда болатын Копенгаген саммитіне қарсы белгіленген болатын. Бұл жолы Ирландия «ия» деп дауыс берді, бірақ ол үшін ұлттық саясаткерлер, ЕО өкілдері тарапынан кең ауқымды идеологиялық үгіттеу қызметі жүргізілді.

ЕО мен үміткер мемлекеттер арасындағы 2002 ж. желтоқсанда Копенгагенде

болған қиын және ұзақ келіссөздер нәтижесі «бұрын соңды болмаған тарихи оқиға» - ОШЕ-нің сегіз мемлекетімен - Польша, Чехия, Венгрия, Словения, Эстония, Латвия, Литва және Словакия - мүше болу туралы келіссөздердің аяқталуы туралы шешім болды. Мүше болу туралы келісімді ратификациялау үрдісі толассыз жалғасса, бұл мемлекеттер 2004 жылдың 1 мамыр айында ЕО-ның толыққанды мүшесі болатыны жорамалданды. 2003 ж. ақпанда Еуропалық комиссияға мүше болу келісімі туралы соңғы кеңесті ұсынды. Оны Еуропарламент көпшілік дауыспен қолдап, Еурокеңес біржакты шешім қабылдады. Осыдан соң мүше болу туралы келісімге Еуропалық кеңестің саммитінде қол қойылды. Келісімге қол қою 2003 жылдың 16 сәуірінде Афин қаласында Еурокеңестің отырысында болды. Осыдан соң келісім ЕО-ның 15 мүше мемлекетімен және үміткер мемлекеттермен ратификацияланды.

ЕО-ға мүше болған соң ОШЕ мемлекеттері бірден толығымен мүше болған жоқ екенін айта кету керек. Мүше болу туралы келісімде өтпелі кезеңді енгізу жорамалданды. Ол келісімнің жарты бөлімін шамамен 250 өзгертпелер қамтылы. Әсіресе қоршаған орта (48 ережелер), салық, ауыл-шаруашылық және көлік сияқты бөлімдерде өтпелі ережелер көп. Ұзағырақ өтпелі кезеңдер қоршаған орта салаларында (кейбір жағдайда 2015 жылға дейін), сонымен қатар жаңа мүше мемлекеттер азаматтарымен жер сатып алу үшін (7-12 жыл) қарастырылды.

Демократиялық даму жолын таңдаған ОШЕ елдері еуропалық мемлекеттердің интеграциялық үрдісіне қосылу мүддесін білдірді. Жаңа мемлекеттерді қабылдау өте қиын және ұзақ үрдіс екеніне карамастан Еуропалық Одақ жаңа үміткерлердің бетін қайтармады. Интеграцияның кеңеюі оның стратегиясының бағыты болып табылады. 2003 жылы 16 сәуірде Афина қаласында ЕО-ға он жаңа мемлекет қабылдау туралы ресми құжатқа қол қойылып, 2004 жылы 1 мамырында олар (Венгрия, Кипр, Латвия, Литва, Мальта, Польша, Словения және Чехия) толыққанды мүше болды. Ал 2007 жылы 1 қаңтарда Румыния және Болгария мүше болды. Бұл оқиға белгіленген талаптарға үміткер мемлекеттердің сай келуі туралы, ұлттық заңшығару жүйесіне еуропалық заң, норма, ережелерді енгізуді қамтыған он жылға созылған қиын келіссөз үрдісін аяқтады және осымен бірге олардың әмірінде жаңа кезеңнің басталғанын білдірді.

2.3 Еуропалық Одақ шеңберіндегі саяси интеграциялық мәселелер.

Қарқынды экономикалық даму көрінісі жанында Евроодақтың саяси сферадағы интеграциясы баяу жүруде. Дегенмен, Брюссель осы сферадағы интеграциялық процеске қолдау көрсетудің белсенді әрекеттеріне талпынуда. Саяси интеграцияның тереңдеуі.

Саяси интеграцияны тереңдете түсу процесі Евроодақтың дамуындағы анық көрінетін үрдіс болмағанымен, осы бағытта Евроодақты одан әрі дамыта түсудегі ең амбициялық мақсаттар мен міндеттер қойылып, белсенді әрекеттер жасалуда. Осы ретте саяси одақ ретіндегі Евроодақтың қалыптасуындағы он

жылдық кезеңінде бірлестіктің дамуында жетістіктер де, сонымен қатар келеңсіз сәттердің болғандығын айта кету керек.

Доктриналық тұғыр. Саяси сферадағы интеграциялануға талпыну Евроодақта экономикалық қоғамдастықтың қалыптасуының бастапқы уақытынан-ақ жасалынды. Ол кезде саяси одақ, ортақ сыртқы саясат және тіпті ортақ қорғаныс саясаты концепциялары ұсынылғанымен, осы ұсыныстардың барлығы сол уақыттың объективті жағдайларына сәйкес келмеді және қоғамдастықтың барлық мүшелері тарапынан қажетті қолдауды таба алмады. Аталмыш процесс Маастрихт қаласында 1992 жылы 7 ақпанда европалық интеграцияланудың үш басты бағытын белгілеген Европалық Одақ туралы келісім шарттан кейін шынайы көрініске ие болды:

1. Экономикалық интеграция

2. Ортақ сыртқы саясат және қауіпсіздік саласындағы саясат

3. Юстиция және ішкі істер саласындағы ынтымақтастық

Міне осы үш тұғыр Евроодақтың интеграциялану процесінің негізі болып табылады, және осы орайда сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласындағы саясат ең амбициялық тұғыр болып табылады.

Мәселен, келісім шарт бойынша, Евроодақтың негізгі мақсаты «... бірдей дипломатия мен қауіпсіздік саясатын жүргізе отырып, халықаралық аренадағы өз рөлін ойнау» болып табылады.

Келісім шарттың 11 бабы Ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздіктің – ОССҚ- бес негізгі принципін бөліп көрсетті:

- Одақтың ортақ құндылықтары мен негізгі принциптерін қорғау;
 - Одақ қауіпсіздігін нығайту;
 - бейбітшілікті сақтау және халықаралық қауіпсіздікті нығайту;
 - халықаралық ынтымақтастыққа қолғабыс ету;
 - емократия мен заң үстемдігі, адам құқығы құндылықтарын дамыту.
- Маастрих келісім шарты ОССҚ-ның келесідей екі басты құралын анықтады:
- ортақ позициялар: мүше – мемлекеттер қандай да бір нақты мәселе бойынша өзінің ұлттық саясатын Одақ позициясына сәйкес жүргізуге міндеттеме алады;
 - ОССҚ – ның басшылығымен мүше-мемлекеттердің қолданатын бірлескен әрекеттері.

1999 жылы Евроодақтың саясат сферасындағы мүмкіндіктерін айтарлықтай күшейте түскен Амстердам шартына қол қойылды. Осыған дейін болған сыртқы саясаттың құралына тағы бір құрал қосылды – бұл біртұтас стратегияны жасақтау мүмкіндігі. Мәселен, шартқа сәйкес, Европалық Кеңес осы Одаққа мүше-мемлекеттердің ортақ мүдделері бар елдер мен аймақтарға қатынаста бірдей стратегия қабылдайды. Осындай қысқа мерзім ішінде Евроодақ Ресейге, Украинаға және Жерорта теңізі аймағына қатынаста біртұтас стратегияны жасақтады.

Құқықтық тұғыр. Соңғы уақытта Евроодақта құқықтық негіздерді реформалауға белсенді әрекеттер жасалуда және соның нәтижесінде үстіміздегі жылдың 17-18 маусымында өткен Брюссель саммитінде ұйымның тарихында бірінші рет біртұтас Европалық Одақ Конституциясы қабылданды. Аталмыш

құжат оларға қол қою осыған дейін стандартталған халықаралық-құқықтық процедуралар шеңберінде өткен, ұйымда жұмыс атқарып отырған құрылтайшылық құжаттарды алмастырудан туындады. Соңғысы классикалық тұрғыдағы халықаралық ұйымдарға тән, алайда күннен-күнге Евроодақтың ерекше «квазифедеративті» табиғатымен келіспей отыр.

Саяси қатынаста Конституциялық шарттың қабылдануы саяси интеграцияны тереңдету жолындағы маңызды қадам болуы тиіс, және Рим декларациясында көрсетілгендей Европаны одан сайын «біріккен, ашық және демократиялық» қыла түсуге шақырады. Европалық елдердің саяси бірігуі Европаны біріктіре түсуге және оның бірегейлігін нығайта түсуге мақсатталған. Институционалдық тұғыр. Азаматтармен тікелей сайланатын Европалық парламент, мүше-елдердің үкіметтерін көресететін Европалық Кеңес, атқарушы орган болып табылатын Европалық Комиссия, және басқа да заңды ұлттықтан жоғары органдар ретіндегі европалық билік органдары жүйесінің негізгі институттарының өмір сүруі мен қызмет атқаруы саяси интеграция үшін жақсы институционалдық тұғырдың бар екеніне дәлел бола алады. Оның үстіне, Евроодақ ортақ конституциясы, қарулы күштері мен іс жүзіндегі біртұтас жоғары билік – Европа президенті бар федерацияға өтуді жоспарлап отыр. Алайда, қоғамдастықтың саяси дамуында бірқатар кемшіліктер де бар.

- Саяси шешімдерді қабылдау процесіне қанағаттандырарлық парламенттік бақылаудың жоқтығы.

Егер, 1950 жылдың бас кезінен бастап, интеграциялық процестердің нәтижесінде атқарушылық компетенцияларын ұлттық деңгейден Евроодақ деңгейіне беру орын алған болса, ал ұлттық парламенттерден Европарламентке парламенттік есеп беруге өту алға баспай отыр. Европалық парламенттің проблемасының өзі сонда, кез-келген мүше-мемлекеттің өзінің ұлттық үкіметіне қатынаста атқарушы биліктің үстінен бақылау жасайтындай өкілеттілігі жоқ. Мәселен, Европарламент Комиссияның жеке мүшесін жұмыстан босата алмайды – осы ретте іс жүзінде оның Комиссияны толық құрамында жұмыстан босатуға құқығы бар.

- Евроодақ институттарының жеткіліксіз ашықтығы мен легитимділігі.

Мәселен, сайлаушылардың евросайлауларға келуінің төмен деңгейімен байланысты Европарламент өзіне қатынастағы төмен сенімнен және легитимділіктің жеткіліксіздігінен зардап тартады.

Евроодақтың көптеген азаматтарында Евроодақтың мандаты мен жауапкершілік сферасы туралы ескі, тіпті қате түсінік қалыптасқан. Бір жағынан, Евроодақта қабылданған бюрократиялық ереже мен технократтық тілді қарапайым, арнайы дайындалмаған адамдардың шынында да түсінуі қиын. Ал екінші жағынан, Евроодақты ұлттық азаматтар үшін ашық және жақындата түсу үшін ұлттық білім және ақпарат құралдары жүйелері аса құлықтық таныта қоймайды.

- Интеграциялық бірлестік деңгейінде лайықты есеп беру жүйесінің, сонымен қатар азаматтарды саясатқа тарту тетіктерінің жоқтығы.

Осы кемшіліктердің барлығы Евроодақ институттарына реформа жүргізудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Бұл мәселе евроодаққа кіретін елдердің саны жиырмадан асқан кезде және қазіргі күнде жұмыс істеп отырған шешім қабылдаудағы бірауыздылық принципін, квота бойынша басқарушы органдардағы өкілдік пен олардың қолдарында бар дауыс санын қайта қарау қажеттілігі туындаған кезде одан сайын өзекті бола түседі.

Сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласындағы саясат.

Европаның саяси консолидациялануындағы маңызды бағыттардың бірі ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру болып табылады. Бұл салада Брюссель өзінің алдына бірқатар стратегиялық міндеттерді қойып отыр.

Біріншіден, әлемде үлкен салмағы бар тұрақты Европаны құру ең маңызды міндет болып табылады. Балкандағы соғыстар, Шешенстандағы тұрақсыздық бүкіл Европадағы бейбітшілікке, демократия мен адам құқығын сақтауға қолдау көрсетудің қажеттілігін көрсетеді. Осы ретте Евроодақтың кеңеюі Европаның экономикалық қуатын күшейтуге ғана емес, сонымен бірге Европадағы жікке бөлінушілік дәуіріне соңғы нүкте қою мақсатынан туындайды.

Екіншіден, Евроодақтың сыртқы саясаты әлемдік экономикадағы өзінің экономикалық салмағын күшейте түсуге бағытталған. Әлемдегі ең ірі сауда серіктесі ретінде Евроодақ өзінің әлемдегі бәсекелесуге қабілеттілігін сақтап қалуға ұмтылады, және бір мезгілде әсіресе дамушы елдерге пайда алып келуі тиіс халықаралық сауда ережелерін одан әрі либерализациялау жолы арқылы әлемдік коммерцияның дамуына қолдау көрсетеді.

Үшіншіден, Евроодақ өз позициясын оның өмірлік мүдделері қауіп астында тұрған және дағдарысты ситуацияларда тиімді үн қататын күш көрсету шараларын пайдалану мүмкіндігін нығайтуға ұмтылады. Егер кешеге дейін Евроодақ сыртқы саясатты дипломатиялық, экономикалық және коммерциялық салаларда жемісті жүзеге асырып келген болса, енді Одақ гуманитарлық және бітімгершілік міндеттерді орындауды да ойға алып отыр. Сондықтан, Ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясатының шеңберінде қауіпсіздік пен қорғаныстың Европалық саясаты тез қарқынмен қалыптасуда. Осы ретте, Брюссель бір мезгілде өзінің ықпал ету сферасына жақын жатқан аймақтардағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа қолдау көрсету жауапкершілігінің үлкен үлесін өз қолына алуға тілек білдіріп отыр.

Сыртқы саясат дипломатиямен, саудамен және қауіпсіздікпен шектелмейді. Одан бөлек, олардың ішіндегі көбі европа азаматтарының өміріне тікелей ықпал ететін және Евроодақтың қалған әлеммен қатынасын айқындайтын басқа да бірқатар мәселелер бар. Мәселенің дені СПИД-пен және аштықпен күресуден бастап, миграция көшкінін басқару мен есірткімен және терроризммен күресуге дейінгі аралықты қамтиды.

Әлемдегі экономикалық және саяси өзгерістер Брюсселді өзінің сыртқы саясаты мен басымдықтарын үнемі жетілдіріп отыруға мәжбүр етеді. Евроодақ бұған басқа мемлекеттермен байланысын кеңейте және тереңдете отырумен,

осындай қатынастарға экономикалық, сауда және саяси құрамдастарды енгізу жолымен қол жеткізуге тырысады.

Маастрихт келісім шарты қабылданған кезеңнен бергі уақыттар аралығында ООСҚ- ны дамыта түсу жолындағы айтарлықтай ілгері басушылықты көрсете кетуге болады.

Біріншіден, 1993 жылдан бастап Евроодақтың Министрлер Кеңесі Балканнан Шығыс Тиморға дейінгі сыртқы саясат мәселелері бойынша 70 – шақты резолюциялар қабылдады. Евроодаққа мүше елдер қабылданған резолюциялардың ережелерін ұстанады, ал төрағалық етуші ел БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдардағы Евроодақтың позициясын қорғайды.

Екіншіден, Евроодақтың көптеген елдермен ынтымақтастық туралы серіктестік қатынастары мен уағдаластықтары бар. Негізгі серіктестері Евроодақ олармен жоғары деңгейдегі кездесулерді тұрақты өткізіп тұратын АҚШ, Жапония, Ресей және Канада болып табылады.

Үшіншіден, Евроодақ гуманитарлық көмек пен қаржылық қолдау көрсететін ірі орталық ретінде белсенді әрекеттер жасайды. Евроодақтың халықаралық көмегі Африка, Кариб және Тынықмұхит аймақтары, Орталық және Шығыс Европа, посткеңестік кеңістік, Таяу Шығыс, Жерорта теңізі аймағы, Азия және Латын Америкасы елдеріне бағытталады.

Төртіншіден, Европалық Одақ өз маңайындағы және басқа да аймақтардағы қақтығыстарды шешу қабілетін нығайта түсу үшін нақты қадамдар жасауда. Мәселен, НАТО-мен ынтымақтаса отырып, қысқа мерзім ішінде бейбітшілікке қолдау көрсету және басқа да бейбіт міндеттерді орындау үшін тез қимылдайтын әскери күштерді құруды қалыптастыру көзделіп отыр. Мұндай күштер полициялық операцияны, шекараларды қорғау мен азаматтарға гуманитарлық көмек көрсетуді қамтитын Евроодақтың қазіргі күнде қолында бар мүмкіндіктерін көбейтетін болады. Осы ретте Евроодақтың таяу уақытта қауіпсіздік сферасында жасаған қадамдарының арасынан Мадридтегі террористік әрекеттерден кейін терроризм бойынша ауқымды Декларацияның қабылдануын айта кету керек.

Соңында, бесіншіден, сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласындағы ортақ саясаттың қызмет ету фактісінің өзі қоғамдастықтың дамуындағы үлкен жетістік, өйткені аталмыш сфера ғана мемлекеттік тәуелсіздік үшін ең маңызды және ауыр мәселелердің бірі болып табылады.

ООСҚ шеңберінде жасалып жатқан Келісім шарттарды бекіту, ортақ стратегия қабылдау, бірлескен әрекеттерді орындау және басқа да әрекеттер, Европалық Одақтың саяси эволюцияна және Одақтың қазірдің өзінде халықаралық сферада ортақ актор ретінде шыға бастағандығын көрсетеді. Қазіргі күнде Евроодақтың саяси дамуында Одақтың әлемдік аренадағы геосаяси амбициясының күшею үрдісі анық байқалып отыр. Евроодақ біртұтас Евроопаның атынан сөйлеуге, әлемдік және аймақтық процестерге ықпал ететін халықаралық жүйенің жетекші акторы болуға ұмтылып отыр. Дегенмен Европалық Одақтың сыртқы саясаты мен қауіпсіздік саласындағы саясатын

консолидациялау мен жүзеге асыру процесінде мынадай күрделі жайттар көрініс береді.

- Қауіпсіздік саласындағы саясатты жүзеге асырудағы әскери-техникалық потенциалдың әлсіздігі
- Европалық Одақтың стратегиялық рөлінің әртүрлі түсінігі Қауіпсіздік саласындағы саясатты жүзеге асырудағы әскери-техникалық потенциалдың әлсіздігі.

Европалық қарулы күштердің дамыту Евроодақтың саяси дәрменділігін және қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін шешудегі оның үлкен дипломатиялық мүмкіндіктерін нығайтуға мақсатталған. Егер 1990 жылдардың бас кезінде, КСРО-ның ыдырауы мен тікелей әскери қауіптің жоғалуымен, дипломатияның «жұмсақ» күші халықаралық мәселелерді шешу үшін батысевропалық елдерге жеткілікті секілді болып көрінсе, кейіннен жаңа қатерлер мен тәуекелдердің пайда болғандығы белгілі болды.

Косовадағы соғыс европалық елдердің европалық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін АҚШ-тың көмегінсіз дербес шеше алмайтындығын көрсетті. Европаның әскери шығыны АҚШ – тың әскери шығынының үштен бірін құрайтын кезде, ал оның НАТО-дағы әскери күшінің жалпы салмағы 10-20% құрайтындығын ескерер болсақ, Евроодақтың әскери күш ретіндегі әлсіздігі түсінікті болады. Осы ретте, Евроодақ, күштердің жаңа ғаламдық арақатынасындағы өзінің күш полюсі ретінде қалыптасуына бұдан кейін осы тәуелділіктің тосқауылға айнала беретіндігі тұжырымына келді. Сондықтан Брюссельдің алдынан Евроодақтың мүддесі зонасында туындайтын қатерлерге тез және дербес үн қату үшін өзінің жеке қарулы күштерін құру міндеті пайда болды.

Осы мақсат 2003 жылдың соңына таман 60 мың әскерден тұратын тез қимылдайтын жалпыевропалық әскери күшті құру туралы 1998 жылдың желтоқсанында европалық елдер Сан Малода келіскен кезде қалыптасты. Осындай шешімнің қабылдануындағы басты күш Ұлыбритания мен Франция болды.

Қазіргі күнде европалық тез қимылдау күштері қалыптасу үстінде, дегенмен аталмыш идеяның қаншалықты жылдам және тиімді жүзеге асатындығы бірқатар себептерге байланысты әлі белгісіз. Біріншіден, евроодақтың қолында ауқымы мен тиімділігі бойынша американдық армиямен теңесетін ортақ европалық армияны құруға мүмкіндік беретін жеткілікті қаржылық және әскери-техникалық ресурс жоқ. Европалық елдердің бюджеттеріндегі әскери шығынды ұлғайту үшін, оның үстіне «суық» соғыс кезіндегідей тікелей әскери қауіп жоқ кезде, қоғам келісімін алу қиынға түседі.

Екіншіден, басқару принципінде және ұлттық стратегиялық мәдениетте ерекшеліктер бар. Мәселен, Франция, Нидерланды, Бельгия, Испания мен Италияның армиясы кәсіби негізде болса, Германия әлі де әскери борышты сақтағысы келеді. Сонымен қатар европалық елдердің ішінде НАТО – ға қатынаста ерекшеліктер бар. Европалық армияның құрылуы аталмыш ұйымды

алмастыру мақсатын қоймағанымен, евроодақтың көптеген елдеріне қарағанда Франция альянске аса мән бермейді. Және осы ретте Одақ мемлекеттерінің аймақтық басымдықтары мен мүдделері де бір-бірінен ерекшеленеді. Дегенмен, Евроодақтың барлық мемлекеттері үшін ортақ үрдістің бар екендігін де айта кету керек: жаңа қатарлар мен тәуекелдердің пайда болуы жағдайында Европада «қауіпсіздік саясаты саласындағы мәселелерді шешудің ортақевропалық мәдениетіне» ұқсас ағым пайда бола бастауда.

Европалық Одақтың стратегиялық рөлінің әртүрлі көрінісі Ортақевропалық сыртқы саясаттың дамуы мен дербес қарулы күштердің қалыптасуы Европаның стратегиялық рөлі мен оның мүдделерінің әртүрлі түсінілуімен қиындай түседі. Егер Франция, Германия секілді Европаның ірі мемлекеттері Евроодақты әлемдік аренадағы маңызды геосаяси күшке айналдыруға мүдделі болса, бұл мүддені ондағы шағын мемлекеттер қолдай қоймайды, және бұл өткен тарих пен белгілі бір европалық халықтардың менталитетінің ерекшеліктерімен түсіндірілуі мүмкін.

Алайда Одақтың позициясындағы ерекше бөліністі трансатлантикалық қатынастар мен Ресеймен қатынас тудырады.

Евроодақтың дамуының тағы бір үрдісі оның кеңеюі болып табылады. Осындай ауқымды қадам бірлестіктің экономикалық потенциалын күшейте түсуді ғана емес, сонымен қатар оның саяси дамуына да септігін тигізуі керек. Европалық саясаткерлердің ойлары бойынша, осы процесс мынадай артықшылықтарды береді:

Стратегиялық жобада одақтың кеңеюі Евроодақтың әлемдік саясаттағы рөлін күшейте түсуге мүмкіндік береді. Евроодақ өз территориясын географиялық жағынан айтарлықтай ұлғайтты, ал ондағы тұрғындар саны қазірдің өзінде 490 миллион адамды құрайды. Осы потенциал Одақтың әлемдік қоғамдастықтағы салмағын күшейте түсетіні анық.

Евроодақтың кеңеюінің тағы бір маңызды түрткісі европа құрылығындағы демократия, тұрақтылық пен гүлдену белдеуінің ұлғаюы болып табылады, ал мұның батыс европалық мемлекеттердің дамуы үшін маңызды шарт екендігі анық. Кеңеюі өзінің құқықтық жүйесіне жаңа мемлекеттерді тарта түсуге және оларға демократияландыру сферасында тікелей ықпал етуге мүмкіндік береді.

Бір европалық саясаткердің айтқанындай, европалық демократия достық пен экономикалық қолдау көрсететін қолын соза отырып, Мюнхен келіспеушілігінен кейін бізді дәл 60 жылға тастап кеткен аймаққа қайта оралып жатыр.

Евроодаққа кірген мемлекеттердің өзіне келер болсақ, экономикалық сферадағы үлкен артықшылықтардан бөлек, жаңа мүшелер мемлекеттік шекараларды күзету барысында басқа европалық елдердің прокуратуралары, соттары мен полицияларымен өзара әрекеттесуде тығыз ынтымақтастық жасау мүмкіндігін алады.

Алайда бұл процестің артықшылықтары да, және келеңсіз зардаптары да бар.

Біріншіден, одақтың кеңеюі шешім қабылдау тетіктерін одан бетер қиындата түсуі мүмкін, өйткені Евроодақтың кеңейтілген құрамында консенсуске қол жеткізу одан сайын ұзаққа созылатын процеске айналады. Евроодақ осындай жағдайда қандай да бір маңызды шешімдерді қабылдауда тиімділігі аз құрылым болып қалуы мүмкін. Дегенмен осы бағытта қазірдің өзінде шешім қабылдау тетіктерін реформалауға талпыныстар жасалуда.

Екіншіден, одақтың кеңеюі мынадай линиялар бойынша бөлінетін Европаның фрагментациялануына әкеліп соғуы мүмкін:

Үлкен және шағын мемлекеттер. Одақтың кеңеюі үлкен және шағын мемлекеттер арасындағы саяси теңқұқықтылық мәселесін тереңдете түсуі мүмкін. Осы мәселе Евроодақтың шағын мемлекеттері ірі мемлекеттердің қоғамдастықтағы саяси үстемдігіне қарсылық көрсеткен кезде осыған дейін де болған. Осы ретте Париж бен Берлин оның дамуының негізгі бағытын айқындайтын Евроодақтың «ядросы» болып табылады және олар Евроодақтың ішіндегі өздерінің саяси мәртебесінен бас тартуды ойларына да алмайды. Ал қазіргі күнде шағын мемлекеттердің саны көбейе түскендіктен, бұл болашақта жаңа түсінбестіктерге алып келуі мүмкін. Мәселен, қазірдің өзінде Польша Орталық-Шығыс Европадағы маңызды ел ретіндегі өз мәртебесіне сәйкес келетін рөл мен ықпал етуге ұмтылуда. Поляк қоғамы жақында ғана айтқанындай, Евроодақ ортақ сыртқы және қорғаныс саясатын керек етеді, дегенмен бұл саясат Франция президенті Жак Ширақтың немесе Германия канцлері Герхард Шредердің саясаты болмауы тиіс.

Бай және кедей мемлекеттер. Евроодақ осы тұрғыда интеграциялану, экономикалық және әлеуметтік даму деңгейінде үлкен айырмашылық бар бай және кедей мемлекеттердің «таптық қоғамына» ұқсайды. Осыған байланысты евроодақтың интеграцияланудың әртүрлі дәрежесіндегі бірнеше субаймақтық топтарға фрагментациялануы мүмкін. Тіпті осындай «әртүрлідеңгейлік» идеясы европа Конституциясында көрініс табуы да ғажап емес.

Евроорталықтық немесе проамериканизм. Евроодаққа жаңа мүшелердің қабылдануы жалпыевропалық сыртқы саясаттың бағыты туралы келіспеушіліктерді одан сайын күрделендіріп жіберуі мүмкін. Мәселен, Ирактағы соғыс мәселесі бойынша Орталық және Шығыс Европадағы бірқатар мемлекеттердің әрекеттері Евроодақтың саяси интеграциялану болашағы мен халықаралық аренадағы одақ мәртебесі үшін дүдәмал факторға айналды. Ирактағы операцияның басталар алдында Евроодаққа кірген сегіз ел Вашингтонның Иракка қарсы әскери күш қолдануын қолдайтындығын білдіретін мәлімдеме жасады, бұл өз кезегінде Париж бен Берлин тарапынан қолдауға ие болмады. Олардың бірқатары өздерінің әуе кеңістіктерін американдық әскери ұшақтарға ашты, ал Польша тіпті өз әскерін әскери операцияға тікелей қатысуға жіберді.

Евроодақты біріктірудегі «двигатель» ретінде мойындалған Германия мен Франциядан іргені алыс ұстай отырып, одаққа жаңадан кірген мемлекеттер американдық бағыттағы саясаттарын күшейте түсуде. Ал Вашингтон болса, олардың арасындағы ерекшеліктерді одан бетер ашып көрсетіп және жаңа

мүшелердің дербес рөл ойнауын қолдай отырып, қазірдің өзінде Европаны «жаңаға» және «көнеге» бөліп үлгерді. Ал бұл АҚШ-қа осы мемлекеттер арқылы Евроодақтың болашақтағы саясатына ықпал етуге мүмкіндік береді. Ирак проблемасы Евроодақта 15 мүше болғанның өзінде саяси одақты қалыптастыру бағытындағы жолдың қаншалықты ауыр екендігін көрсетіп берді, ал жаңа мүшелердің қабылдануы сыртқы және қорғаныс мәселесіндегі Евроодақтың ішіндегі бөлінуді одан сайын күшейте түсуі мүмкін. Ал өзінің таза экономикалық қоғамдастық ретіндегі мәртебесінен енді ғана өтіп жатқан Евроодақ үшін бұл тым қауіпті.

Бұдан бөлек, жаңа мүшелердің Ресейге қатынасы мәселесі де қандай да бір қиындықты тудырады. Әлі де «посткеңестік синдромды» тартып отырған Орталық-Шығыс Европа мен Балтық елдері қауіпсіздік сферасындағы ынтымақтастықта көрші Ресейге емес, АҚШ-қа сенеді, ал сыртқы саясатта олар НАТО мен АҚШ-қа арқа сүйейтіндері анық. Мәскеу болса, осы мемлекеттерде Евроодаққа кіру туралы келіссөздер кезінде біршама тыншыған антиресейлік көңіл-күйлер, Ресеймен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі инициативалар үшін кейіннен бөгет болмайды ма деп қауіптенуде, және бұл Евроодақ үшін де жеміссіз болар еді. Сондықтан да қазіргі уақытта Ресей мен осы мемлекеттердің арасындағы қатынастың жаңа форматын құру міндеті аса өзекті мәселе болып табылады.

Еуроодақтың белгілі бір көлемде кеңеюі еуропалық интеграция шеңберіндегі мемлекеттер суверенитеті мен ұлттық біртектілігінің ара-қатынасы туралы сұрақты қояды.

Бұл мәселеленің қойылуының маңыздылығы саяси интеграция Еуропалық саяси қауымдастықтың құрылуы қажеттілігіне толықтай тоқтам жасауымен түсіндіріледі. Бұны интеграцияланған Еуропаның саяси құрылысы жөніндегі Еуропада 2000 жылдың көктем мен жазындағы полемикадан көруге болады.

Еуропалық саяси қауымдастық мәселесі бұрыннан қойылып келе жатқан мәселе. Ол ХХ ғ. 50-ші жылдарының басында Еуропалық Көмір және Болат Бірлестігі құрылғаннан кейін-ақ пайда болып, сауда, экономика және валюта саласындағы интеграциялық үрдістер жетістігіне қарай маңызды бола бастады және бұл уақыт келді де.

Еуропалық саяси қауымдастықты қалыптастыру үрдісінде еуропалықтар қандай Еуропаны қалайды деген сұрақ маңызды болмақ. "Еуропа-мемлекеттер немесе "Еуропа-отан? Саяси формасы анықталмаған жаңа Еуропада мемлекеттер - суверенитеті қалай үйлеспек және бұл жағдайда олардың ұлттық идентификациясы қалай сақталмақ?

Интеграция - өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып біртұтас толықты құрайтын компоненттердің жақындасуы. Саяси тілде бұл аймақ елдерінің біртұтас экономикалық, валюталық, сауда және ең бастысы ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып саяси ансамбль құруын, жақындасуын білдіреді.

Сонымен Еуропада еуропалық интеграция процесінде экономика, саясат және рухани өмірдің жарасымды үйлесімін байқауға болады. Бұл үйлесімді

жарасымдылық мемлекеттер суверенитетін, еріктілігін және кез-келген күш көрсету белгілерінің болмауын, адамды, оның меншігін, бостандықтарын, құқықтарын және сенімін құрметтеуге негізделген. Еуропалық интеграцияның жетістігін түрлі конфессиядағы шіркеулердің, әрине ең алдымен процесіне қатысты рим католиктік шіркеуінің қатысуымен және ұстанымымен түсіндіруге болады.

Экономикалық интеграция және саяси интеграция түсініктеріне еуропалық интеграцияны толық ететін, яғни экономикалық, саяси және рухани интеграция үйлесімдігін көрсететін рухани интеграция ұғымы қосылады. Сонымен қатар Орталық және Шығыс Еуропа және Балтық елдері үшін қауіпсіздік пен қорғаныс мәселесі де маңызды орын алады. Бұл мәселелердің шешімін олар НАТО және ЕО қалыптасып жатқан тез қимыл көрсету күштеріне енуден табуда.

Еуропалық Одақ өз қатарына Орталық және Шығыс Еуропа және Балтық елдерін қабылдай отырып, бірқатар өз мүлделерін де басшылыққа алады. Ең алдымен Еуропалық Одақ халықаралық қатынастар мен халықаралық құқықтың субъектісі болғандықтан ол Еуропа құрлығының барлық елдерін біріктіре отырып, Еуропалық Одақ бүткіл Еуропа атынан сөйлемек.

Европалық Одақ өзіне дамудың екі үрдісін белгіледі: интеграциялық процестерді саяси одақ құру тарапына қарай тереңдете түсу және европалық интеграциялану зонасын жақын маңайдағы мемлекеттерге кеңейте түсу.

Осыған орай, Европалық Одақтың бұдан кейінгі дамуының үш жолы болуы мүмкін.

1. Евроодақтың экономикалық және саяси гүлденуі. Евроодақ кеңейе отырып, қысқа мерзімдік уақытша шығындарға қарамастан жаңа мүше-мемлекеттердің экономикаларын сәтті интеграциялайды және өз қуатын айтарлықтай күшейтеді. Брюссел бір мезгілде барлық 25 мемлекетті бір тұтастыққа біріктіре алады және сыртқы саясат мәселесі бойынша келіспеушіліктерді шешімін таба отырып, халықаралық аренадағы күшті актор ретінде әрекет ете алады.

2. Экономикалық гүлдену және саяси тоқырау. Кеңейуден күтіп отырған экономикалық артықшылықтарды ала отырып, Евроодақ бәрібір көптеген жаңа мүшелердің постсоциалистік сырқаттарын жеңуге жағдайы болмайды. Бұл жоспарда бар кеңейгенге дейін қол жетпеген европалық институттарға реформа жүргізуді және ортақ Конституцияны қабылдауды тежейді. Ал мұндай жағдайда Евроодақ халықаралық қатынастарда ұйымдасқан саяси күш ретінде әрекет ете алмайды.

3. Экономикалық және саяси тоқырау. Бұл жағдайда жаңа экономикаларды табысты «қорытып жібере» алмағандықтан, Евроодақ біртұтас европалық экономикадан гөрі, жекелеген экономикалардың фрагментарланған әртүрлі деңгейдегі одағына көп ұқсайды. Евроодақ экономикалық интеграцияланудағы бірқатар қиындықтарға қарамастан, саяси тұрғыда дамуға бос ұмтылатын болады.

Ситуация соңғы екі жол бойынша өрбитін жағдайда одақтың одан ары кеңейу процесі (Болгарияны, Румынияны, Хорватияны, Украинаны және Шығыс

Европаның бірқатар елдерін кіргізу) уақытша кейінге қалдырылады. Бұл жағдайда кеңею идеясының дискредитациялануының өзі Евроодақ үшін қауіпке айналары сөзсіз.

Алайда, осындай қауіптерге қарамастан, қоғамдастықтың үлкен интеграциялық, оның ішінде кеңею сферасындағы тәжірибесінің арқасында Европалық Одақтың барлық инициативаларының табысты болатындығына үлкен негіздеме бар. Табысты экономикалық интеграция Евроодақты әлемнің маңызды экономикалық орталықтарының біріне айналдыра алғандықтан, европалық елдер саяси сферада да белсенді саяси одақты орнатуға қажет өзара түсіністікке қол жеткізу үшін барлық әрекеттерін жасап отыр.

2.4 Еуропалық Одақ шеңберіндегі саяси интеграциялық үрдіске Трансатлантикалық қатынастың әсері.

Әлемдегі жаңа стратегиялық жағдайда бірқатар батысевропалық елдер мен АҚШ НАТО бойынша одақтастар болғанымен, олар халықаралық проблемаларға қатынаста әрқашан ортақ көзқарасты ұстанбайды, ал тіпті кейде мүлдем қарама-қарсы позицияларды ұстанады.

Егер Ұлыбритания НАТО шеңберінде де, екіжақты негізде де, Вашингтонмен тығыз одақтастық қатынасты қолдауға бейім болса, Франция, және қандай да бір дәрежеде Германия, тек европалық мүдделерге жауап беретін сыртқы саясатты жүргізуге шақырады. Осы екі мемлекет қандай да болмасын бір мемлекеттің үстемдігінсіз көпполярлы әлемді құруға шақырады. Осындай ұстанымдар айтарлықтай дәрежеде евроодақтың сыртқы саясаттағы амбициясын тыңайтып отырады. Мәселен, 2003 жылы 2 наурызда Еврокомиссия жаңа инициативаны көтерді – «Кеңейген Европа – көршілік. Біздің шығыстағы және оңтүстіктегі көршілерімізбен ынтымақтасудың жаңа шеңберлері». Аталмыш инициатива Оңтүстік пен Шығыс Жерорта теңізі аймағын, бірқатар посткеңестік мемлекеттерді қамтитын евроодақтың геосаяси ықпал ету зонасын айқындайды. «Көршілер» тізіміне Ресей, Украина, Белоруссия және Молдова, сонымен қатар Марокко, Алжир, Тунис, Ливия, Египет, Сирия, Ливан, Палестина, Израиль кіреді. Ал осы ықпал ету зонасы АҚШ мүддесінің де сферасы болып табылатындықтан, евроодақтың дербес геосаяси амбициясының жүзеге асуына ол аса мүдделілік таныта қоймайды. Трансатлантикалық алауыздық Вашингтон мен оның одақтастарының Ирактағы әскери операцияға дайындалу мен оны жүзеге асыру барысында әсіресе анық байқалды. Германия мен Франция әскери операцияға мүлдем қарсы шықты, ал Ұлыбритания, Испания, Италия және бірқатар шығысевропалық елдер Ирак компаниясына қатысты. Кейіннен Брюссель соғыстан кейінгі Иракты қалпына келтірудегі орталық орынды БҰҰ – ға беруге талпынғанымен, одан ештеңе шығара алмады. Осының барлығы Евроодақтың сыртқы саясат пен қауіпсіздіктің ортақ саясаты сферасындағы дағдарысын тудырады. Осы орайда айтар болсақ, Европа елдері экономикалық қатынаста бір-бірімен ешқашан дәл осындай дәрежеде тығыз байланыспады, және

Еуроодақ құрылғаннан бергі уақытта ұйымның ішіндегі саяси жікшілдік дәл осындай дәрежеде анық көрінбеген еді.

Еуропалық Одақ пен трансатлантикалық қатынастар жөнінде мәселе қозғағанда Еуропалық Одақ пен Ресейдің қатынастарына тоқталған жөн. XX ғасырдың 90 жылдары Ресей Еуропалық Одақтың тең құқықтық әріптесі болып, ол экономикалық, ғылыми және техникалық потенциалдар, сондай-ақ еуропалық континентте тұрақтылық орнатуда үлкен роліне байланысты қол жеткізді. Оған қоса, Еуропалық Одақ Ресейдің алғашқы сауда әріптесі болып, онымен 1995 жылы 1 қаңтарда Финляндия мүше болған соң үлкен территориясына ие. 1994 жылы шілдеде Кофуда қол қойылған әріптестік және ынтымақтастық түсінігі ұлт түсінігін ерекше жақсы түсінікте және екі жақты саяси диалогты енгізген 1989 жылғы сауда және әріптестік келісімімен орнатылған механизмді әрі қарай дамытады. Әріптестік жөніндегі келісімнің ратификациялануы созылып жатқан соң, сауда және әріптестік жөніндегі жағдайлардың бір бөлігін жүзеге асыру үшін уақытша келісім жасалды. Қазіргі уақытқа дейін әріптестік жөніндегі келісім ратификацияланбаған, 1997 жылға қарай еркін сауда аймағын құру жөніндегі келіссөздер басталуы керек еді. Келісі ЕО-тың бірнеше мүше мемлекеттерінің тарапынан ратификацияланбады, олардың ішінде Германия Федеративті Республикасында бар, сондай-ақ Думаның қарсы сөздері негізінде Ресей тарапынан да бекітілген жоқ.

Қазіргі таңда Ресей мен Еуроодақ арасындағы әріптестік Ресей Федерациясының бұл одаққа мүше болу болмауына байланыссыз тұрғыда орындалатын бағдарлама болып, Ресей мұндай жағдайда өз экономика саясатында толық еркіндікке ие болады. Ол Еуроодақтың қатаң интеграциялық заңдылықтары мен шектеулерінен еркін болады.

Ресей мен ЕО арасындағы маңызды экономикалық әріптестік аспектісі ретінде Ресей мен Францияның бір топ экономистері қаржыгерлер және саяси өкілдер дайындаған «Ресей жобасы» алынған. Жобаның авторларының айтуынша, оның алғашқы мақсаттарының бірі Ресейдің инфрақұрылымын қайта құру мен коммуналдық қызметтер саласында болуы мүмкін еді. Бұл оның Еуропалық деңгейге жетіп қалуға және Ресеймен ЕО арасында ортақ еуропалық экономикалық кеңістік құруға шарттар туғызатын еді. Бағдарламаның жүзеге асуы Ресей үшін үлкен маңызға ие болатын еді. Экономиканың құрлымдық қайта құрылуына басты қадам болатын еді және Ресейлік пен шет елдік жеке тікелей қаржы құрлымдық салмақты пайда үшін материалды шарттар туғызуы мүмкін. Бұл денсаулық саласымен білім беру саласында түпкілікті өзгерістерге, яғни ресейліктердің өмір сүру деңгейінің жоғарлауына алып келетін еді.

«Ресейлік жобаның» мақсаты құрлымдық қайта құрлымының алғашқы деңгейін белгілеу, ең алдымен халықтың денсаулығын қорғауға қатысты және ауруханалар мен емханаларды қазіргі деңгейдегі медициналық жабдықтармен қамтамсыз ету, халықты компьютерлік сауатсыздықтан арылту мақсатында ең алдымен ауылдық жерлерде жаппай мектептерді компьютерлеу.

Жобаның екінші бағыты энергожүйенің түпкілікті модернизациясы, электроэнергияны үнемдеудің жаңа тәсілдерін қолдану.

Үшінші бағыты – құбырлық транспорт жүесінің кеңеюі және жақсаруы , ол арқылы тасмалданатын азық -түлік шығыны азаятын еді, сондай-ақ жылу беруді қамтамасыз ету , теңіз суын тазалау , қоқыспен қалдықтарды қайта өңдеу.

ЕО үшін «Ресейлік жоба» басқа себептермен қызығушылық туғызады. еуропа АҚШтан экономикалық өсім мен өндіріс саласында ғылыми жетістіктерді қолдану жағынан аратта қалып отыр. Бұл еуропалық жұмыс күшінің толық жұмыспен қамтылмағанымен, әсіресе оның компьютерлік қамтамасыз етілу төмен болуына байланысты. Еуропалық жұмысшы күшінің 10-15% жұмыссыздығы, бұл маңызды экономикалық ресурстар адам капиталының жоғалуы. Еуроодақ үкіметі жұмыссыздарға жәрдем ақы төлеуге миллиарттаған долл. жұмсаса, жұмыстағыларға жоғары салық салып, қаржы салымы фодының потенциалын төмендету арқылы экономикалық өсуін төмендетеді. Бұл уақытта АҚШ экономикасы толық жұмыспен қамтылған деңгейде жұмыс істеп, өсім жағынан бір рекордтан екінші біреуіне өтуде.

Жаңа келісімде ЕОтың соңғы кеңеюі қамтылады. Айта кетер жайт, Орталық және Шығыс Еуропааның елдерінің ЕОқа енуі ресейлік металлургтар үшін оның нарығындағы нарықтық үлестің жоғалуын аңғартты. Келісім болаттан жасалған өнімдерге қатысты болғандықтан Ресей компаниялары ЕОқа жартылай фабрикаттарды кіргізіп, оларды Еуропалық зауттарда қайта өңдей алады.Мұндай тактикаға «Северсталь» және «Евраз» компаниялары өтіп, олардың Еуропада өз болат өңдеуші активтері бар.

1968 жылы сауда және даму байынша БҰҰ конференциясы Преференциялардың ортақ жүесі (ПОЖ) құруды ұсынған болатын, оның шеңберінде дамыған елдер бір жақты тәртіпте дамушы елдерге тарифтік льготалар ұсына алатын еді.ПОЖ бұл елдерде кедейшіліктің жоюдың бірден бір жолы еді.

ПОЖ 10 жылдық цыклмен жұмыс істейді.Соңғы кезең 1998 жылы басталып 2005 жылы 31 декабрде аяқталды. ЕО ойынша ПОЖ бір жақты заң шығарушы инициатива болып, 179 елге льготалық кедендік режим ұсынады .Тек қана даиыған елдер жоғары табысқа ие Жапония ,АҚШ ,Канада,Швейцария және т.б ПОЖ жүесіне енгізілмеген .

2006 жылы 1қаңтарда ПОЖның жаңа жүесі жұмыс істейді.Алдыңғымен салыстырғанда преференция саны бестен үшке қысқарған.Преференциялар жалпы жүйе шеңберінде өнімнің нарықта бәсекелесе алатындық қабілетіне байланысты. ПОЖ регламенті бәсекелесе алмайтын өнімдерге салықсыз кіру, ал бәсекелесе алатын ,мысалыға металл өнімдеріне 3.5% қысқартуды қарастырады. Алдыңғы ПОЖ жүйесі секілді, жаңа регламентте бенефициар - елдерді шығаруда қарастырады және осы ел тауарларын бөлу градациясын да қарастырады.Алайда жаңа ПОЖ жүесінде градация механизмі өңайлау. Бенифициар ел ПОЖ жүйесінен шығарылады, егер ол Әлемдік банк көрсеткіші бойынша жоғары табысты ел деп танылса және бес ең ірі тауар бөлімдері ПОЖ шеңберінде экспорттың 75%тын құраса . ПОЖдың жаңа регламенті шеңберінде, болімдердің іріленуі аясында бірден үш өнім преференция

жүйесінен шықты: химиялық өнімдер, целлюлоза- қағас өндірісінің өнімі, металлдар және одан жасалатын өнімдер. Бұл өнімдердің ПОЖдан шығуы экспорттерлер үшін ЕОта импорттық салықтың 3.5%қа жоғарлағанын білдіреді.

ПОЖ жаңа режимі ЕОтың өндірісінің талаптарына жауап береді: Қытай, Үндістан сияқты ПОЖ ірі бенифициарларға қатысты преференцияларды қысқарту, немесе белгі бір тауар тобының қысқаруы. ЕО Үкіметі сондай-ақ Оңтүстік Америка (Аргентина, Бразилия, Парагвай, Уругвай) елдерін льготалық кедендік салық жүйесінен ПОЖ схемасы шеңберінде шығаруға ұмтылуда және ортақ схема шеңберінде оларға преференцияны қысқартуды қарастыруда. 2004 жылы ЕОқа мүше болған елдерге кедендік тариф көрсеткіштерді көтеру жөніндегі Ресейдің жағдайын жеңілдету мақсатында ЕО Ресейдің ПОЖ жүйесін қолдаушы ел статусында қалуға келісті. Алайда бұған қарамастан, ПОЖның жаңа Регламенті алюминнен жасалған өнімдерге референцияны жояды.

Сонымен қатар, ПОЖның жаңа нормалары Ресеймен ЕОарсындағы жасалған, оның кеңеюімен ӘЫК ның жаңа мүше мемлекеттерге қатыстылығы жөніндегі келісімді бұзады. Ресей тауарлары үшін преференция келісімі бойынша, әсіресе алюмин өнімдері үшін ПОЖ шеңберінде сақталады. Ресей тарбы бұл шарттарды ӘЫК нің жаңа елдер таралуы үшін қажетті алғы шарт деп біледі. Олардың ЕОқа енуі осы елдерге импортталатын Ресей үкімдеріне кіріс салықтарының айтарлықтай өсуін болжайды, ол өз кезегінде Ресей экспортының өсіміне әсер етеді. ПОЖ режимінің ресейлік экспорты Ресей компаниялары үшін сақталуы маңызды. ПОЖ режимінің өзгеру есебінен химиялық, металлургиялық жәгне целлюлозалық-қағаздық саласы преференция жүйесінен шықты. Соңғысы 3.5%ке импорттық салықты төмендету басқа салалар үшін сақталып, оларға ЕОта ресейлік экспорттық 15% тік бағаға сай келеді. 2005 жылы экспорт көлемінің 1069 млрд еуро ПОЖ режимінің астына оның тек бір бөлігі 15 млрд еуро ғана жатты. Осылайша Ресей үшін ПОЖ режимінің толықтай жойылуы Ресей үшін жылына 500 млн еуро жоғалту мүмкіндігі бар.

Ресей мен ЕО дамуының перспективаларын анализдей ЕОтың Ресейге деген прогнатизмінің өскенін көруге болады. Бұған дәлелдер: сауданың льготалық режимін үнемі қысқарту, REACH жүйесін енгізу, ӘЫК ін Ресейдің ДСҰға кіру аясында қайта қарау. Бұл жағдайда Ресей басқа сыртқы эконгомикалық әріптестерге жақындауы қажет. Мұндай өзгеріс Ресейдің позицияларының әлемдік аренада нығаюына алып келеді. ЕОқа салмақты бәсекелес елдер Ресей үшін Азиялық аймақ елдері шығуы мүмкін. Әрине, бірден Батыстан Шығысқа қарай ауысу үшін уақыт және инфрокұрлымды қалыптастыру үшін инвестициялар қажет. Дегенмен, ертеме кешпе оны істеу қажет.

Европалық елдер Европалық Одақтың сыртқы саясатындағы Ресейдің рөлін әрқалай бағалайды. Осы ретте Ирактағы соғыстың Берлин мен Парижді Ресеймен ерекше жақындата түскенін айта кету керек. Егер соған дейін Германия мен Ресейдің арасындағы қатынас тек экономикалық сипатқа ие болып келсе, Ирактағы соғыстың әсерінен олар әскери-саяси өлшем ала бастады. Екі мемлекет те бір-біріне әртүрлі мәселелер бойынша өзара қолдау

көрсетіп отырады. Мәселен, Берлин Ресейдің «сегіздіктің» толық мүшесі болуына қолдау көрсетуге шақырса, Мәскеу Германияның БҰҰ – ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болу мүддесіне қолдау көрсетеді. Евроорталықтық Франция да Ресейді сенімді әріптес ретінде көреді және оның болашақтағы әлем тәртібі туралы концепциясына қатынастағы мүддесіне дұрыс баға береді. Мәселен, 2003 жылы Санкт-Петербургте өткен басшылардың кездесуінде Владимир Путин, Герхард Шредер мен Жак Ширак, олардың пікірінше әлемдегі тұрақтылыққа қатер төндіретін біржақты әрекеттерге қарсы шықты.

Осы ретте осынау үш ірі мемлекеттің жақындасуы АҚШ – ты аса қуанта қоймайды. Мәселен, «Вашингтон Пост» газетінің айтуына қарағанда, Ирактан кейінгі «АҚШ әкімшілігінің ұлыдержавалық стратегиясы үш өсиетті басшылыққа алады: Францияны жазалау, Германияны елемеу және Ресейге кешірім жасау». Ағылшындардың позициясы да американдықтардың позициясына жақындау. АҚШ пен Ұлыбритания өздерінің Ресеймен қатынасын жақындата түсуге ұмтылып отыр. Дегенмен Мәскеу Вашингтонмен конструктивті сұхбатқа ұмтылатын болса да, Ирак мәселесін БҰҰ шеңберінде шешудегі Мәскеудің ұсынысы Вашингтон әкімшілігімен еленбей қалғандықтан, көпполярлы әлемге бағытты ұстанады.

Осылайша, әсіресе ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласындағы саясат сферасында саяси интеграцияны тереңдете түсу процесі қиындықтарға толы. Европалық елдердің мүдделерін үйлестіру Европалық Одақтың стратегиялық рөліне қатынастағы әртүрлі ұстанымдардың болуымен күрделене түседі. Еуропаның ірі мемлекеттерінің араларын бөліп тұратын осындай линиялар еуропа елдерінің сыртқы саясаттағы позицияларын айтарлықтай тежейді, ал бұл Одақ кеңейгеннен кейін одан бетер қиындай түседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Еуроодақтың құрылу себептерін ата.
2. Еуроодақтың құрылымын жікте.
3. Еуропарламенттің қызметтері.

III БӨЛІМ. ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДА XX ҒАСЫРДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.

3.1 Латынамерикан континентіндегі интеграцияның алғышарттары.

Латын Америкасының экономикалық және саяси дамуының спецификасы көп жағдайда Еуропамен салыстырғанда буржуазиялық прогресс жолына кеш түсуімен анықталды. Ескі және Жаңа әлемнің дамуындағы соңғы деңгейлердің арасындағы өте үлкен айырма латынамерикан елдерін бір әлемдік шаруашылық кешенге алдымен отарлау жолымен, кейін әлемдік капитализмнің алдыңғы қатарлы орталықтарының теңсіз қатынастары арқылы қосылуын алдын-ала анықтап берді. Аймақтың капитализмге тез көшуінің негізі ретінде оны перифериялық аграрлы-шикізаттық буын ретінде әлемдік капиталистік нарыққа бейімдеу болды.

Ескі құрылымдардың құрамдас бөліктерін жаңаға интеграциялауға қабілеттілігі осы мемлекеттердің буржуазиялық прогреске бейімделуін жеңілдетіп, жылдамдатып, оларды сырттан келетін жаңа формаларды қабылдауға бағынышты етіп қойды. Бұл жайтты мәдениет, әлеуметтік психология, идеологияға қатысты да айтуға болады. Барлығының нәтижесінде, төрт ғасыр ішінде-ақ XVI ғасырдың басынан XX ғасырдың басына дейінгі уақытта Латын Америкасы алғашқы қауымдық құрылыстың тас ғасырынан және ежелгі шығыс типіндегі ерте өркениеттерден өндірістік капитализм сатысына тарихи секіріс жасады, бұл үшін Еуропаға мыңдаған жылдар қажет болған.

Бұл үрдістердің кері жағы ретінде ескі, дәстүрлі құрылымның интеграциялық элементтерінің жаңаның аясында ерекше өміршеңдігі болды. Бұл буржуазиялық үрдістің жеделдеуімен қатар оның консервативті варианттарының басым болуына апарды. Бұл қоғам дамуының қарама-қайшылығын күшейтті.

XX ғ. басында аймақ экономикасы экстенсивті аграрлы-экспортты сипатта болды. Өндірістік капитализмнің қалыптасуы осы экономиканың негізінде жүзеге асты. Бұл әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы келбетін күрделендірді. Ауылдарда латифундизм билік етті. 1 мың га. Артық жер иелеріне Аргентина, Бразилия, Мексика, Чили елдерінің ауылшаруашылық игіліктерінің 80%-ы келді. Мұндай жағдай басқа елдерде де байқалды. Жердің ірі массивтері біраз қолдарда ғана шоғырланды.

Латынамерикан елдерінің өндірістік капитализмге өтуі әлемдік капитализмнің еуропалық державалар мен АҚШ-ң империалистік экспансиялаумен трестер мен синдикаттар сатысына өтуімен сай келді. Шетел компанияларының Латын Америкасына басып кіруі мұнда фабрика-зауыттық өндірістің қалыптасуымен қатар жүрді.

Латын Америкасына шетел инвестицияларының ағылып келуі капитализмнің жедел дамуында, теміржол желісін жасауда, ауыл шаруашылығының, өндіруші өндірістің, сауда, қаржы жүйесінің дамуында

маңызды роль атқарды. Осының нәтижесінде шетел компаниялары бұл салаларда бекітілді. 1914 ж. Латын Америкасындағы шетел капиталы 9 млрд. долл. асты, оның 5 млрд. долларын британ инвестициялары құрады. Аймақта ірі капиталға Франция мен Германия ие болды. АҚШ-ң Латын Америкасындағы капиталы бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында 1,2 млрд. долл. асты. Шетел компанияларының экономиканың шешуші буындарындағы басым позициялары латынамерикан республикаларының егемендігіне қауіп төндірді.

Экономикалық даму деңгейі бойынша бірінші орынға шыға отырып, ұлы державаға айналып АҚШ батыс жарты шарда гегемонияға ұмтылды. Ең алдымен Вашингтон өз назарын Орталық Америка мен Кариб бассейніне тікелей геосаяси қызығушылықтарының зонасы ретінде аударды. АҚШ бұл субаймақ елдерін тек экономикалық тұрғыда емес, саяси ықпал етіп, әскерімен қамтуға ұмтылды. Осында орналасқан кішігірім елдердің территориялық жақындығы, әлсіздігі мен дәрменсіздігі мұндай жоспарлардың жүзеге асуын жеңілдетті.

Латын Америкасындағы өз экспансиясын негіздеу үшін Вашингтон АҚШ президенті Монромен 1823 ж. 2 желтоқсанында жарияланған Монро доктринасын қолданды. Онда айтылғандай, АҚШ «Еуропа елдерінің Американ континенті елдерінің ісіне саяси немесе басқадай араласудың барлығын жауыздық акциялары ретінде қарастырады» делінген. Өз уақытында Монро доктринасы Латын Америкасы елдерін еуропалық державалар қателерінен сақтауда оң роль атқарды. XIX ғасырдың аяғында ол АҚШ-ң Латын Америка елдерінің халықаралық қатынастардағы қызығушылықтарын білдіріп, қорғау құқығы ретінде талқылана бастады (АҚШ-ң мемлекеттік хатшысы атымен аталған Олни доктринасы, 1895 ж.).

Вашингтонның Латын Америкасындағы интервенционистік саясаты Теодор Рузвельттің (1901-1909) президенттігі кезінде ресми негізделді. 1904 жылы ол АҚШ-ң Монро доктринасына сәйкес Батыс жартышарында «халықаралық полицейлік қызметтерді орындауға» құқығы туралы жариялады. Оның «жұмсақ лебіз білдірсе де, қолда үлкен қолшоқпар болуы керек» деген фразасы кең таралды. Бұл саясатты АҚШ-ң У.Тафт (1909-1913), В.Вильсон (1913-1921) президенттері да жалғастырды.

АҚШ-ң экспансионистік саясатының нәтижесінде бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында олар Панама, Доминикан Республикасы, Гаити, Куба және Никарагуаның экономикасында мықты басымдыққа ие болды. Мәселен, «Юнайтед фрут К^о» американ компаниясы Орталық Америкада үлкен территорияларға, банан және басқа плантацияларына, қайта өңдеуші зауыттарға, теміржолдарға, айлақтар мен басқа шаруашылық объектілерге ие болды, өзі «Анаконда», «Жасыл құбыжық» атына ие болды. Бұл мемлекеттер АҚШ-ң жартылай отарына айналды.

АҚШ өз басшылығымен американ мемлекеттерінің одағын құру жоспарын жасады. Осы мақсатпен «панамериканизм», «континенталды ынтымақтастық», АҚШ пен Латын Америкасының «тағдыр ортақтығы» идеялары қолданылды.

1889-1890 ж.ж. Вашингтонда американ мемлекеттерінің I Халықаралық конференциясы өтті. Одан АҚШ үлкен үміт күтті. Бірақ, панамерикан одағы идеясын латынамерикан мемлекеттерімен күдікпен қабылданды. Сауда-экономикалық ақпаратпен өзара алмасу қызметтерімен шектелетін американ республикаларының Коммерциялық бюросы жасалды. Мехикодағы II Американааралық конференцияда (1901-1902) бюро американ мемлекеттерінің халықаралық бюросына айналып, қызмет аясы кеңейді. IV Американааралық конференция (Буэнос-Айрес, 1910ж.) Халықаралық бюроны Панамерикан одағы деп өзгертіп, АҚШ-ң Монро доктринасын американ мемлекеттерінің сыртқы саясатының негізгі принципі ретінде мойындау ұсынысын қабылдамады.

Осылайша, Вашингтонның басты мақсаты, яғни өз гегемониясымен американ мемлекеттері саяси ұйымын құруға қол жеткізе алмады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары кезінде латынамерикан елдері антифашистік коалицияның соғысқа қатысушы елдерін стратегиялық материалдармен, шикізатпен қамтамасыз етіп отырды. Аймақ елдері әскери, әскери-теңіздік, ауа базаларын құруға көмек берді. 1945 ж. латынамерикан республикаларының территориясында АҚШ-ң 92 ірі соғыс базасы болды. Латынамерикан республикаларында АҚШ-ң әскери миссиялары әреке етті. Вашингтон оларды әскери техника, қару-жаракпен қамтамасыз етіп, жергілікті офицер кадрларын дайындауға көмектесті.

Соғыстың аяғында, 1945 жылдың 8 наурызында Чапультепек (Мехикодағы резиденция атымен) конференциясы өтті. Ол қабылдаған «Чапультепек актісі» соғыстан кейін де континент елдерінің өзара көмек және ынтымақтастық принципін, олардың кез-келгеніне қарсы агрессия қаупі төнгенде бірігіп қорғану принципін сақталуын бекітті. Жыл сайынғы консультативтік жиналыстармен қатар, төрт жылда бір рет американааралық конференцияларды мемлекет басшылары деңгейінде шақырып отыру шешілді. АҚШ мемлекеттік хатшысы Клейтонның ұсынысымен «Экономикалық хартия» қабылдады, ол халықаралық сауданың өсуіне кедергі жасайтын кедендік барьерларды біртіндеп алып тастауды, шетел капиталына кепілдікті, экономикалық дискриминацияға жол бермеуді қарастырады. Осы шарттарды АҚШ Латын Америкасының индустриализациясына көмектесуге уәде берді.

Соғыстан кейінгі уақытта Латын Америкасының дамыған капиталистік мемлекеттері ретінде Аргентина, Уругвай және Чили сияқты Оңтүстік конустың елдері қалды. Бұлар дамыған элеуметтік құрылымға, жақсы ұйымдасқан және белсенді жұмыс класына ие, урбанизацияланған елдер еді.

Бұл топқа территориясы мен халқы бойынша аса ірі елдер Бразилия мен Мексика да кірді. Бұл екі мемлекеттің соғыс жылдарынан кейінгі дамуы динамизммен ерекшеленіп, осының арқасында өнімнің жалпы көлемі бойынша Аргентинаны озды, дегенмен Аргентина жан басына келетін өнім және урбанизация деңгейі бойынша алдыда еді. Кейін бұл топқа Анд субаймағының елдері - Венесуэла мен Колумбия енді .

Екінші топты анділік үш республика – Перу, Эквадор, Боливия құрады. Оларда оңдеуші өндіріс әлсіз дамып, ауыл шаруашылығы басым болды.

Үшінші топты Гаити, Парагвай, Кариб бассейнінің кіші территориялары құрады. Мұнда ауыл шаруашылығы жақсы дамыды, дамыған өндіріс болмады, сауатсыздық, кедейлік етек жайған еді. Үшінші топ елдері өз жағдайымен отарлы және тәуелді әлемнің афроазиаттық елдеріне жақын еді.

Латын Америкасының едәуір дамыған елдері капитализм мен әлеуметтік-саяси өмір деңгейі бойынша Оңтүстік Еуропа елдеріне жақындады. Дегенмен тұтас алғанда, аймақ елдері Батыс Еуропа және Солтүстік Американың алдыңғы қатарлы капиталистік мемлекеттерінен артта қалды және шетел компаниялары сыртқы нарыққа үлкен тәуелділікке ие еді.

Саяси өмірдің тұрақсыздығы, зорлық-зомбылық Оңтүстік және Орталық Америка республикалары үшін соғыстан кейінгі уақыттағы тән сипат еді. Арбитр және гарант маңызды саяси роліне армия ие болды. Қарулы күштер конституционалды үкіметтерге қысым көрсетіп, саяси күреске қатысты, әскери диктатураны ұзақ уақытқа орната отырып, бір үкіметті екіншісімен ауыстыра отырып мемлекеттік төңкерістер жасап отырды. Әскерилердің билікке келуі армияның саяси мәселелерге араласуын күшейтті.

Тұрақты конституциялық режимді және едәуір дамыған партиялық-саяси құрылымды елдерге (Чили, Уругвай, Мексика, Коста-Рика) армия соғыстан кейінгі уақытта саясатқа тікелей қатысудан шеткері тұрды.

40-50 жылдары Латын Америкасы тарихында экономикалық тұрғыда, әсіресе басты елдерде жергілікті өндірістің тез өсуімен сипатталды. Бұл негізде ұлттық буржуазияның күшеюі, оның жоғары төбесінің монополизациясы, өндірістік пролетариаты қатарының өсуі байқалды. Осымен бірге аймақтағы АҚШ позициясы күшейді. Латынамерикан республикаларының соғыстың аяғы мен соғыстан кейінгі алғашқы жылдары саяси дамуы демократиялық күштердің сәттіліктерімен сипатталды. Дегенмен, 40 жылдардың соңына қарай, «қырғиқабақ соғыстың» басталуымен, Орталық және Оңтүстік Америка елдерінің әскери-саяси әріптестігінің күшеюімен басқарушы класс саясатында реакциондық тенденциялардың күшеюі орын алып, диктаторлық режимдердің зонасы кеңіді.

Екінші дүниежүзілік соғыс Латын Америкасына, әсіресе Еуропадан өндірістік тауарлар мен шетел капиталының келуінің күрт қысқаруына әкелді. Әлемдік нарықтағы Оңтүстік және Орталық Америка елдерінің аграрлы-шикізаттық өнімінің құны жоғарылады. Олар үшін тиімді сыртқы экономикалық конъюнктура соғыстан кейінгі алғашқы жылдары да сақталды.

1947-1948 ж.ж. Латын Америкасында жағдай оң күштер пайдасына ауысады. Бұл, ең алдымен әлемдік саясаттағы «қырғиқабақ соғысқа» байланысты болды. Оның басталуымен континент мемлекеттерінің әскери-саяси әріптестігінің ары қарайғы дамуы мен сақталуы «халықаралық коммунизм» төндіретін қауіп тұрғысынан түсіндірілді. 1947 жылдың 2 қыркүйегінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі американааралық конференциясында өзара көмек туралы Американааралық келісімге қол

қойылды (Рио-де-Жанейро келісімі). Оның қатысушылары қауіпсіздік мәселелерінде бір-бірімен әріптестікте болып, қарулы күш қолдануға дейін шараларды ұжымдық түрде қабылдауға міндетті еді. Сол арқылы соғыстан кейінгі әлемде алғашқы әскери-саяси блок қалыптасты.

Боготадағы ІХ Американааралық конференция (1948 ж. сәуір-маусым) Рио-де-Жанейро Келісіміне қатысушылардың саяси одағын құруды аяқтап, американа елдерінің Ұйымы (ОАГ) құрылды. Оның мақсаты Батыс жартышарда бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, қатысушылардың дауларын реттеу, агрессияға қарсы бірігіп әрекеттерді ұйымдастыру, саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми және мәдени әріптестікті дамыту еді. Ағымдағы мәселелерді шешу үшін сыртқы істер министрлерінің жиналыстары өтіп тұруы керек еді. ОАГ тұрақты атқарушы органы Вашингтондағы ОАГ кеңесі болды.

Боготадағы Конференция «Америкада демократияны сақтау мен қорғау туралы Декларациясын» қабылдады, ол ОАГ-ға аймақтың қандай да бір елінде «коммунистік қауіпке» қарсы акциялар қабылдауға құқығын берді.

Континентте қалыптасқан жағдай латынамерикана қоғамында «географиялық фатализм» теориясының таралуына әкелді. Оған сәйкес, Латын Америкасының географиялық орналасуы және оның солтүстік көршісіне тығыз тәуелділігі АҚШ-қа қарсы тұрудың кез-келген амалын сәтсіздікке ұшыратады. Осыдан, аймақ елдеріндегі оң өзгерістер тек АҚШ-пен компромисс және әріптестік арқылы болады деп қорытынды жасалды.

70 ж. аяғы мен 80 ж. алғашқы жартысы – Кариб бассейніндегі деколонизация үрдісі жаңа табыстарға жеткен кез. Ұлыбританияның бұрынғы алты отары тәуелсіздік алды: Доминика (1978), Сент-Люсия (1979), Сент-Винсент және Гренадины (1979), Белиз (1981), Антигуа және Барбуда (1981), Сент-Кристофер және Невис (1983).

АҚШ-ң интеграцияға американааралық сипат беруге тырысуына қарамастан, латынамерикана елдері 60 жылдары АҚШ-ң қатысуынсыз аймақтық және субаймақтық интеграцияға табан тіреді. Оған тікелей ықпал еткен Еуропалық ортақ нарық. 1960 ақпанында Монтовидеода Аргентина, Бразилия, Мексика, Уругвай, Чили, Парагвай және Перудің қатысуымен еркін сауданың латынамерикана ассоциациясын (ЛАСТ) құру туралы келісімге қол қойылды. 1961 жылы келісімге Колумбия мен Эквадор, 1966 жылы Венесуэла, 1967 жылы Боливия қосылды. Нәтижесінде ЛАСТ-қа 11 мемлекет енді. 1960 жылдың желтоқсанында Гватемала, Гондурас, Сальвадор, Никарагуа енген Орталықамерикандық жалпы нарық (ЦАОР) пайда болды. 1962 жылы оған Коста-Рика қосылды. 1961 жылы экономикалық интеграцияның Орталықамерикандық банкі дүниеге келді.

ЛАСТ және ЦАОР-ң мақсаты кедендік пошлиналарды біртіндеп төмендету және өзара сауданы кеңейте отырып ортақ нарыққа қол жеткізу. Дегенмен сыртқы сауданың ұқсас құрылымы, кедей материалдық база, ішкі аймақтық байланыстардың нашарлығы, жеке мемлекеттердің даму масштабтары мен

деңгейлеріндегі үлкен айырма интеграциядағы жедел табыстарға үміттенуге мүмкіндік беріледі.

Саяси интеграцияға тенденция 1964 ж. желтоқсанындағы Латынамерикан парламентінің құрылуынан көрінді. Бастамашылары Перу АПРА-сы, христиан демократтары және т.б. реформистік партиялары болды. Оның міндеті аймақ елдеріне Латынамерикан қауымдастығын құрғанға шейін интеграцияға қолғабыс ету еді.

1969 жылы еркін сауданың Латынамерикан ассоциациясының (ЛАСТ) ішіндегі интеграциялық ұйымдардан басқа Колумбия, Эквадор, Перу, Боливия және Чили мен Венесуэла сияқты Анд елдерінің субаймақтық одағы – Анд тобы құрылды. Анд мемлекеттерінің әріптестігі антиимпериалистік бағытқа ие болды. 1971 ж. Анд тобы мүшелері шетел капиталының ықпал ету сфераларын және түсімді шетелге шығаруды шектейтін шешім қабылдады. Ұлттық экономиканы дамыту, сондай-ақ шетел компанияларын біртіндеп ұлттық капиталы басым компанияларға ауыстыру шаралары қарастырылды. ЛАСТ-пен қатар 1975 жылы 25 мемлекет қатысқан Латынамерикандық экономикалық жүйе (ЛАЭС) жасалды.

Бірқатар елдер қосылмау Қозғалысына бет бұрды. Ол 1961 ж. қалыптасты. Алғашында оған Азия мен Африканың дамушы елдері кірді. Югославия мен Куба да қалмады. Қозғалыстың басты принциптері ұлы державаларды әскери блоктарына қатыспау, ұлттық тәуелсіздік үшін күресті қолдау, барлық мемлекеттерді бейбіт өмір сүру жағдайындағы дербес сыртқы саясатты ұстану. Келесі жылдары бұл қозғалыс үлкен күшке айналды. 1970 ж. оның құрамында 63 қатысушы мемлекет және 9 бақылаушы мемлекет болды. 60 жылдары Батыс жартышардан оған тек Куба ғана кірсе, 1970 ж. Гайана, Тринидад және Тобаго, Ямайка, 1973 ж. Аргентина, Перу, Панама кірді. Сонымен қатар, Қозғалысқа бақылаушылар ретінде 7 латынамерикан елі, Мексика, Венесуэла, Колумбия қосылды.

3.2 XX ғасырдың екінші жартысындағы американааралық (панамерикандық) жүйенің генезисі мен эволюциясы

Американ мемлекеттері арасындағы қатынастар жүйесінің қалыптасуы XX ғасырдың бүкіл бірінші жартысын алды. Панамерикандық өзара әрекеттестіктің саяси дәстүрі «ассиметриялы өзара тәуелділік» феноменінің пайда болуына әкелген бірқатар факторлардың ықпалымен болған тарихи жайттарға толы ортада қалыптасты.

Қуат пен ықпалдың, экономикалық потенциал мен салмақтың ассиметриясы - АҚШ пен Латын Америкасы мемлекеттері арасындағы қатынастар жүйесінің негізі еді. Ассиметрия, әрине, бір кездері халықаралық қатынастар тәжірибесінде сирек болатын деңгейге жетіп, бір кездері бірқатар факторлар ықпалынан теңесіп, уақыт бойында эволюцияға ұшырады.

Елдік специфика да айқын байқалды. XX ғасырдағы АҚШ пен Орталық Америка арасында қалыптасқан қатынастар кешенінде бұл қарапайым

ассиметрия емес, қуат пен ықпалдың сәйкессіздігі еді. Оңтүстікамерикандық гигант елдер: Бразилия және Аргентинамен қарым-қатынастар мүлдем өзге шамаларда еді.

1947 жылы Рио-де-Жанейродағы Консультативтік жиналыстағы қол қойылған мәтін анализі көрсеткендей, ол, әрине, соңғы жылдары әдебиетте талқыланып келгендей агрессивті әскери-саяси блок емес еді. «Рио-де-Жанейро Пактісі» Дания, Гренландияға жататын территорияларды, сондай-ақ Канаданың территориясы мен Кариб бассейніндегі бірқатар еуропалық метрополиялардың отарлық иеліктерін қамтитын территорияның 300 мильдік қауіпсіздіктің арнайы зонасын орнатса да сыртқы экспансиясына жатпады. «Америка әлеміне» қауіп төнген жағдайда ұжымдық әрекет ету механизмі халықаралық құқыққа қайшы келеді делінбеді. Оны толық қабылдау 1947 жылы өз-өзін ақтады, ол кезде жаңа ғана басталған «қырғиқабақ соғыс» қандай сценариймен өрбитіні белгісіз еді.

Егер АҚШ үшін аймақтық жүйенің қалыптасуы 1947 жылдың тамызындағы Рио-де-Жанейродағы Консультативті жиналыста аяқталса, Латын Америкасы үшін бәрі енді ғана басталуда еді. Боготадағы II Американаралық конференцияның екі айлық марафоны американ мемлекеттерінің Ұйымының Жарғысына қол қоюмен аяқталды.

Отандық әдебиетте МДВП және ОАГ Жарғысының мәтіндері жақсы талданған болатын. Басты мән берілген акцент Екінші дүниежүзілік соғыстан соң күшейіп алған АҚШ Латын Америкасын қысып алып, аймақ елдеріне өз шарттарын таңып қойғандығына жасалды.

Американаралық жүйенің басты конструкцияларының «құрылысын» талдау бірқатар қорытындыларға әкеледі. Американаралық жүйе АҚШ-ң күш жағынан басымдылығын бейтараптауы тиіс құқықтық алаңға шығаруға қызығушылық танытқан Латынамерикан мемлекеттерінің өздерімен «инициацияланды».

Сондай-ақ, 30 жылдары анық байқалған қарым-қатынастар ассиметриясын теңестіру инерциясы да маңыздылыққа ие. Басты Латынамерикан елдері бұл «жаңа теңдікті» «бір мемлекет – бір дауыс» деген принципке сүйене отырып заңды түрде тіркеуге тырысты. ОАГ-ң БҰҰ-мен салыстырғандағы үлкен ішкі демократизмі көзге түседі. ОАГ Жарғысында БҰҰ-ң Қауіпсіздік Кеңесі сияқты едәуір ықпалды мүше елдерден тұратын қандай да бір органды құру, не вето құқығы қарастырылмаған еді.

МДВП мен ОАГ Жарғысын жасауда латынамерикан делегациялары басқаны көздеді. Олар Екінші дүниежүзілік соғыстан соң нөмір бірінші супердержаваға айналған АҚШ-пен одақтық қатынастар латынамерикан мемлекеттеріне үлкен саясатқа шығуын жеңілдетіп, олардың әлемдік сахнадағы мәртебесін және салмағын көтеріп, экономикалық өсу үшін жағымды жағдайлар жасайды деп есептеді.

Тұтас алғанда американаралық жүйе жобасы жеткілікті түрде амбициозды және әлемдік практикада теңдесі жоқ еді. Американ мемлекеттерінің қатынастарын нақты құқықтық арнаға салып, оның халықаралық іс-әрекетінің

барлық жақтарын регламенттеу міндеті болған көпдеңгейлі халықаралық ұйым құралды.

Американааралық қатынастардың реалиилері көріне бастады: АҚШ және Оңтүстіктің мемлекеттері арасындағы қуат пен ықпалдың ассиметриясы кенет өсті. XX ғ. АҚШ осы жылдардағыдай ешқашан қуатты емес еді. Жалғыз ядролық супердержава бола отырып, әлемдік сауданың 1/3 бақылай отырып солтүстік өзінің гегемониялық мақсаттарын жасырмады. Ассиметрияны теңестіру мен қатынастардың горизонталды жүйесін жасаудың орнына қатал вертикалды бастама келді. АҚШ-ң экономикалық және әскери-саяси қуаты Батыс жартышар мемлекеттерімен қатынастарда тікелей проекциялана бастады.

40-50 жылдар АҚШ-ң Батыс жартышарда толық билік ету кезеңі еді. Ықпал етудің, гегемонияның аймақта шарықтауы еді.

Өзара көмек жөніндегі американааралық келісім қабылданғаннан соң біраз жылдан соң-ақ АҚШ үшін жартышар қауіпсіздігінің ұжымдық механизмі ретінде мәнін жоғалтқан еді.

АҚШ-ң 50 жылдары аймақтағы басты міндеті стратегиялық шикізат пен Панама каналы арқылы теңіз коммуникацияларының қауіпсіздігін сақтау үшін саяси кво-статусын қамтамасыз ету еді.

Осылайша, Вашингтон 40 жылдардың соңы мен 50 жылдардың басында американааралық жүйенің бұрынғы қарқынды аясында аймақ елдерімен қарым-қатынастарда қатаң вертикалды модель құруға тырысты. Бұл модель өзінің шарықтау шегіне Каракастағы (1954ж, наурызы) X Американааралық конференцияда жетті, онда АҚШ-на Гватемала, Мексика, Уругвай және Аргентинаның делегацияларының қарсылығына қарамастан «Американ мемлекеттерінің халықаралық коммунизмнің араласуынан саяси тұтастығын сақтаудағы ынтымақтастық Декларациясын» мақұлдауға қол жеткізді. Декларацияның мәне жүйе ішінде дисциплинаны қатайту және коммунистік қозғалыс орнаған елге қарсы ұжымдық әрекет жасауда еді. Осыдан бірнеше жылдан соң Гватемаладағы Х.Арбенстің реформистік үкіметі құлады.

Осы сәттен бастап американааралық жүйедегі тенденциялардың қатынас маятникі кері кетті. Бұл орталық пен жүйе перифериясының қатынастарындағы қақтығыс потенциалының өсуімен шартталды.

Екі Америка арасындағы қарама-қайшылықтардың өршуіне алғаш импульсті 40 жылдары басталған латынамерикан аймағының АҚШ-ң сыртқы саяси приоритеттері шкаласындағы орнын қайта қарау еді.

Қытайдағы революцияның жеңісі, КСРО-ң Шығыс Еуропадағы ықпал ету зонасының кеңеюі және 40 жылдардың аяғы мен 50 жылдардың басында белгілі болған кеңес-қытай стратегиялық альянсының перспективасы АҚШ-тан жаһандық бағдарларын өзгертуді талап етті.

Бұл аймақтың тылдық зонаға айналуы американааралық қатынастардың температурасын өзгертті және де көп күттірмей американааралық жүйе күрделі дағдарысқа ұшырады. Оның негізіндегі континенталды ынтымақтастық концепциясы дағдарысқа ұшырады, өйткені аймақтың өзі АҚШ-ң

стратегиялық қызығушылықтары шкаласындағы мәнін жоғалтты. 50-60 жылдары американааралық жүйе екі жаққа да керексіз болып қалды. Жүйені кубалық революция «сақтап қалды». Дәл осы қырғиқабақ соғыс оның аман қалуына импульс берді.

60 жылдар - Батыс жартышарының мемлекеттерінің халықаралық қатынастарының бүкіл жүйесіне ықпал еткен екі ірі тарихи эксперименттің басталу кезеңі еді. Мәселе, «жеке алынған» Куба аралдық мемлекетінде социализм құрылысы мен бұл жолға Дж. Кеннедидің ұсынысымен «Прогресс үшін одақ» бағдарламасы аясында бағдарламасы аясында «бейбіт реттелетін революцияны» қарсы қоюға тырысу жайлы.

Дегенмен, қанша күш жұмсағанмен Вашингтон үшін «партияның» басынан-ақ ұтылған Куба қоғамына тамырлары тереңдеп, енген антиамериканизмді Ф.Кастро сәтті түрде басқарушы тәртіптің идеологиясына айналдырды. Кубаның «басқа лагерьге» өтетіндігі айдан анық еді.

70 жылдардағы едәуір дамыған интеграциялық ұйымдардың бірі, әрине, Анд пактісі еді. 1969 жылы қол қойылған Картахен келісімі алты Анд елінің (Боливия, Венесуэла, Колумбия, Перу, Эквадор, Чили) интеграция үрдісіне бастама берді. Сонымен қатар бұл жылдары Анд тобы таза экономикалық ұйым аясынан шықты. Ұйым құрылымына сыртқы істер министрлерінің Одағы, Анд Парламенті, Анд соты және т.б. органдар кірді.

Сонымен қатар, онжылдықтың басында Анд тобы АҚШ-ң американааралық жүйені қайта құруға ұмтылудағы басты оппонентіне және солтүстік американдық шикізат корпорацияларының қызығушылықтарына нұқсан келтіруге бағытталған бірқатар ұжымдық акциялардың инициаторына айналды. 1971 жылы Картахен комиссиясының қабылдаған «24 шешімі» шетел инвесторларының пайданы сыртқа аударуын біршама азайтты.

1974 жылы Г.Киссинджер Латын Америкасымен тең партнерлыққа сүйенген «жаңа диалогты» жариялады. Мәселе аймақта дипломатиялық, сауда және әскери миссиялар санын азайту жолымен саяси араласуды төмендету, көмек көлемін азайту жайында еді. Бұл маневрдің көп жағдайда сәтті болғанын мойындау керек. 70 жылдары американа компанияларының меншігін национализациялау жүзеге аспады. Сонымен қатар, Латынамерикана нарығы үшін батысеуропалық елдердің және Жапонияның бәсекелестік күресінің өршуіне қарамастан, аймақтағы американа инвестицияларының көлемдері өсті, мәселен 70 жылдары көлем үш есеге артты.

Тұтас алғанда АҚШ бұл кезеңде өздерінің жоғары бейімделгіштік қабілеттіктерін көрсетіп, бірнеше мәрте американааралық қатынастардың дағдарыстық құбылыстарының өткірлігі басылды. Дегенмен, бұл саясаттың конструктивті бастамасы жоқ еді. Американааралық жүйе өз әрекет қабілеттілігінен айырылып, екі ортадағы диалог форумына айналды.

Латынамерикана курсы қайта құру Дж.Картердің (1976-1980) ірі сыртқы саяси акцияларынан басталды. Мәселе, ең алдымен Панама каналының мәселелерін шешу жайында еді. Оның үкіметі 1903 жылғы АҚШ-қа каналы келісімшартын қайта қарау және Панаманың да, АҚШ-ң және Латынамерикана

мемлекеттерінің де қызығушылықтарын қамтитын жаңа келісімшартқа отыруды ұсынды. Осылайша, 1977 жылдың 7 қыркүйегінде АҚШ президенті Дж.Картер және Панама лидері генерал О.Торрихас Батыс жартышардың көптеген елдерінің басшыларының қатысуымен жаңа келісімшартқа қол қойды, оның мәні канал зонасындағы американ әскерінің болуын біртіндеп демонстраждау және оны 1999 жылдың 31 желтоқсанына қарай Панама республикасының толық юрисдикциясы мен басқаруына беруде еді.

Дж.Картер администрациясында Орталық Америка сияқты жақын жатқан және геосаяси маңызды ауданда «адам құқықтары» саясатын жүзеге асыруда бірқатар қиындықтар туындады. Ақ үй бірнеше мәрте Орталық Американың да, Оңтүстік Конустың да режимдерін адам құқықтарын бұзғаны үшін сынға алған болатын. Осы елдердегі оппозициондық саяси күштермен байланыстар орнатылды. 1977 жылы тамызда Вашингтон Аргентина, Чили, Уругвай және Парагвайдың әскери режимдерін қазіргі заманғы техникалық күрделі жабдықтармен қамтамасыз етуге эмбарго енгізді. 1977 жылдың ақпанаурызында Аргентина, Уругвай және Бразилияның ізімен Гватемала мен Сальвадордың әскери режимдері Вашингтонның олардың ішкі істеріне араласуына қарсы протест белгісі ретінде американ әскери көмегінен бас тартатындықтарын жариялады.

70 жылдардың аяғы американааралық жүйенің фрагментациялана бастауымен сипатталды. Ол, отыз жылдан артық өмір сүріп, ол Құрама Штаттарға да, Латын Америкасына да керексіз болып қалды. Көптеген оңтүстік американ мемлекеттері саяси бағдарларына қарамастан, континенталды ынтымақтастық принциптеріне еруден бас тартып, әскери-саяси функцияларды шектеп, қауіпсіздік жүйесін экономикалық жағынан толықтыруды ұсынды.

Американааралық қатынастардың терең дағдарыс фазасына енуін «шығыс-батыс» конфронтациясының кезекті толқыны және 1980 жылы билік басына келген Р.Рейганның үкіметінің аймақты неоглобализм стратегиясына максималды түрде интеграциялауға ұмтылуы күшейтті.

Осылайша, он бес жылға дерлік уақыттан соң, АҚШ жаңа латынамерикандық жағдайларға, ең алдымен осы ауданда өз ықпалының төмендеуіне бейімделуге тырыса отырып, аймақта күш-қуатын қалпына келтіруге бағдар алды. Идеологтар идеологиялық гармонияға оралу және американааралық институттарды күшейтуді Латын Америкасын «Шығыс-Батыс» конфронтациясының кезекті ағымына ендіруден көрді. Р.Рейганның латынамерикан аймағындағы курстың негізіне салынған, «80 жылдардағы Жаңа американааралық саясаттың» мәні осыда еді.

Оның ең басты жетістігі орталықамерикандық қақтығыстың едәуір қауіпті және соғыстан кейінгі кезеңдегі реттелуі қиын қақтығыстардың біріне айналуында еді. Сонымен қатар, Орталық Америкадағы біржақты күш курсы американааралық жүйенің жаңаруына әкелмегенімен қатар, өз іс-әрекет қабілеттілігінен айрылды. Жүйедегі бейбітшілік орнату мен қақтығыстарды

шешу қызметтерін «орталықтың» саясаты тұйықтап тастады. Саяст тәртіпті қалпына келтіруге тырысу айқын сәтсіздікке ұшырады.

Бұл өткір қақтығыс жөнінде американааралық әрекеттестік жүзеге аспауымен қатар, он жылдықтың ортасына қарай Контадора тобы, кейін Рио тобына құралған басты мемлекеттер американааралық жүйенің шеңберінен тыс бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты ұстап тұрудың жаңа механизмдерін жасауға кірісті.

Орталық Америка мен Кариб бассейнінде 80 жылдардың басында жағдайдың ушығуымен бір уақытта Аргентина мен Ұлыбритания арасында Фолкленд (Мальвин) аралдары үшін қарулы қақтығыс орын алды. Американааралық қатынастардың контексінен онжылдықтар бойы тыс болып келген ағылшын-аргентин дауы 1982 жылы оның эпицентрінде болумен қатар, американааралық жүйе аясындағы әскери-саяси байланыстардың бүкіл жүйесінің бірден құлауына әкелді.

Алдыңғы онжылдықтағыдай АҚШ тағы да Аргентинаның Фолкленд аралдарына егеменді құқықтарын қорғап, Ұлыбританияның әрекеттері мен ЕО-ң санкцияларын даттайтын резолюцияны қабылдауға бағытталған латынамерикан дипломатиялық прессингіне жолықты. 1982 жылдың 26 сәуірінде ОАГ елдерінің сыртқы істер министрлерінің консультативті жиынында қабылданған резолюция шағын мазмұнына қарамастан, Біріккен Корольдыққа әскери әрекеттерді шұғыл тоқтатып, американааралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті бұзуы мүмкін акциялардан аулақ болу талабын қойды. Резолюция дауыстардың басым көпшілігімен қабылданды. Тек АҚШ, Колумбия мен Тринидад және Тобаго дауыс бермеді.

1982 ж. 29 мамырында қабылданған екінші резолюцияда АҚШ үкіметіне Аргентинаға қарсы санкциялардан бас тартып, Американааралық келісімдегі өзара көмекке сәйкес Ұлыбританияға материалдық көмек беруін қою талап етілді. Резолюцияға 17 мемлекет дауыс берді, қарсы ешкім болған жоқ, АҚШ, Колумбия, Тринидад және Тобаго, Чили дауыс бермеді.

Оңтүстік Атлантикадағы даудамай американааралық жүйенің 80 жылдардың басына қарай өзінің басты қызметтерін жоғалтып, тағы да отыз жылдан соң екі Америка арасындағы дипломатиялық күрес алаңына айнала бастағандығын көрсетті.

80 жылдар батыс жартышарда халықаралық қатынастар жүйесінің жаңа құрамдас бөлігінің дүниеге келу кезі еді. Мәселе саяси диалог пен коалициондық дипломатияның таза латынамерикандық құрылымдарының қалыптасуы жайлы.

Аймақ елдерінің коалициондық дипломатиясына алғашқы импульсты 80 жылдардың басында Орталық Америкада қақтығыстың өткір эскалациясы берді.

1983 ж. қаңтарында Мексика, Колумбия, Венесуэла және Панама Контадора тобын құрды. Ол осы аймақты демилитаризациялау мен онда шетел әскерін шектеуге негізделген бейбіт реттеудің өз жоспарын ұсынды. 1985 жылы Аргентина, Бразилия, Перу және Уругвай атынан «Контадораны қолдау

тобы» құрылды, бір жылдан соң екі топ жиылып, Рио тобын құрды, ал ол өз қатарында АҚШ-ң күрделі саяси контрагентіне айналды.

Дәл сол сәтте, яғни американааралық жүйе енді құлауға қалғанда 1990 ж. Дж.Буш администрациясы жариялаған атақты «Америкалар үшін бастама» дүниеге келді. Жоба негізінде батыс жартышарды тұтас сауда-экономикалық және инвестициялық кеңістікті қалыптастыру жатқан «Аляскадан Отты жерге дейін сәттілік пен гүлденудің бір зонасын» жасауды қарастырды.

Бір қарағанда, АҚШ-ң Латын Америкасы жаққа бұлайша кенет бағдарлануы АҚШ-ң басқарушы элиталарында құндылықтарды кезекті асыра бағалаумен ғана шартталмады, сондай-ақ американ экономикасы да, тұтас қоғам да екі Америка арасындағы өзара тәуелділік компоненттерінің әсерін сезе бастады.

Олардың арасынан, сауда-экономикалық компонентті ерекше ажыратуға болады. Латын Америкасындағы қаржы-экономикалық дағдарыстың АҚШ экономикасына ықпалы алғаш 1982 жылы айқын көрінді. 1983 ж. өзінде ғана Мексикадағы дағдарыс АҚШ экономикасы үшін жүздеген мың жұмыс орнын жоғалтуға әкелді. Мексика 25 млрд. долл. қарыз болған американ банктерінің халі мүшкіл еді. Мексиканың қаржы-экономикалық «коллапсы» осы елдегі 10 миллиардтық американ инвестициялары үшін тікелей салдарға ие болды.

Ары қарайғы уақытта, АҚШ-ң Латын Америкасындағы қаржы-экономикалық дағдарысқа тәуелділігі одан әрі айқындала бастады. «Форрин Афферс» журналындағы мәліметтер бойынша, осы онжылдықта АҚШ әр жыл сайын осы дағдарыстан 20-30 млрд. долл. жоғалтып отырған, ал мұның өзі жүздеген мың жұмыс орнын жоғалтумен қатар жүрді.

80 жылдары бұл проблемаларға қоса, өзара тәуелділіктің басқа да компоненттері де қосылды. Мәселен, осы он жылдықта АҚШ-ты Оңтүстіктен миграциондық толқын бас салды. Мұнда мәселе көршілес Мексикадан, заңсыз миграцияның кенет өсуінде ғана емес, Орталық Америкадағы қақтығыс АҚШ-на миграциялауға үлкен түрткі болды. Тек Сальвадордан ғана босқындар саны 500 мың адамнан асты. Кариб бассейні елдерінен мигранттар ағымы кенет артты. Осыған байланысты әлеуметтік сферада, есірткі және қару-жарақ контрабандасымен күресте, қылмысты ауыздықтауда жаңа өткір мәселелер туындады.

Тұтас алғанда, «Америкалар үшін бастама» немесе «Буш жоспары», әрине, бір мезгілде туындаған жоқ. Ең алдымен, ол басқарушы элита ойшылдарының біршама өзгерген жаһандық әлемдік контекстке реакциясы ретінде болды. «Қырғиқабақ соғыстың» басылу үрдісі экономикалық қуаттың жаңа полюстерінің өсуші ықпалын көрсетті. 1993 жылға қарай Батыс Еуропада бір ортақ нарықтың қалыптасу үрдісі аяқталуы керек еді, ал мұның өзі американ профессоры М.Розенбергтің жазғанындай, бұл ұйымға қалыптасушы жаңа әлемдік экономикалық жүйеде орталық рольді қамтамасыз ететін болады. «Тынық мұхит эрасы» Азия-Тынық мұхиты аумағына сауда және қаржы ағымдарын ығыстырып, Жапонияны әлемдік қаржы лидері және жаңа мегаблоктың орталығы ретінде болуға әкеле жатты.

«Америкалар үшін бастама» американааралық қатынастарды біршама қозғалтты. XX ғ. алғаш Вашингтон бір интеграциялық кеңістік құрудың басты инициаторы болды. Тек 1991-1992 ж.ж. АҚШ Латын Америкасы мен Кариб бассейнінің бүкіл интеграциондық топтарын қамтитын еркін сауда зонасын құру туралы жақтаулы келісімге қол қойды.

90 жылдардың басындағы американааралық қатынастарды қазіргі күнгі жағдайлар тұрғысынан қарағанда, «Буш жоспары» да, одан кейінгі демократиялық, республикалық администрациялардың қадамдары да басқаға қарамағанда тиімді саяси-демократиялық маневр болған деген қорытындыға келуге болады. Жүйенің орталығы периферияға жылжып қана қоймай, өзінің нақты әрекеттерімен керіні дәлелдеді. Сондай-ақ қырық жылдан соң Латын Америкасының Вашингтонның жаһандық стратегиясына жаңа «қосылуы» 80 жылдары тоқтап қалған американааралық диалогқа басқа контекст берді.

АҚШ-ң Латын Америкасына қатысты бағдарының тағы бір дәлелі, 1991 ж. Мексиканы 1988 ж. құрылған еркін сауданың американа-канадалық зонасына қосу туралы келіссөздердің басталуы еді.

Батыс жартышардың 34 мемлекетінің 1994ж. Майамиде кездесуі АҚШ-н және аймақ елдерінің жақындасу тенденциясының шыңы еді. Саммит нәтижесінде «Даму және гүлденуге бағытталған серіктестік принциптерінің Декларациясы» және де 100 пункттен тұратын «Әрекеттер жоспары» қабылданды.

Дегенмен, бұл бағыттағы жылжу инициаторлардың ойларындағыдан шықпай, мәселелерге толы болды. Клинтон администрациясы Чилиді НАФТА-ға қосуды қамтамасыз ете алмады. Және де біршама табысқа жеткен Оңтүстік Конустың Ортақ нарығы (МЕРКОСУР) шын мәнінде аймақтық мегаблокқа айналды, ол бір панамерикандық интеграциондық кеңістікті құрудың солтүстік американдық жобасының орнына өзінікін ұсынды.

90 жылдардың басында американааралық форумдардың басты тақырыптарының бірі ретінде демократиялық жүйелерді қолдаудың аймақтық механизмдерін құру мәселесі еді. Өз қатарында американа мемлекеттерінің ұйымы үшін демократиялық дамуды қамтамасыз ету жаңалық емес еді. Және де мемлекеттердің демократиялық құрылымы принципін бекітуде ОАГ БҰҰ-н біршама басып озды.

Бұл принциптің қырық жылдан астам уақыт бойы жүзеге аспауының басты себептерінің бірі американааралық жүйе басынан «Шығыс-Батыс» қуат схемасына біріктіріліп келуі еді. Құрама Штаттар Realpolitik аясында қандай да бір режимге қатысты басты критерий ретінде «коммунистік қауіпке» қарсы әрекеттегі лояльдылықты қарастырды.

Аймақтың көпшілік елдерінің басшылары АҚШ-ң «демократияны қорғау» бойынша ұжымдық акцияны ұйымдастыруға тырысуларының әрқайсысында оның өзіне жағымсыз саяси режимді жойып, өз лагерінде тәртіп орнатуға ұмтылуын көрді. Олар үшін араласпау принципі басты стратегиялық міндетке айналды. Бұл жағынан режимдердің де, диктатуралардың да қызығушылықтары сай келді де олардың 70 жылдардағы ОАГ Жарғысында

«идеологиялық плюрализм» принципін бекітуге бағытталған күресінде жүзеге асты.

XX ғасырдың соңғы он жылдығының басында демократиялық жүйелердің қауіпсіздігі мәселесі, әсіресе Рио Тобының арқасында, ОАГ-ң күн тәртібіне енгізіліп, онда орталық тақырыптардың бірі ретінде орын алды.

АҚШ үшін аймақтағы жаңа жағдай өте тиімді болды. Өйткені ол «қырғиқабақ соғыстың» қалдықтарынан толығымен арылуға мүмкіндік берді. Дәстүрлі американ құндылықтарына оралудың көрінісі болып 90 жылдардың басынан бастап демократиялық құрылым және адам құқықтары жиырма жылдан соң қайтадан Вашингтонның аймақтағы басты міндеттері ретінде алға қойылуы табылды. Б.Клинтонның администрациясы осы принциптерді ең жоғары етіп қойды.

Онжылдықтың басында «күштеп демократизацияландырудың» басты объектісі Куба болды. 90 жылдардың басында американ-куба қақтығысы тұрақты тынышсыздық күйінен шықты. 1992 жылдың мамырында Дж.Буш, Конгресспен мақұлданған, сауда-экономикалық санкциялардың қатаңдауын қарастыратын, «Торричелли Актісі» ретінде белгілі «Кубада демократияны қолдау Актісіне» қол қойды.

Латын Америкасы елдерінің көпшілігі «Торричелли Актісінің» қабылдануына абайлықпен қарады. Бұл кез, аймақта солтүстік американдық интеграциялық блогына қосылу эйфориясының шыңы еді. Сондай-ақ, соғыстан кейінгі бейбітшіліктің жойылуынан кейін Латын Америкасы АҚШ-пен бірге-бір қалды және жаңа геосаяси жағдайда бейімделу жолдарын іздеді. Осының барлығы аймақтың басты елдерінің сыртқы саяси курсына тежеуші ықпал етті. Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттер, ең алдымен Мексика, Колумбия, Бразилия заңның экстерриториалды сипатына сын білдірді. Дегенмен, көптеген мемлекеттер Кубаның енгізген, 1992 ж. қыркүйекте БҰҰ ГА сессиясындағы резолюция жобасына дауыс беруден бас тартты. Ол жоба АҚШ-ң аралдың экономикалық блокадасын қатайту шараларын сынға алған еді.

Дегенмен, бір жылдан кейінгі дауыс беру мүлдем басқа болды. Резолюцияны қолдаған латын-кариб мемлекеттерінің саны екі есеге өсіп, жиырма беске толды. Келесі жылдары да, мәселен 1999 ж. 157 мемлекеттің ішінде резолюцияны 28 латын-кариб елдері қолдады. АҚШ пен Израиль ғана кері дауыс берді.

Ең басында, 1995 ж. сенатор Дж.Хелмс пен Д.Бертон жасап, 1996 ж. 12 наурызда Б.Клинтон қол қойған Кубамен азаттық және ынтымақтастық туралы Заңға аймақтың көпшілік елдерінің реакциясы теріс болды. «Торричелли Актісі» күткен нәтижелер бермеген жағдайда және кубалық басшылардың экономикалық жағдайды тұрақтандыруға және тіпті 1994-1995 ж.ж. экономикалық өсімге қол жеткізуге мүмкіндік туған кездегі енгізілген заң жобасы эмбаргоны біршама қатайтуға бағытталған еді.

Тұтас алғанда, 90 жылдардың аяғына қарай Батыс жартышарда «демократияны алға бастыру» саясатында бір-бірімен жанаспайтын екі көзқарас орын алды. Бірі, Құрама Штаттардың «күштеп демократизациялау»

бойынша біржақты шаралары, енді бірі, Латын Америкасының басты мемлекеттері ұстанған, ОАГ арқылы күш қолданусыз көпжақты ықпал ету еді.

Аймақта кез-келген бір жақты шараларды өткір қабылдауды аймақ елдерінің көпшілігінің Хелмс-Бертон заңын қабылдамауы ғана көрсеткен жоқ. Бұған қатысты НАТО-ң 1999 ж. наурыз-мамырындағы Югославияға қатысты әскери акциясына реакцияны айтуға болады. Рио тобы, шын мәнінде бомбалауға қарсы шығып, Солтүстік Атлантикалық альянсты халықаралық құқықты бұзғаны үшін кінәлаған жалғыз аймақтық ұйым болып шықты.

1999 ж. Комиссия көпжақты бағалау механизмін (ММО) мақұлдады. ОАГ-ң Бас Хатшысы С.Гавирия өзінің жыл сайынғы баяндамасында атап өткендей, ММО Батыс Жартышарда есірткі бизнесімен күрестегі ортақ күш жұмсауды бақылауға бағдарланған. Ортақ жауапкершілік, кешенді көзқарас және ұлттық заң шығаруды құрметтеу принципіне негізделген ММО санкцияларды қолдануға емес, есірткімен соғыстағы әріптестікке бағдарланған еді.

ОАГ ГА-ң Гватемаладағы (1999 ж. 6-8 маусымы) сессиясында жаңа ұжымдық механизм – терроризммен күрес бойынша Американааралық комитет құрылды.

Жүйе аясында жаңа құрылымдардың іс-әрекетінің тым қысқа мерзімі, өкінішке орай, олардың шынайы тиімділігі жайлы белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. ММО құру, сөзсіз, осы облыстағы көпжақты әріптестікті ретке келтіру жолындағы маңызды қадам болды. Бағалау критерийлері жасалып, халықаралық сараптаушылар тобының жұмысқа кіріскендігі жөніндегі фактінің өзі латынамерикан мемлекеттерінің көпшілігінің есірткімен күресте ортақ күш жұмсауды арттыруға шынайы қызығушылық білдіргендіктерін көрсетеді. Оған қоса, АҚШ ол істі қандай да бір көпжақты органға функцияларды бергілері келмеді. Және де Құрама Штаттар өз ұлттық қызығушылықтарын қамтамасыз етуде американа шарттарында бірігіп әрекет етуді қатаң талап етіп қана қоймады. Ол шарттар ұлттық мемлекеттің барлығы дерлік жақтарын қамтыды: конституциялық құрылым, сот жүйесі, әскери-азаматтық қатынастар, әлеуметтік саясат, банк ісі. Осы позициялардың барлығы бойынша аймақ елдері есірткімен күрестің американдық стратегиясына ерулері міндетті болды. Осының өзі қарсы әрекет ету мен бас тарту реакциясын тудырғаны сөзсіз.

XXI ғасырға АҚШ пен Латын Америкасы мәселелердің үлкен жүгімен енді, ол мәселелер бойынша олардың позициялары жаңа әлемдік тәртіпті әртүрлі көруден бастап, бір жақты сертификациялар, сауда протекционизмі, мигранттардың құқықтарын кемсіту сияқты нақты мәселелермен аяқтағанда сәйкес келмейді. Бұл тізімді ары қарай жалғастыра беруге болады және осының бәрі бір халықаралық-құқықтық кеңістік аясында көпжақты негізде қайшылықтар мен өзара әрекеттестікті шешуге септігін тигізетін жүйенің қажет екендігін көрсетті.

3.3 Латын Америкасындағы ХХ ғ. 80-90 ж.ж. интеграциялық үрдістердің ерекшеліктері

90 жылдардың басында аймақтың Аргентина, Бразилия, Мексика сияқты ірі елдерінің дамуында тұтас Латын Америкасына тән құбылыстар орын алды. 80 жылдардың оқиғаларында басқарудың конституционалдық формаларын кеңейту мен бекітуге тенденция көрінді. Бірақ, орнатылған демократиялық режимдердің консолидациясына әлі ерте еді. Өткір әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық сақталды. Армия мен консервативті күштер биліктің тікелей тұтқаларына қашықтап, өз ықпалды позицияларын ұстап тұрды. Кей жағдайларда саяси тұрақсыздық сақталып, ушығып отырды. Тұтас алғандағы латынамерикан республикаларының әлеуметтік-саяси дамуында біршама оң алға басулар орын алды.

Конституциондық үкіметтер алдында диктатуралардың басқаруының негативті салдарын жою және модернизация саясаты түскен дағдарыстан шығу жолдарын іздестіру міндеті тұрды. Оған қол жеткізу оңай емес еді. Валютаның жеткіліксіздігі, жиі, импортты және қажетті өндіріс құрал-жабдығын шектеуге мәжбүрледі. 1988 ж. жеке латынамерикан капиталының аймақтан тыс суммасы 400 млрд. долл. жетті. Қарыз елдер өз қарыздары мен оның пайыздарын өтеу үшін жаңа қарыздар алуға мәжбүр болды. Бірақ, аймақ елдерінің төлеу қабілеттілігінің нашарлығынан Латын Америкасына 80 жылдары қарыз бен несие ағымы 4 есе азайды. Бұл экономикалық өсудің тежелуіне әкеле жатты. Латын Америкасындағы ВВП 1984-1986 ж.ж. жылына орташа 3,6%-ға, ал 1987-1989 ж.ж. – 1-кем пайызға өсті. 1990 ж. ВВП Бразилия, Аргентина, Перу есебінен 1%-ға жуық азайды. Венесуэла, Колумбия, Коста-Рика, Сальвадор мен Чилиде 1990 ж. ВВП өсті. 1990 ж. басына қарай жан басына келетін өнім көлемі көпшілік елдерде 1980 жылдан төмен болды. Соған сәйкес 80 жылдарды латынамерикан елдері «жоғалтылған он жылдық» деп атап кеткен. Жан басына келетін ВВП бойынша Латын Америкасы Африка мен Азияның дамушы елдерінен үш есе алда болса, әлемнің жоғары дамыған елдерінен 7-9 есе артта қалды. Инфляция шарықтау шегіне жетті: орташа, аймақ бойынша ол 1986 жылы 65%-ға, 1988 ж. 470%, 1989 ж. 1200%-ға жетті.

Латын Америкасындағы интеграция үрдістері әртүрлі формада дамыды. 10 оңтүстікамерикандық республика және Мексикадан құралған еркін сауданың Латынамерикан ассоциациясы (ЛАСТ) 1980 ж. интеграцияның Латынамерикан ассоциациясы (ЛАИ) болып өзгертілді. Басты назар енді нақты салалар бойынша өндірістік кооперациялау мен экономика және экспортты дамытудың ортақ бағдарламаларына аударылды. 80 жылдардың ортасына қарай ішкі аймақтық экспорттың үлесі Латын Америкасы жалпы экспортының 16%-н құрады. 1990 ж. маусымында ЛАИ мүшелері ортақ кедендік пошлиналарды 10-20%-ға қысқартуды және бірқатар протекционистік шараларды алып тастауды шешті. Латынамерикан парламенті қызмет атқарып тұрды. 1992 жылы желтоқсанда Сан-Паулуда оның

штабпәтері ашылды. Орталықамерикандық ортақ нарық (ЦАОР) 80 жылдары субаймақтағы қақтығыстық жағдай кесірінен әрекетсіз еді. Бірақ, 80-90 жылдардың тоғысында Орталық Америкадағы интеграциялық байланыстар ояна бастады.

Латынамерикан экономикалық жүйесі (ЛАЭС) аясында әріптестік дамыды. ЛАЭС дамушы елдермен экономикалық қатынастардағы теңсіздікке қарсы шықты.

1976 жылы құрамынан Чили шығып кеткен субаймақтық Анд тобы 5 мемлекеттен (Венесуэла, Колумбия, Эквадор, Перу және Боливия) құралып қалды. Ол шетел капиталы үшін шектеулерді жұмсартты. 80 жылдардың аяғында оның іс-әрекеті біраз оянып, қатысушылары арасындағы өзара сауда ұлғайды. 1990 ж. қарашасында бес анд елінің басшылары еркін сауда зонасын құруға, кеден барьерлерін жоюға, бір кеден одағын құрып, экономикалық дамуды координациялауға келісті. Бұл жоспарды жүзеге асыру 1995 ж. қол жеткізілді. Олар есірткі бизнесімен ортақ күрес пен құршаған ортаны қорғауға шықты. Анд тобы жалпы аумағы 4,7 млн. км², халқы 95 млн. адам, ВВП- 115 млрд. елдерді біріктірді.

1978 Бразилия, Анд елдері, және де Гайана мен Суринамнан құралған Амазонка пактісі пайда болды. Оның мақсаты Амазонка бассейнінде климаттық тепе-теңдікті сақтау, игеру және экологиялық қорғауда әріптестікте болу.

1984 ж. маусымында Колумбияда он бір елдің экономика, қаржы және сыртқы істер министрлерінің ішкі қарыз және де басқа экономикалық және саяси мәселелер бойынша конференциясы өтті. Картахен тобы мүшелерінің кездесулері үнемі болып тұратын болды, бірақ оның іс-әрекеті аз тиімді боды. Бұл оның жеті мүшесін (Аргентина, Бразилия, Мексика, Венесуэла, Колумбия, Перу, Уругвай) оған параллельді 1986 жылы Рио-де-Жанейро тобын құруға мәжбүр етті.

1986 жыл тамызында Аргентина – Бразилия интеграциясы құрылды. Оның мақсаты, Оңтүстік Американың екі ірі республикаларының арасында болған бәсекелестікті, олардың экономикалық қуаттарын біріктіру мен ауыстыру еді. Бұл интеграцияда ядролық энергия және гидроэнергетика, автомобиль жасау, электроника және т.б. облыстарда өндірістік кооперация дамыды. 1991 жылы 26 наурызда Аргентина, Бразилия, Уругвай және Парагвайдың басшылары Асунсьонда Американың оңтүстік елдерінің ортақ нарығын (МЕРКОСУР) құру туралы келісімге қол қойды.

Интеграциялық үрдістер Кариб бассейнінде де дамыды, онда 1973 жылдан бастап Кариб қауымдастығы өмір сүрді, оған ағылшынтілді мемлекеттер мен Кариб бассейніндегі Ұлыбританияның территориялары кірді. Кариб қауымдастығы аясында Кариб Ортақ Нарығы әрекет етті, оның мақсаты өз мүшелері арасындағы кедендік пошлиналарды біртіндеп төмендетіп, жою, бір кедендік саясатты жасап, даму жоспарларын координациялау. Кариб ортақ нарығының ішінде жергілікті Шығыс Кариб ортақ нарығы бар болатын. Оның

Гренада, Доминика, Сент-Винсент және Гренадины, Сент-Люсия сияқты мемлекеттері 1991 жылы саяси интеграциялық одақ құруды шешті.

Солтүстік көршілермен экономикалық жақындасу идеясы Латын Америкасында 1990 жылы өткір талқылана бастады. АҚШ президенті Дж.Буш 1990 жылы 27 маусымда Батыс жартышарда «жаңа экономикалық әріптестік» идеясын ұсынды. Ол АҚШ, Канада және Латын Америкасынан құралатын еркін сауда мен инвестициялар зонасын құрып, оның американааралық ортақ нарықтың негіздерін қалайтынына үміттенді. Американааралық даму банкінде Латын Америка мемлекеттеріндегі экономикалық бағдарламаларды қаржылаудыру үшін арнайы фонд құрып, экономиканы «либерализациялау» мен сыртқы сауда жолына түсетін елдердің қарыздарын сызып тастау қарастырылды. Буштың бастамасы көптеген латынамерикан үкіметтері тарапынан оң баға алды. Мексика 1990-1991 жылы АҚШ-мен құрамына Мексика, АҚШ және Канада кіретін (НАФТА) еркін сауданың солтүстік американдық зонасын құру туралы келіссөздер жүргізе бастады. 1992 жылы бұл келісімге қол жеткізіліп, 1994 жылы 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

1993 жылы қаңтарда АҚШ президенті орнына ие болған демократ Б.Клинтон Вашингтонның Батыс жартышарында еркін сауда режимін дамыту мен демократияны бекітуді тек аймақ елдері экономикалық реформаларды белсендендірген кезде ғана жалғастырады деп жариялады.

18 латынамерикан мемлекетінің Қытаймен дипломатиялық қатынастары бар еді, ал олардың өзара тауар айналымы 1989 жылы 3 млрд. долл. асты. ҚХР өкілі Ян Шанкунның Мексика, Бразилия, Аргентина, Чили мен Уругвайға тарихта алғаш келуі Қытайдың Латын Америкасымен әріптестігін бекітті. Жапония және т.б. Азия-Тынықмұхиттық аймақ елдерімен байланыстары артты.

Латынамерикан елдері Латын Америкасында ядролық қарусыз зона туралы Тлателолько келісімінің тиімді түрде сақталуына күш салды. Оған 80 жылдардың аяғында аймақтың 27 мемлекеті қол қойған болатын. 1991 жылы Аргентина мен Бразилия өз территорияларында ядролық қаруды жасау, игеру және орналастырудан бас тартатын екі жақты келісімге қол қойды. 80 жылдардың екінші жартысында Бразилия, Аргентина, Уругвай үкіметтері оңтүстік Атлантиканы бейбітшілік пен әріптестіктің ядролық қарусыз зонасына айналдыру үшін шықты.

3.4 Қазіргі халықаралық қатынастардағы Латын Америкасы

90 жылдар Латын Америкасы үшін осы аймақтың мемлекеттерінің халықаралық іс-әрекетіне біршама ықпал еткен, саяси және экономикалық салада сапалы алға басулардың он жылдығы болды. «Жоғалтылған онжылдықтың» салдарын бастан өткерген соң аймақтың көпшілік елдері экономикалық өсім жолына түсті. Егер де аймақ бойынша ВВП өсімінің орташа көрсеткіші жылына 2% шамасында болса, Мексика, Чили, Аргентина,

Бразилия сияқты алдыңғы қатарлы елдерде он жыл сайын минимум екі есеге өсіп отырды.

Мұндай экономикалық жетістікке қол жеткізу аймақтың көптеген елдерінің онжылдықтың алғашқы жартысында жасаған құрылымдық өзгерістерінің арқасында еді. Олардың негізінде экономиканы ашу бойынша шаралары жатыр еді, мәселен сауда режимін либерализациялау, қаржы жүйесін сауықтандыру, меншіктендіру. Осы жылдары белсенді сыртқы сауда саясатына көшкен еді. 1990-1996 ж.ж. аймақтың алдыңғы қатарлы елдерінде сыртқы сауда өсімінің темпі әлемдегі ең жоғарылардың бірі еді. Осы жылдары жағымды инвестициялық климатты жасау бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Латын Америкасына шетел капиталының ағымы он жылдықтың ортасына қарай жыл сайын орташа 50 млрд. долл. құрады.

Онжылдықтың аяғында орын алған «азиаттық» қаржы дағдарысы Латын Америкасын да айналып өтпеді. Ол, әсіресе, Бразилияда күшті болып, онда 1998 ж. шетел инвесторларының қаржы нарығынан қаржылардың кері ағуы күшейді. Тұтас алғанда, 1998 ж. аймақтағы экономикалық өсім темптері 1997 жылғымен салыстырғанда екі еседен көп қысқарды. Соған қарамастан, қаржы дағдарысы 90 жылдары болған алға секірістің нәтижелерін толық сызып тастай алмады.

Бірқатар өзгерістер әлеуметтік-саяси даму облысында да орын алды. Өткен онжылдықтың ортасында басталған демократизация мен басқарудың азаматтық түріне көшу үрдісі конституциондық режимдерді тұрақтандыруға әкелді.

Батыс Жартышардағы халықаралық қатынастардың анықтаушы белгілерінің арасында, әрине, ең алдымен интеграциялық үрдістердің кенет белсенденуін атап өту керек. Оған күшті серпіліс берген «Америкалар үшін бастама» еді. Онжылдықтың басында-ақ ол АҚШ-ң латынамерикан елдерімен қатынастарын жақсартқан еді. 1991 жылдың өзінде-ақ Құрама Штаттар еркін саудаға көшу жөнінде келісімдерге сол кездегі бар субаймақтық ұйымдармен отырды, мәселен Кариб Ортақ Нарығы (КАРИКОМ), Орталық американдық интеграция жүйесі (СЦАИ), Анд пактісі, Оңтүстік конустың Ортақ нарығы (МЕРКОСУР), еркін сауданың Солтүстік американдық зонасы (НАФТА).

АҚШ-ң латынамерикан аймағына үлкен қызығушылығы келесі факторларға байланысты еді. Қырғиқабақ соғыс аяқталған соң екі күшті экономикалық мегаблок, яғни Батыс Еуропа мен АТР-де, қалыптасқан еді. Экономикалық және саяси қуаттың жаңа полюстерінің қарқынды қалыптасу фондында американдық экономикасындағы қиындықтар байқалды. Осыған қатысты солтүстік американдық нарықты қалыптастыру американдық экономикасына жаңа дем беріп, арзан жұмыс күші мен Мексика мен Канаданың табиғи ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік берер еді.

«Америкалар үшін бастаманы» оятқан маңызды жағдай - аймақтың қалған бөлігі арасындағы өзара тәуелділіктің өсу үрдісі еді. Бұл қатыстағы айтулы алға жылжулар 80 жылдары болды. Құрама штаттар, алғаш рет Латын Америкасындағы қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарының өздеріне

әсерін сезгендей болды. Ол сауда көлемінің азаюына байланысты жүздеген мың жұмысшылардан айырылуда, оңтүстіктен заңсыз миграцияның бақылаусыз ағымынан көрінді.

«Екі Американың» өзара тәуелділігінің күшеюінің тағы бір факторы есірткі бизнесі мен наркотрафик мәселелерінің кешені еді. Батыс Жартышарда есірткінің әлемдегі ең ірі өндірушілері Колумбия, Перу, Боливия, мен Мексика орналасқан. Онжылдықтың басына қарай Құрама Штаттар наркотрафикпен күресті «американ ұлтының болашағымен» тікелей байланысты, ұлттық қауіпсіздіктің басты проблемаларының бірі ретінде жариялады.

Оңтүстік пен Солтүстіктің өзара тәуелділігінің өсуі американо-мексикано қатынастарында айқын көрінді. Мексиканың НАФТА-ға қосылуы онжылдықтар бойы «үнсіз» интеграциямен дайындалған еді, соның нәтижесінде екі жақты қатынастардың күрделі кешені қалыптасты. НАФТА-ға қосылуға қатысты келіссөздер үрдісі 1993 ж. аяқталды. Мұның өзі «үлкен жетілік» мүшелерінің, яғни АҚШ және Канада мен дамушы Мексиканың интеграциясы бойынша өте үлкен тарихи эксперименттің басталғанын білдірді.

Тұтас алғанда, 90 жылдардың алғашқы жартысын «екі Американың» жақындасу кезеңі, американоаралық қатынастардың гармонизацияның кезі деуге болады. Нәтижесі немесе ол қатынастардың шыңы ретінде 1994 ж. 10-13 желтоқсанында Майамидегі отыз төрт мемлекет басшыларының кездесуі еді. Дегенмен, саммитті дайындау кезінің өзінде-ақ оның міндеттеріне көзқарас әртүрлі болды. Құрама Штаттар кездесу тематикасын Б.Клинтон администрациясының саясатының дәстүрлі постулаттары аясында тұйықтауға тырысты. Олардың ішінде НАФТА-ға басқа мүшелерді алу жоқ еді.

Латыноамерикан мемлекеттері саммиттен нақты сұрақтың жауабын күтті: АҚШ еркін сауда зонасын қалайша кеңейтпекші? Кездесу нәтижесінде 2005 жылға қарай еркін сауданың Панамерикандық зонасын құру жарияланды.

Тұтас алғанда, 90 жылдардың бірінші жартысы американоаралық қатынастарда центрге тартқыш тенденцияның басымдылығымен сипатталды. Қырғиқабақ соғыстан кейін ҚШ Латын Америкасына біржолата бет бұрады деген үміт үзілмегендей болды. Сондықтан да аймақтың көпшілік елдері ҚШ-н «бірполярлы әлемдік тәртіпті» құру қадамдарына байсалдықпен қарады. Бұл, өз қатарында 90 жылдардың басында сыртқы саяси белсенділіктің белгілі мөлшерде шектелуіне әкелді.

Дегенмен, Майамидегі саммиттен соң күтулердің орнына еркін сауданың континенталдық зонасы мен тұтас әлемдік тәртіп болашағына қатысты прагматикалық баға берулер келді. Ең алдымен, бұл Мексикадағы жағдайлармен байланысты еді. Ийяпас (1993 жылы желтоқсанда) штатындағы көтерілістен соң қаржылық нарықтың бұзылуы мен тұрақты Мексикано песосының құлауы орын алды. Әрине, Мексиканың еркін саудасының Солтүстікамерикандық зонасына қосылуы мен бұл елдің саяси және экономикалық тұрақсыздыққа ұшырауының арқасында ешқандай байланыс жоқ. Бұл Мексикано қозғалысында тереңдеп кеткен қарама-қайшылықтардың

нәтижесі болған болар. Бұл жағдай Вашингтонды тағы да Мексиканы «алып шығуға» мәжбүр етті. Мексикадағы тұрақтылық – АҚШ-ң ұлттық қауіпсіздігінің дәстүрлі компоненті екенін атап өту керек.

Тұтас алғанда, онжылдықтың ортасына қарай НАФТА-ң кеңесі мәселелерге толы еді: АҚШ конгресі бұл ұйымға Чилидің кіруіне жол бермеді, ал бұл мәселе 1994 жылы іс жүзінде шешілген сияқты болатын.

Сонымен қатар, халықаралық қатынастарда басқа интеграциялық ұйым – Оңтүстік конус елдерінің ортақ нарығы (МЕРКОСУР) елеулі рөл атқара бастады. Ол Батыс жартышардың едәуір дамыған интеграциялық блогына айналды және де ол Латын Америкасының территориясының 60%-н, халқының 46%-н, ВВП-ң шамамен 50%-н қамтыды.

90 жылдардың екінші жартысына қарай МЕРКОСУР экономикалық потенциалы бойынша төртінші орындағы интеграциялық блогқа айналды, ВВП көлемі бойынша АСЕАН елдерімен теңесті. Онымен қатар аймақтан тыс байланыстар белсендене бастады. 1995 жылы 15 желтоқсанда Мадридте МЕРКОСУР мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік туралы келісімге қол қойылды.

Онжылдықтың ортасында еркін сауданың ортақконтиненталдық зонасын құруға қатысты екі келіс орын алды. ҚШ мен Канада НАФТА-ға әрбір жаңа мүшенің қосылуын жеке қарастыруды ойласа, МЕРКОСУР елдері келіссөздердің блокаралық сипатын ұсынды.

1998 жыл сәуірінде Сантьягода, Чилиде Америкалар басшыларының екінші саммиті өтті, ол еркін сауданың ортақконтиненталдық зонасын құрудың схемасы мен графигін нақты белгілеп, ең бастысы екі топ және оның лидерлері – ҚШ мен Бразилия арасындағы қайшылықтарды жоюы керек еді. Бірақ, бұл толық орындалған жоқ. Қорытынды құжаттарды 2005 жылға қарай Батыс жартышарда бір интеграциялық кеңістікті құру туралы шешімді бекітетін жалпы бағдарлар ғана көрініс тапты.

90 жылдардың ортасына алдыңғы қатарға Рио Тобының шығуы тән еді. 80 жылдары Орталық Америкадағы қақтығысты реттеуге үлкен үлес қосқан Контадора тобының ізбасары ретіндегі ол халықаралық қатынастарды ықпалды мүшесіне айналды.

Оның іс-әрекетінің сипаты мүше-елдердің басшыларының 1997 жылы қыркүйектегі Асунсьон қаласындағы 11-ші кездесуінің мазмұнынан көрінді. «Асунсьонның мемлекеттердің егемендігі және заңды теңдігі туралы Декларациясы» - негізгі құжатында жаңа, әділетті әлемдік тәртіпті қалыптастырудың жалпы принциптері жасалып, демократиялық құндылықтарға, адам құқықтарын құрметтеуге адалдық аталды. Сондай-ақ, қару-жарақты заңсыз сату және наркотрафикпен күрес сияқты мәселелерге ерекше көңіл аударылды.

Демократияны қорғау және «біржақты шаралар» мәселелері бойынша жеке декларациялар қабылданды. Ол екі мәселе де ерекше назар аударуды қажет етеді. Бірінші жағдайда, мәселе онжылдықтың басында-ақ орын алған «демократияның ұжымдық қауіпсіздігі» жүйесін жасау идеясы жайлы.

Асунсьонда қабылданған декларацияда атап өтілгендей, заңды түрде сайланған үкіметті құлату немесе Рио Тобы елдерінің бірінде демократиялық процедураларды бұзуды басқа мүше-елдердегі демократияға төнген қауіп деп қаралып, ұжымдық санкциялар қабылдануы керек.

«Біржақты шараларды» сынау келтірілген Декларацияның бөлігі назар аудартады. Онда ҚШ туралы тікелей айтылмаса да, АҚШ-ң 90 жылдары басқа елдерге қатысты қолдана бастаған саяси және сауда-экономикалық санкциялар тәжірибесі туралы мәселе қозғалды.

Аталған декларацияда Майамидегі саммитте жарияланған американааралық қатынастардың принциптеріне сай келмейтін шара ретінде 1996 ж. 12 наурызда СИТА-да қабылданған Кубаның сауда-экономикалық блокадасын қатаңдатып, осы елмен байланыстағы шетел компанияларына қатысты санкцияларды қарастыратын Хелмс-Бертон заңы келтірілген. Осыған байланысты Рио Тобы 1996 жылы мамырында-ақ заңды өткір сынап, Гаагадағы халықаралық Сотқа жүгінуді шешкен болатын. Сол жылдың маусымында Панамадағы ОАГ-ң Бас Ассамблеясының XXVI шұғыл сессиясында Рио Тобының бастамасымен Вашингтонның акциясын сынға алып, Американааралық заң комитетіне оған құқықтық баға беруді ұсынған резолюция қабылданды.

Панамадағы (1998 ж. қыркүйек) кездесуде 12 латынамерикан мемлекеті біржақты санкциялар мен ұлттық заң шығарудың экстерриториалдылығы мәселелеріне қайта оралды. «Панама Декларациясында» Хелмс-Бертон заңы «жалпы қабылданған құқықтық нормалар мен халықаралық қатынастардың принциптеріне қайшы келуші» деп сипатталды. Кіріспеу принциптеріне қайшы келетін, егемендікті тұрпайы бұзушы ретінде «Касабланка операциясы» да аталды.

Рио Тобының аймақтан тыс байланыстарын да, мәселен, мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің Еуропалық Одақ өкілдерімен үнемі кездесіп тұруларын атап өту керек. Осылайша, 1998 жыл ақпанындағы кездесуде 1999 жыл маусымында Рио-де-Жанейрода Рио Тобы басшылары мен Еуропалық Одақ мүшелерінің алғашқы кездесуі туралы шешім қабылданды, ол кездесу трансатлантикалық диалогты жоғары дәрежеге көтеруі керек еді.

Рио Тобының іс-әрекетіне тағы бір тән белгі бар еді. Б.Клинтон администрациясы жағынан НАТО-ң Югославияға қарсы күш көрсету акциясы мәселесі бойынша қуатты қысымның астында бола отырып, Бразилия мен Аргентина Ресейдің 1999 жылдың 30 наурызындағы бомбалауды тоқтатып келіссөздер үрдісін жандандыруды талап ететін ұсынысына қарсы дауыс берді. Онымен қоса, Рио Тобының бір аптадан соң Косово бойынша бірігіп шағым жасады, онда НАТО БҰҰ жартысының бірқатар баптарын айналып өтіп әрекет етті делініп, әуе шабуылдары блогынша қапалану білдірілген. Бұл эпизод көрсеткендей, Латынамерикан мемлекеттері Құрама Штаттармен «бірге-бір» қалғанның орнына біріге отырып, өздерін сенімді сезінді.

90 жылдары Ресейдің Латын Америкасымен көпжақты негізде әріптестіктің перспективті түрлері пайда болды. 1992 жылы Ресей ОАГ-де тұрақты

бақылаушы мәртебесін игерді. 1995 жылы ОАГ мен ТМД арасында байланыстар басталды.

Көпжақты қатынастардың тағы бір формасы ретінде Ресейдің Рио Тобымен диалогы болды, ол негізінен БҰҰ-ң Бас Ассамблеясының сессияларында өрбіді. Мәселен, 1997 ж. 24 қыркүйегінде БҰҰ-ң жыл сайынғы сессиясы аясында Е.М.Примаковтың Рио Тобының «координациялық үштігінің» мүше елдерінің сыртқы істер министрлерімен кездесуі өтті. БҰҰ Бас Ассамблеясының 52-ші сессиясының барысында жақтар Ресей мен Рио Тобының қазіргі заманғы әлемнің көпполярлы құрылымын қалыптастыру мәселелеріндегі көзқарастарының жақындығын атап өтіп, екі жақтың сыртқы істер министрлерінің консультациялары механизмін құру туралы шешім қабылдады.

1996 ж. ТМД мен МЕРКОСУР арасында байланыстар басталды. Бұл қатынастар барысында бұл екі интеграциялық ұйымдар арасында сауда-экономикалық байланыстарды ұлғайту және осыған сәйкес ұйымдастырушы инфрақұрылымды құру мәселелері қарастырылды.

Тұтас алғанда 90 жылдардың екінші жартысы ресей-латынамерикан байланыстарының белсенденуі, әріптестік сферасының ұлғаюы мен серіктестіктің жаңа формаларын іздеу сипатында болды.

Оңтүстік Америкадағы интеграциялық үрдістердің белсенденуінде МЕРКОСУР-ң орны бөлек. 1991ж. Аргентина, Бразилия, Парагвай және Уругваймен құрылған Оңтүстік конус елдерінің ортақ нарығы қысқа уақыт ішінде аймақтық Интеграцияның негізгі мүшелерінің біріне айналды. Қазіргі уақытта МЕРКОСУР – Латын Америкасының ірі интеграцияланған нарығы болып табылады. Онда халықтың 45%-ы, ВВП-ң 50%-ы, тікелей шетел инвестицияларының 40%-ы, тауар айналымының жиынтық көлемінің 60%-ы, және континенттің сыртқы сауда көлемінің 33%-ы шоғырланған. Елдер арасындағы өзара тауар айналымы 1991 ж. 3,5 млрд. долл., 1995 ж. 11,5 млрд.долл. жетті.

МЕРКОСУР-ң бой алып, дамуы қиындықсыз емес. Қойылған міндеттерге қарамастан, мүше елдер белгіленген күнге (1995ж. 1қаңтар) аймақ іші саудасында тарифтерді толық алып тастауға қол жеткізе алмады. МЕРКОСУР-ға кірмейтін елдерден тауар импортына бір сыртқы тарифті бекітуге де уақытында қол жеткізілмеді.

МЕРКОСУР келісімі сауданы қару-жарақпен, соғыс техникасымен, радиоактивті материалдармен, құнды металлдармен реттеу және азаматтардың денсаулығы мен адамгершілігін, ұлттық мәдени мұраны қорғауға бағытталған рестриктивті шаралардан басқа жағдайларда тарифті емес шектеулерді алып тастауды көздейді. Дегенмен, МЕРКОСУР-ң тарифті емес шектеулер бойынша жүргізіп отырған күрделі де, ауқымды ісі әлі аяқталған жоқ.

Шартталғандай, 1995 ж. 1 қаңтарынан бастап блоктың сыртқы шекараларында үшінші елдерден импортқа ортақ кедендік тариф (ОТТ) әрекет ете бастады.

МЕРКОСУР-дағы интеграция үрдісі кедендік одақтың қалыптасуының аяқталмағандығына қарамастан аймақтағы едәуір дамыған болып табылады.

Зонаішілік экспорт көлемі 1991-1995 ж.ж. 5,1-ден 15,8 млрд. долл., яғни 3 еседен көпке артып, Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдерінің экспортының жартысына дерлігін құрады. МЕРКОСУР мүше елдердің сыртқы саудасының сапалық көрсеткіштеріне оң ықпал етіп, өндірістік экспорттың өсуіне септік тигізді. Бразилияда кәсіпкерлердің 70%-ы өз іс-әрекеттерін осы нарық аясында жүзеге асырады.

МЕРКОСУР-ң блок елдері экономикасын тұрақтандыратын ұйым ретіндегі маңыздылығын атап өту керек. Инфляцияны ұстап тұру импортты өсіру арқылы жүзеге асырылды, тарифтік саясатты реттеу экономикалық құлдырау темптерін төмендетуге септігін тигізді.

Интеграцияның елеулі жетістіктері ұйымдағы кемшіліктерді бүркей алмайды. Мәселен, оларға көлік инфрақұрылымының нашар дамуы мәселелерін, валюталық реттеу, еңбек заң шығару сұрақтарын жатқызуға болады. Үлкен қиындықтар ұлттық экономикалардан елдердің мүшелігіне байланысты туындайды. Интеграциялық үрдістер мен жеке салалар арасында келіспеушіліктер пайда болады. Сондай-ақ, әлеуметтік сферада да МЕРКОСУР-ң алдында күрделі міндеттер тұр.

МЕРКОСУР-да интеграцияның перспективалары тұтас алғанда субаймақтың ішінде және сыртында бақылаушылармен оң бағалануда. Интеграцияның тереңдеуі мен дамуының басты шарттары - блоктың экономикалық және қаржылық тұрақтылығын күшейту. Сараптау мамандарының ойынша, МЕРКОСУР елдері арасындағы өзара сауда өз шыңында. Әріптестіктің жаңа, едәуір прогрессивті формаларын микродеңгейге енгізу қажет. Бұл үшін МЕРКОСУР аясында ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар, мысалы блок елдері арасындағы сауда дауларын шешу үшін арнайы трибунал құру шаралары қолданылуда.

Континенттің басқа интеграциялық ұйымдарының ішінен ЦАОР, яғни Орталықамерикандық ортақ нарық ұйымын бөлуге болады. Оған Гватемала, Гондурас, Коста-Рика, Никарагуа мен Сальвадор кіреді. Сондай-ақ КАРИКОМ немесе Кариб қауымдастығы да жеткілікті түрде дамыған интеграциялық топ болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. II дүниежүзілік соғысынан кейінгі Латын амеркидағы саяси және экономикалық жағдай.
2. ОАГ-тің Латын Америкадағы рөлі.
3. Латынамерикандық интеграциялық бірігулер мен АҚШ-тың өз-ара қарым-қатынасы.
4. Латын Америкадағы шет ел капиталының ықпалын шектеуге қандай интеграциялық үрдістер әсер етті?

IV БӨЛІМ. ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІКТЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

4.1 ТМД интеграция негізінің қалыптасуы және дамуы

Кеңестер Одағының ыдырауы ХХ ғасырдың соңындағы ең елеулі оқиғалардың бірі. Ол жаңа тарих беттерінің бастамсына алып келген оқиға десек шатаспаймыз деп ойлаймын. Әр түннің артынан күн келеді демекші бұл одақтың ыдырауы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Әрине, оның кері салдарлары болды. Орныққан экономикалық, саяси, мәдени қатынастарды қайта орнату жаңа тәжірибесіз мемлекеттер үшін оңайға соқпады. Бірақ оның оң жақтары да болды. Ол 70 жыл бойы отарда болған, мәжбүрлі интеграция үрдісіне түскен мемлекеттер үшін, әлемдік қауымдастыққа өздерін жаңа, тәуелсіз, демократиялы, зайырлы мемлекеттер ретінде көрсетуге мүмкіндік туды. Алыс-жақын шет елдермен қатынас орнатуға мүмкіншілік туды. Көпшілікті қызықтырған, дүниенің бір бөлігін өз уысында ұстаған одақтың ыдырау себебіне тоқталар болсақ.

КСРО-ның ыдырауына алып келген басты себеп – биліктің күшті орталықтандырылуынан. Екіншіден, КСРО-ның орталық билігі бұқаралық көпшіліктің сана-сезімінің әсіресе, ұлттың қайта өрлеп дамуы мен өсуінің заңдылығын мойындамағандығынан. Үшіншіден, өзінің дұрыс екендігіне сенген басқарушы элита әлеуметтік төмен адамдардың мәселелерін тыңдаудан және түсінуден қалды. Орталықпен одақ республикаларының мүдделері көп нәрселерде сәйкес келе бермейтін болды. Бұлардың бәрі әлеуметтік наразылықтар тудырып, қоғамның деформациясына алып келді. “Қайта құру кезіндегі “реформаторлар” қоғамды жаңаша басқаруға қабілетсіз болып шықты. Қоғам саяси және мемлекеттік жетекшілерден түбегейлі өзгерістер күтті. Бірақ ол бітпейтін саяси талқыламаларға түсіп, нәтижесіз қалып жатты. КСРО ыдырауының тағы бір себебі ол оның құрылымдық бөлімдерінің иерархиялығында. Бөлек этникалық қауымдастықтар әр түрлі бағыныштылы, тәуелділік сатысына қойылды.

Қоғамның көп бөлігінде осы тәртіпке деген наразылығы күшейе түсті. Дәл осы үрдіс КСРО өмірінің соңғы 5 жылының әлеуметтік саяси динамикасын анықтайды. 1986-1987 жылдардағы жариялық жетекші элитаның артықшылығы мен өмір жағдайын ашқан кезде жай қарапайым адамдардың оларға қарсы ашу-ыза сезімі күшейді. Бұлардың барлығы ұйымдастырылған және жүйелі қоғамдық қарсылық қозғалыстарына алып келді. Ортаға шыққан ұлттық мәселелер орыс “отаршылдары” мен “жергілікті” ұлт өкілдерінің арасындағы немесе көршілес ұлттардың арасындағы қақтығысқа алып келді.

1990 жылдың 24 шілдесінде ақпараи құралдарына жаңа одақтың келісімінің алғашқы жобасы ұсынылды. Рыноктық экономикаға көшумен тығыз байланысы бар, жаңа федеративті келісім республикалардың құқын кеңейту керек болды. Тура бір жылдан кейін 1991 жылы 24 шілдеде Горбачев салтанатты түрде “Одақты” келісім бойынша жұмыс аяқталдың және “қосыламын деушілерге” есігіміз ашық деп жариялады. Армения, Грузия,

Латвия, Литва, Молдова, Эстония бұл келісімге қосылмайтындықтарын білдірді. Орталық Азиялық мұсылман елдері орталыққа өз ойларын білдірмей, екі жақтық келісімдерге отырды.

1991 жылы 19 тамызда ТАСС, КСРО-дағы төтенше жағдайлар бойынша мемлекеттік комитеттің құрылғаны туралы жариялады (ГКЧП). Оның құрамына КСРО-ның вице-президенті Г.Н.Янаев, премьер-министр В.С.Павлов, президенттің жанындағы қорғаныс кеңесінің жетекші орынбасары О.Д.Бакланов, ішкі істер министрі Б.К.Пуго, қорғаныс министрі Д.Т.Язов, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жетекшісі В.А.Крючков және т.б. Бұл жаңа келісімге қол қоюға кедергі жасауға бағытталған саяси дағдарыс. ГКЧП оппозициялық партия мен қозғалыстар және бірнеше газеттердің қызметтеріне тиым салу туралы шешім қабылдады. ГКЧП-ның құрылуына жауап ретінде Москва, Ленинград және т.б. қалаларда көптеген демонстрациялар мен митингтер болды. Осы ГКЧП-нің қызметіне қарсылардың басында РСФСР-дің президенті Б.Н.Ельцин және басқа Ресей Федерациясының жетекшілері тұрды. Ельциннің жарлығымен ГКЧП-нің құрылуы мемлекеттік төңкеріс шарасы ретінде қарастырылып, атқарушы биліктің одақтық органдары РСФСР президентіне қайта бағындырылды. 22 тамызда ГКЧП жойылды. Оның мүшелері және басқа да қызметкерлері сотталды. 23 тамызда Ельциннің жарлығымен РСФСР территориясында Компартияның қызметі тоқтатылды. 24 тамызда Горбачев өзінің ЦК КПСС бас хатшылығынан кететіні туралы жариялады және ЦК мүшелеріне өз өзін таратуға шақырды. Одақтас билік органдарының қызметі тоқтатылды. Москвадағы орталық билік Ресей жетекшілігіне өтті. Латвия, Литва, Эстония КСРО-дан шығу туралы жариялады, олардың тәуелсіздігі КСРО-ның ресми жетекшісі тарапынан 1991 жылы 5 қыркүйекте танылды. Тамыз дағдарысы дезинтеграция үрдісін күшейтіп, КСРО-ның ары қарай ыдырауын тездетті. 1991 жылы 1 желтоқсанда Украинаның 80 пайызы өз республикаларының тәуелсіздігі үшін дауыс берді. Бір аптадан кейін Ресей, Украина, Белоруссия президенттері Минскіде жиналып, “Кеңес Одағы енді жоқ” деп жариялады. Олар “Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы” құрылғаны және “бұрынғы КСРО елдері үшін ашық” деп жариялады. 21 желтоқсанда Алматыда ТМД-ға 8 республика қосылды, осылайша олар КСРО-ның ыдырағанын айғақтай түсті.

Өзінің 13 жылдық өмірінде ТМД көптеген сынақтардан өтті. Ең бастысы көпшіліктің “өлі туылған бала” деген көріпкелділіктерге қарамастан ол өз өмірін жалғастыруда. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің саяси, экономикалық тәуелсіздіктерін алғандықтары, бұрынғы одақ республикаларының бірігу идеясын жоққа шығармады. Тіпті өзара ынтымақтастықтың бұл түрі одан ары тереңдей түсіп, бірнеше біріккен саяси құжаттармен, белгілі бір істерде әсіресе экономикалық сферадағы қатынастармен толыға түсті.

ТМД өз өмірі кезінде бірнеше кезеңнен өтті:

1. Бірінші кезең - 1991 мен 1993 жылдар аралығы. Одақтас Республикалар саяси тәуелсіздігін алады. Мемлекеттілігін, қаржы-экономикалық, кеден, шекара құрылымдарын бекітеді. Бірақ олардың халықшаруашылық кешені

біртұтас экономикалық кеңістікте, бір валютамен өз жұмысын жалғастырып жатады.

2. Екінші кезең - 1993-1996жылдар. ТМД мемлекеттері өздерінің саяси егемендігін нығайта түседі, өз беттерімен халықаралық қауымдастыққа кіреді, өздерінің кеңес одағына кірмеген жақын көршілерімен шаруашылық байланыстарын орнатады. Ал Достастық шеңберінде бірге келісілген шешімдерге байланысты қатынастар ауырлай түседі. Көптеген келісілген заттар орындалмай қалады. Бірақ кейбір мемлекеттер тығыз қатынастар орнатуға деген талпыныс байқалады, мысалға кеден одағы, Орталық Азиялық Экономикалық қауымдастық.

3. Үшінші кезең 1997 жылдан басталады. Достастықтың бүкіл мүшелері дағдарысты мойындайды. Осы дағдарыстан шығу жолдары мен ортақ мақсат-мүдде қарастырыла бастайды. Кейбір мемлекеттер, ғалымдар ТМД-нің барлық атқарушы органдарын біріктіріп, бірінші орынға экономикалық ынтымақтастықты қоюды, еркін сауда, кеден, тарифтік зонасын құруды валюталық одақ идеясын ұсынады.

ТМД-дағы қиыншылықтар мұнымен жойыла қоймайды. Интеграциялық мақсаттар екінші орынға кетіп, көп елдер үшін өздерінің саяси-экономикалық егемендіктері маңыздырақ болып кетеді. Нәтижесінде Достастық қарам-қайшы жағдайда, тіпті тоқырауға жақын қалады. Қазіріг таңда Достастық әр түрлі саяси күштер тарпынан айтылып жатқан көптеген сындарға тап болуда. Өйткені, біріншіден, Кеңес Одағының құлауына өкініш білдіретін саяси топтар жағы. Олардың сындары, бұрынғы шекара шеңберінде бір мемлекет құру деген келмеске кеткен үміттерге негізделген. Бірақ ТМД құрылғанның алғашқы кезінен бастап-ақ бұл мәселелерді мақсат етпеген болатын. Ең маңыздысы, айтылып өткендей, жаңа мемлекеттердің құрылуы мен нығаюы болатын. Ал екіншіден, ТМД бір халықтық шаруашылық жүйе ыдырағаннан кейін көп шығындарсыз одақтың кезіндегі интеграциялық байланыстарды сақтай отырып, экономикалық бөлінуді жүзеге асыра алмаған үшін сынады.

КСРО-ның ыдырауына байланысты желік пайда болғаны да түсінікті. Өзін-өзі басқару мен ұлттық идеялар бірінші кезекке шыққанда экономикалық проблемаларға назар аударудың қажеті жоқ сияқты көрінді. Бірақ кейінгі оқиғалар сауық-сайрандармен қатар нанның да қажет екендігін көрсетті. Экономиканы айналып өту қиын, ол өз сөзін айтпай тұрмайды. Осы негізде интеграция мен өзара іс-қимыл идеялары туындай бастайды.

Белорустың, Ресейдің және Украинаның 1991 жылы 8 желтоқсанда Беловеж келісіміне қол қоюы және соның ізінше 13 желтоқсанда Орталық Азия республикаларының Ашхабадта кездесуі бұрынғы КСРО аумағында бір бірінен оқшау тұрған словян және түрік одақтарының құрылу қаупін туғызды. Осы жағдайда Н.Назарбаев оқиғаның осылайша дамуына жол бермеу үшін барлық күш-жігерін жұмсады. 21 желтоқсанда Қазақстан Президентінің ұсынысы бойынша Алматыда 11 тәуелсіз мемлекеттерінің басшыларының келіссөздері өтті. Осы кездесу қорытындысының шын мәнінде тарихи сипаты болды:

“Мәртебелі уағдаласушы тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрды”. Бұл факт Алматы декларациясында жарияланды.

Жаңа елдердің мемлекеттілігін қалыптастырумен қатар олардың өзара қарым-қатынастарының оңтайлы үлгісін іздестіру процесі де жүріп жатты. Қазақстан ТМД құрылған кезден бастап Достастықтың тағдыры үшін айрықша жауапкершілік танытты. ТМД елдерімен тең құқықты, өзара тиімді қарым-қатынастарды орнату және дамыту Қазақстандық сыртқы саясаттың аса маңызды міндеттерінің бірі болды.

“Независимая” газетіне берген сұхбатында Н.Назарбаев Қазақстанның Президенті былай деген болатын: “ТМД елдері үшін интеграция, ынтымақтастық экономикалық қажеттілік қана еме, бұл керек десеңіз жаңа рухани психологиялық тұрақтылық, ертеңгі күнге деген сенім”. Күрделі экономикалық кезең жағдайында іс жүзінде барлық кеңестен кейінгі мемлекеттерде олардың келісілген іс-қимылын, сындарлы ынтымақтастығын, өзара қолайлы ымыраға келу шешімдерін іздестіру айрықша маңыз алды. Көптеген тәуелсіз мемлекеттер ынтымақтастық және өзара түсіністік болмаса, тұрақтылықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикалық реформасынсыз әлемдік қоғамдастыққа ену мүмкін емес екенін түсінді. Осы жағдайларды ескергенде ғана интеграцияға балама жоқ деп айтуға болады.

Бұрынғы Одақтың мемлекеттері арасындағы қатынас бірінші кезеңде біркелкі болмады, тіпті бірінші кезде қарама-қарсы болды. Егер де Ресей, Белорус, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан белсенді түрде Достастық идеясые қолдаса, Украина позициясы қарсы, ал Түркменстан бұл мәселеден өзін алшақ ұстады. Молдова жалпы Достастық қағидаларымен келісті, Армения ТМД шеңберіндегі қатынастарды нағайтуға тырысты, бірақ Әзірбайжанмен арадағы қақтығыстардың нәтижесінде оның интеграциялық үрдістегі рөлі әлсіз болды.

Мұндай қатынастардың мәні түсінікті-ақ: бұл жаңадан қол жеткізген саяси тәуелсіздік пен экономикалық егемендікті жоғалтып алу қаупі; саяси партиялар мен қозғалыстар тарапынан күшті қысым өткір идеологиялық және ұлтаралық қарама-қайшылықтар және т.б.

Сол кездегі Достастық жағдайына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев былай деп баға берді: “оқиғаның даму барысында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушы мемлекеттердің “өркениетті түрдегі ажырасу” органына айналуға. Бұл үрдісті басқа интеграциялық жөнге бағытталып талпыныстары өз нәтижесін бермеді”.

Кеңестен кейінгі аймақта интеграция осылайша дамып жатты және ол Батыс Еуропада болып жатқан үрдістерден ерекшеленеді. Бұл ерекше-ді салыст түрде мынадай сипатта көрсетуге болады:

- Еуропалық Қоғамдастыққа интеграцияны тәуелсіз өмір сүрудің ұзақ мерзімді тарихы бар егеменді мемлекеттер жүзеге асырды. Достастықты бастапқы кезеңде біртұтас тоталитарлық мемлекеттен бөлінген және егемендігін құқықтық тұрғыдан рәсімдеуді мақсат еткен мемлекеттер қалыптастырды.
- Еуропалық Қоғамдастыққа интеграцияны нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттердің (әртүрлі деңгейде болса да) интеграциясы ретінде жүзеге

асырылды. Достастықта ашық нарықтық экономикаға өтпелі кезеңдегі мемлекеттердің интеграциясы жүзеге асырылды.

▪ Еуропалық Қоғамдастыққа интеграция бірнеше онжылдықтардың ішінде, негізінен мемлекеттердің саяси шешіммен айқындалатын көлбеу экономикалық байланыстарға қарқын беру арқылы эволюциялық жолмен дамыды. Достастықтағы интеграцияның мәні жаңа нарықтық жағдайдағы сауда экономикалық байланыстарды дамытуда оларды егеменді мемлекеттерді” интеграциялық қатынастарыны” де”гейіне дейін жеткізуінен көрінді.

Әлемнің саяси картасында жаңа мемлекеттердің пайда болуы, олардың Достастыққа бірігуі осы елдердің тәуелсіздігін қорғауды қамтамасыз еткен жоқ. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру, КСРО сияқты қуатты әскери державаға ыдырағаннан кейін пайда болған бос кеңістікті толтыру қажеттігі туындады. 1992 жылы 15 мамырда ТМД-ң бес мемлекет басшылары қол қойған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт осы бағыттағы маңызды қадам болды, аталған шарт Қазақстан мен Ресейдің бастамасы бойынша қаралды. Шартқа қатысушы мемлекеттер мен аралық қатынастарда күш қолданатындардан немесе күш қолданатын қауіпін төндіруден бас тартатын міндеттемелерін қуаттады. Олар өздерінің арасындағы және басқа мемлекеттермен арадағы келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге міндеттеді. Шартқа ТМД-ң 9 елі қол қойып, оған Украина, Молдава және Түркменстан ғана кірген жоқ.

Бұл шарттың 4 бабы НАТО-ның жарғысына өте ұқсас, және БҰҰ Жарғысының 51 бабына сәйкес жасалынған. Бұл бап қатысушы тараптар үшін ерекше маңыз алды. Бұл бап бойынша: ”Егер қатысушы мемлекеттердің бірі қандай да бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының тарапынан шабуылға ұшыраса, онда бұл осы шартқа қатысушы барлық мемлекеттерге қарсы жасалынған басқыншылық ретінде қаралатын болады. Қатысушы мемлекеттердің кез-келгеніне қарсы басқыншылық актісі жасалынған жағдайда басқа барлық қатысушы мемлекеттер әскери жағын қоса алғанда, оған қажетті көмек көрсетеді, сондай-ақ БҰҰ Жарғысының 51 бабына сәйкес ұжымдық қорғанысқа арналған құқықтарын жүзеге асыру тәртібімен өздерінің қарауында бар құралдарымен көмек көрсетеді.”

Өркениетті елдердің экономикалық және саяси интеграцияға ұмтылуы бүгінгі таңдағы объективті немесе заңды құбылыс. Мемлекеттердің жақындасуы дүниежүзілік дамудың жаңа дәрежесін айқындады., сондай-ақ қоғамдық өмірдің басқа да салаларында жаңа сапалық өзгерістерге қол жеткізіп отыр. Олардың қатарында, бірінші деп, дүниежүзілік дамуда бейбітшілік принциптері үстем болып, интеграцияның саяси қақтығыстарды шешудің бейбіт механизмін жетілдіре түседі. Екіншіден, дүниежүзіндегі мемлекеттердің өзара капитал алмасу, халықаралық сауданың дамуы және сыртқы экономикалық саясаттың либерализациялану процесі жүруде. Бұл соңғы кездегі әлемдік дамудың заңдылықтарының бірі болып отыр. Үшіншіден, соңғы жылдары мемлекетаралық экономикалық дамуды реттейтін бірнеше механизмдер пайда болды. Олар кедендік, сауда-саттық, валюталық тағы да басқа. Төртіншіден, жоғарғы техникалық және информатикалық даму еңбек

өнімділігінің артуына әкеліп отыр, бұл өз тарапынан ауқымды нарықтық кеңістікті қажет етеді. Тауар айналымының өсуі, оның жолындағы әр түрлі кедергілерді жойып, бір елден екінші елге ауысып отыруды қажет етеді. Бесіншіден, қазіргі кезде дүниежүзілік сауда рыногындағы бәсекелестіктің ауқымы мен сапасы өзгерді. Экономикалық мықты мемлекетпен бәсекелестік әлсіз мемлекеттердің бірігуін қажет етеді. Сондықтан да, Қазақстанның және ТМД-ң басқа мемлекеттерінің интеграциялық дамуы экономикалық қажеттілігінен, оған сәйкес экономикалық және саяси жағдайдан туындап отырған процесс.

Бүгінгі таңда Еуразия басты саяси күрес алаңына айналып отыр. Қазір Азия мен Еуропаға бөлек саясат ұстануға мүмкін емес. Осы жағынан алып қарағанда Еуропалық интеграцияның және ұжымдық дипломатия стратегиясы ТМД үшін үлкен тәжірибе болатыны сөзсіз. Еуропалық Одақтың сыртқы саясатының негізі 1957 жылы Рим келісімшарты, 1992 жылы Маастрихт және 1997 жылы Амстердам шарттарында бекітілді. Еуропаның Ұжымдық дипломатиясының көрінісі “2000 жылдың күн тәртібі” деп аталатын құжатта айқындалған.

Интеграция – ТМД-ң өмір сүруінің негізгі қажеттілігі екендігі даусыз. Аймақтық интеграцияның пайдасын көріп отырған елдердің қатарында ЕО басқа, Оңтүстік Азияны жатқызуға болады. Бұл аймақ 60-80 жылдардағы әртүрлі қақтығыстардың ошағы болғаны белгілі. Бүгінде АСЕА-ға мүше елдер тұрақты дамудың үлгісін көрсетуде.

ТМД-ң құрамында аймақтық интеграцияның даму тенденциялары бүгінгі күннің шындығы. Бұл жалпы ТМД-дағы геосаяси, геэкономикалық дамуға әсерін тигізуде. Аймақтық интеграцияға Орталық Азияның және үштік одақтың құрылуын жатқызуға болады. Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан президенттерінің белсенділігімен Орталық Азия мемлекеттерінің Одағы және оны жүзеге асыру механизмдері: Мемлекетаралық Кеңес, Атқарушы Комитет құрылды. Бұл Одақ ортақ экономикалық кеңістікті қалыптастыруға міндетті. Сондай-ақ бұл Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы әлеммен байланысын нығайту, аймақтық экономикалық дамуын қамтамасыз етуі қажет.

Орталық Азиядағы интеграция тек экономикалық емес сонымен қатар әскери, саяси-гуманитарлық ақпараттық және қауіпсіздік деңгейде дамуда. Осыған айғақ ретінде біз 1994 жылы 30 сәуірде Шолпан-Атада (Қырғыз Республикасы) қабылданған “Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикаларының ортақ экономикалық кеңістікті құру туралы” келісімді айта аламыз. Бұл бойынша Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан халықтарының ортақ тарихи негізінде және өзара дамуды тереңдету үшін, ортақ экономикалық қатынастарды дамыту мақсатында өзара тауар, капитал және жұмыс күшінің еркін алмасуы үшін, жер қойнауларының шикізат ресурстарын тиімді пайдалануы үшін сондай-ақ ТМД-ның экономикалық дамуы туралы кодекстерді жүзеге асыра отырып, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикалары өзара ортақ экономикалық кеңістік құруға келісті делінген.

Бұл Одаққа ТМД-ң басқа да мемлекеттері еркін қосылу “процедурасы” қабылданған. Кейін осы үшін Одаққа Тәжікстан да мүше болды. Орта Азия Республикаларының ТМД құрамындағы аймақтық дамудағы ынтымақтың тағы бір көрінісі 1995 жылы Ыстықкөлде өткен конференция. Мұнда “Ыстықкөл Декларациясына” қол қойды.

Ыстықкөлде өткен конференция Орталық Азиядағы интеграциялық үрдістерге жана серпін берді. Бұл конференцияда “іс-қимыл жоспары” қабылданған болатын.

ТМД-дағы жаңа қалыптасып отырған жағдай Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусия мемлекеттерінің 1993 жылы Төрттік Одағының құрылуына алып келді. Қазақстан мен Қырғызстан сияқты көп ұлтты мемлекеттер үшін бұл одақтыңөзіндік маңызы зор. Төрттік Одақтың құрамындағы мемлекеттер Кедендік одақ құрып 1993-1995 жылдар аралығында тауар айналымының өсуі байқалды. Мысалыға, 1995 жылы Кеден Одағына мүше елдер мен Беларусьтің арасындағы тауар айналымы - 18 пайызға, Қазақстанның - 40 пайызға, Ресейдің - 12 пайызға жетті. ТМД-ң басқа мемлекеттермен салыстырғанда 2 пайызға артық. 1996 жылы көрсеткіштер: Беларусь – 27 пайыз, Қазақстан – 31 пайыз, Қырғызстан – 44 пайыз, Ресей – 17 пайыз, яғни 7 пайызға өскен.

Кеден Одағы кейірек дамып, кеңейіп қазір де ол Еуразияның экономикалық қауымдастық. Бұл жаңа ұйым. Оның Кедендік Одақтан көптеген артықшылықтары бар. Олардың бірі ол ұйымдасқан бір бірлескен. Қазіргі таңда бұл ұйым өзінің даму жолында. Осы жылдың, яғни 2003 жылдың 19 сәуірінде бірінші экономикалық форум өтті. Бұл форумның нәтежиесінде Бірлескен Декларация қабылданды. Декларация мемлекетаралық экономикалық қатынастарды тереңдетуге бағытталған.

ТМД құрамындағы аймақтық интеграцияның дамуы барысында Грузия, Украина, Әзірбайжан, Молдова және Өзбекстанның бірлестігі ГУУАМ құрылған. Бұл саяси- экономикалық сипаттағы бірлестік. Беларусь және Ресейдің арасындағы Одақ, Орталық Азиялық экономикалық қауымдастық, ЕурАзЭк. Міне, бұлардың бәрі ТМД-дағы интеграцияның дамуын көрсетеді.

ТМД-ң құрылуымен байланысты жаңа геосаяси ахуалға әсер етуші факторлардың бірі Каспий теңізі мен Каспий мұнайын тасымалдау болып отыр. Әйгілі саясаттанушы З.Бжезинский “Каспий – ХХІ ғасырдың кілті” деп атап көрсеткен болатын. Осыған орай президент Н.Назарбаев былай деген: “Каспий бейбіт интеграция негізіне айналуы қажет. Тек бір-бірімізге хабарлай отырып күш-қуатымызды біріктіріп, күшті пайдалы механизм құра аламыз. Осы жағдайда ғана алдымыздағы барлық кедергілерді жеңе аламыз.”

Кенес одағының ыдырауы тарих беттерінде өшпес із қалдырды, ол өзінің құрылу оқиғаларымен, ыдырау тарихымен көп зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Қазіргі кездегі Кеңес Одағының мұрагері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын айта аламыз. Бірақ ТМД-ның КСРО-дан айырмашылығы көп, соның бірі ол жаңа тәуелсіз мемлекеттердің бірлестігі, күштеп біріктірілген емес, әр мемлекет өзінің даму жолын өзі таңдаған. Соның бірі интеграция. Бұл мемлекеттер интеграция жолында бірігіп келешекке бірге

аттанбақ. ТМД құрылғандағы көп сарапшылар оны “әлі туған бала” деген баламалар берсе де, ТМД әлі күнге дейін бар, яғни бұл мемлекеттердің ынтымақтастығының кепілі. ТМД өзінің пісіп-жетілу жолында келеді.

4.2 ТМД интеграциясына әсер ететін факторлар

Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, егеменді халықаралық субъектісі ретінде алған мүмкіндіктерін толықтай пайдалануға бар күш–жігерін жұмсай бастады. Біздің мемлекетіміз сыртқы саясаттық шараларды дайындауға кірісті, соның ішінде ең бірінші ”Жақын шетелге” байланысты, яғни ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге.

Н.Ә.Назарбаев “Тәуелсіз газетпен” сұхбаттасқан кезде “ТМД елдері үшін интеграция, ынтымақтастық тек қана экономикалық пайда ғана емес керек десеңіз, қажетті рухани – психологиялық тұрақтылық жағдайды, ертеңгі күнге сенімділік деген болатын”.

Достастықтың басты мақсаты – саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді бірігіп шешіп, өзара тиімді жағдайларда бұрынғы Кеңестік республикалардың интеграциясын қамтамасыз ету.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық алғы міндеттердің бірі – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатынасушы мемлекеттермен ынтымақтастық. Осыған сүйене отырып, Қазақстанның саяси және экономикалық міндеттерді шешу, тәуелсіз принципі негізінде Достастық территориясындағы қауіпсіздікті сақтау мәселесіндегі бірлестік, территориялық мызғымастық пен мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау үшін, Достастық шеңберіндегі байланыстарды нығайтуды қолдап отыр.

Бұл бағыттағы жұмыс екі деңгейде жүргізіліп жатыр: екі жақты қатынастар мен ТМД шеңберіндегі көпжақты байланыстарды дамыту. Қазақстан ТМД-ға мүше-мемлекеттер интеграциясын күшейту, қол жеткізген келісімдерді жүзеге асыру бағытын ұстанып келеді. Достастыққа байланысты Қазақстан ұстанған позициясының заңды әрі өміршендігін, тәжірибе жеткілікті түрде дәлелдеп береді.

Кеңес Одағы ыдырауы ТМД мемлекеттеріндегі өндірістік салалардың әлсіреуіне, бағаның тым қымбаттануына, тоқтаусыз инфляцияға, халықтың көпшілігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, яғни бір сөзбен айтқанда әлеуметтік–экономикалық дағдарысқа алып келді.

Қазіргі таңда барлық республикалар жетпіс жыл ішінде қалыптасқан әкімшілік жетекшілік бір орталықтан басқаратын экономикалық жүйесінен бас тартып отыр. Оның үстіне экономикалық шындық егемендіктің жаңа белгілерін талап етуде, ал ол болса ерікті ынтымақтастықта жатыр. ТМД елдерімен бұзылған Қазақстан байланыстарын қайта қалпына келтірудің шарты – нарықтық әрбір шаруашылық субъектісінің көтерме және жеке айналымдар бөлімдеріне ену мүмкіндіктері болып табылады. Бұл онсыз да монополияланған экономикада жаңа монополиялы құрылымдардың пайда болуынан сақтайды.

XXI ғасырға өту, барлық елдерде отындық шикізат және энергетикалық ресурстарды қолданудың ұлғаюымен, оларды шығарудағы табиғи жолдардың нашарлауымен капитал сиымдылығының қарқынды өсуімен бірге жүріп жатыр. Осы себепті басқа жағдайларда жалпы қоғамдық өндірістің капитал сиымдылығы өсіп, ол оның тиімділік деңгейіне және халықшаруашылық нәтижелердің дамуына теріс әсерін тигізді. ТМД-ның барлық елдеріндегі өндірістердің төмендеуінің ауқымдары және ұзақ мерзімді ағымдардың пайда болуы, осы саладағы жағдайды одан әрі қиындатып, отындық–шикізат пен энергетикалық мәселелерді басты факторға айналдырып отыр. Республикалар арасында байқалатын, бір жағынан, олардың бір–біріне тығыз шаруашылық тәуелділікпен, ал екіншіден, межеленіп бөлінудің басталуымен сипатталатын, территориялық еңбек бөлінісі мәселесі, анализ барысында өте зор маңызға ие болып отыр.

ТМД республикаларының шаруашылығының өзара байланысының интеграциялық күш–қуаты, нарықтық экономикаға дейінгі КСРО-да өндірілген даму моделі принциптер негізінде қалыптасқан біркелкі геосаяси және мәжбүрлі экономикалық кеңістік шарттарда ұсталынып тұр:

1. Шикізат, энергия, дайын өнімдерді пайдалану аудандары мен еңбек күштерінің шоғырлану көздерінің жақын орналасқанын ескере отырып, елдің барлық территориясында өндірісті тиімді орнату.
2. Қоғамдық өнімнің тиімділігін қамтамасыз ететін, салалық және территориялық ұзақ уақыттағы жоспарлау мен болашақты болжау принциптерімен үйлескен экономикалық аудандардың мамандандырылуы мен комплексті дамуы;
3. Экологиялық тепе-теңдікті, қоршаған ортаны қорғауда;
4. Барлық республикалар мен ел аймақтары экономикалық дамуын бір деңгейде теңестіруде;

ТМД елдерінде Кеңестік уақытта сыртқы экономикалық байланыстар мен экономикалық интеграцияның оң әсерін, ал одан кейінгі кезеңде олардың теріс әсерін сезінбеген қандай да бір халықтың шаруашылық саласы болмаған шығар.

ТМД-ның басқа мемлекеттері сияқты, Қазақстанда осы жылдардың ішінде экономикалық қатынастарды қайта өзгерту үшін батыл шараларды қолдануға кірісіп, жетекшілік экономикадан нарықтыққа өту жолында едәуір алға басты. Ескі жүйенің негіздерін жойып, өндірісті күштеп құрастыру мен ұйымдастыру, ресурстарды, мүліктік игіліктер мен еңбекті бір орталықтан бөлу жүйесі жойылды. Сыртқы саудадағы “Темір перде” жойылып, елдің экономикасына шет елдік инвесторлардың саны тоқтаусыз құйылуда.

Интеграцияны жақтаушыларды, ең алдымен Қазақстанның табанды күш–жігерінің нәтижесінде Достастық қызметін жетілдіру жолдарын іздестіру жаңа бірлестіруші мақсаттар мен міндеттерді әзірлеу, сахнаға бірінші кезекте экономикалық қана емес, саяси ынтымақтастықты да шығару сияқты оң сипаттағы үрдістер белең алды. Қазақстанның ұсынысы бойынша ТМД мемлекеттері интеграция органдардың қызметін жетілдіруді қолға алды.

Жылдардағы әр түрлі интеграцияның болуы туралы Н. Назарбаевтың тұжырымдамасы түпкілікті танылды, мұның өзі түрлі аймақтың құрылымдар нысанында жүзеге асты.

Түрлі жағдайларға байланысты ТМД елдерінің басшылары Достастықтың мақсаттары мен міндеттерін бір мәнді қабылдай алмады. Біреулерге Достастықтың КСРО шеңберіндегі республикалар мәртебесінен толық дербестік жолындағы аралық кезең сияқты көрінді. Мұндай елдер ТМД-ғы шартты мүшелік сақтай отырып, барлық күш–жігерін басқа мемлекеттермен экономикалық және саяси ынтымақтастыққа бейімдеуге бағыттады.

Кейде Достастықтағы ортақ жұмыстан бірте–бірте шет қалу және интеграциялық жобаларды қабылдамау саясаты осы елдердің жаңа геосаяси және геэкономикалық құрылымдағы өз орнын бағалау ерекшелігін туындатты. Интеграциялық жобалар жеке экономикалық проблемаларды жемісті түрде шешуден гөрі, оларды шешуге қаражат бөліп, назар аудандарға кедергі келтіреді деген де пікір болды. Достастық елдерінің арасындағы қарым–қатынаста сенім білдірудің болмауы белгілі бір деңгейде ТМД-ның тиімді жұмысына кедергі келтірді деп айтуға болады, Ресейдің зор экономикалық, адамдардың және әскери әуелетінің болуы фактісі оның басқа мемлекеттермен тең қуатты қарым–қатынас құру ниетінің шынайлығына бірқатар елдердің күмәнін туғызды. Көп жағдайда мұндай күдіктің орын алуына жекелеген ресейлік саясатшылардың жауапсыз, кейде арандату сипатындағы сөздері себеп болды.

Жалпы бұрынғы Кеңестер Одағы мемлекеттерінің дамуын мынадай кезеңдерге бөлеміз: сексенінші жылдардың аяғы – Кеңес Одағының ыдырауына саяси және экономикалық жағдайлардың тууы, тоқсаныншы жылдар – бұрынғы КСРО территориясында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, келесі ғасырдың бірінші он жылдығы – осы мемлекеттердің интеграциялық жақындауы.

Қазірше аймақтық бірігулердегі өзара байланыста әркімнің әр түрлі деңгейдегі өз мүшелері бар. Әлемдік тәжірибені еске сала отырып, бұл жайттарға байыппен қарау қажет, өйткені бұл да бір интеграцияның басқаларға зиян келтірмейтін бір жолын қарастыру сияқты қабылдау қажет. Бұл тіпті тәжірибенің жиналуына, белгілі бір үлгі немесе бағыт жасап шығаруға көмектеседі.

Интеграция (латын тілінен аударғанда *interratio* – қайта құру, толықтыру) - өзара тәуелділік, бір бүтінге жүйелі түрде бірігу және осыған қарасты байланыстардың болуы, жақындасу, ұйымдастырудың, салалардың, аймақтардың, елдердің бірігуі. Экономикалық интеграция – мемлекеттердің, аймақтардың шаруашылық өмірінің интернационализациялануы.

Интеграция үрдісі тіпті саяси – экономикалық құрылымы орнығып болған мемлекеттердің [ЕО] өзінде оңай үрдіс емес, ал енді ауыспалы экономикалы мемлекеттердегі интеграция – одан да күрделі, ұзақ және қарама-қайшы. Өйткені оның барлық қатысушыларына, өз әріптестерінің, көршілерінің мүдделерін өзіндікі сияқты сыйлау керек, рыноктың әріптестерімен тек құқықтық

өркениетті мінез–құлыққа бейімделуі қажет, рыноктың экономикадағы басқармада жаңа тәсілдерін қолдану қажет, осы жағдайда ғана интеграцияның артықшылығы, болашағы бар.

Аймақтық интеграция, сараптамалар көрсетіп отырғандай қазіргі әлемдік дамудағы заңдылық болып табылады. Оның ең басты инициаторы немесе бастаушысы ЕО-тың тәжірибесінен, тіпті соңғы кездегі Солтүстік америкалық сауда блогының тәжірибесіне алып қарасақ, күшті экономикасы бар мемлекетпен бағалаған. Олар тіпті уақытша шегінулер мен ағымдарға қарамастан, үлкен аймақтық рынок құруға тырысады. ТМД аймағында біз осындай мемлекет деп немесе осы аймақтағы интеграцияға зор әсері бар Ресей факторын айтпай болмас. Ресей бұл – ТМД халқының жартысы және Достастықтың жалпы ұлттық кірісінің 60 пайыздан көбін құраушы.

Збигнев Бжезинский Ресейдің ықпалы жайылған Еуразияның сол бөлігіндегі тарихи ролін былай деп баға берді: “Бұл мемлекет жылдар бойы бір уақытта экономикалық дамуының территориялық экспансиясы да, құралы да болды. Бұл сонымен қатар Батыс еуропалық мемлекеттердің дәстүрлерінде қалыптасқандай, өзін таза ұлттық құралмын деп ойламады, бірақ “орыс идеясы” бар арнайы ұлт үсті миссиясын орындаушы деп айқындады. Бұл “орыс идеясы” әр түрлі салаларда діни, геосаяси және идеологиялық шеңберде жүрді. Енді қазір ол өз территориясының этникалық көлеміндегі кішірейген кезде оған осы миссияны орындатудан бас тартты.

Бірақ әйтсе де Ресейдің ролі тіпті құлдырап кетті деп те айта алмаймыз. КСРО-ның ыдырағанына қарамастан Ресей өзінің саяси маңыздылығымен әлемдегі болып жатқан істерге әсері бар және оның БҰҰ-ғы Қауіпсіздік Кеңесіндегі ролін де ұмытпауымыз қажет. Оның геосаяси жағдайы мен ядролық қаруына қарамай-ақ, Ресейдің ресурстық жағдайын, ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету, шикізат қорын ескерсек онда оны әлі де болса мықты держава деп қорықпай айта аламыз.

Қазіргі заманның геосаяси дамуы Ресейді дүниежүзілік саяси даму орталық бірі ретінде қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан Ресейдің сыртқы саясатының басты бағыттарын анықтайтын болсақ, олардың ішінде ең алғашқылардың бірі ретінде ТМД шеңберін атауға болады. Бұнда, негізінен, екі жеке дара сегмент - “Батыс” және “Оңтүстік шығыс” бағыттары айқын байқалуда. Екінші бағыт Еуропа, Испания елдері, Қытай мен Индия. Үшінші бағытқа “атлантикалық өркениет” және Жапонияны, ал төртінші негізгі бағытқа Латын Америка, Африка, Тынық мұхит экваториясын жатқызуға болады.

Ресей дипломатиясы қазірдің өзінде бірнеше күрделі мәселелерді шешімдерге мәжбүр болып отыр, олардың ішінде:

Ресей шекаралары ашық және қорғау мүмкіндігі төмен болып отыр;

- Ресейге экономикалық дағдарыс және аймақтық сепаратизм оның халық беделін төмендетіп жіберді;
- Ресейдің ішкі саяси күштерінің өзара күресінің шиеленісуі болып отыр;
- Дүниежүзілік саяси күштер тепе–теңдігінің өзгерісі дүниежүзілік дамуға да өз әсерін тигізіп отыр.

Бүгінде ТМД шеңберіндегі Ресей дипломатиясының болашағы туралы біркелкі пікір жоқ. Мысалы: Ресейлік ғалымдар В. Загладин мен Мунтян “ТМД-ң ыдырау қаупі бар, бұл орайда Достастықтың шекаралары қайта қаралуы мүмкін. Осының салдарынан Славян халықтарының Ресейге миграциясының күшеюі, оның геосаяси стратегиясының әлсіреуіне алып келеді” – деген болжам айтуда. Сондықтан халықаралық қатынастар бойынша ресейлік мамандар Ресей үшін ең тиімдісі ТМД мемлекеттермен саяси қатынастарды жалғастырып, олармен халықаралық субъектінің тең праволық мүшесі құқында диалог жүргізуді қажет деп санайды. Бұл орайда Ресей бірнеше күрделі проблемалармен кездесіп отыр. Біріншіден Орта Азиядағы мұсылмандық фактор.

Ресейдің Азиядағы саясаты XVII ғасырда қалыптасқан болатын. Содан бері бұл аймақ оның сыртқы саясатының негізгі байланысы болып келеді. Біз мұны 1819 -1820 жылдары Н.Н.Муравьевтің Туркмения мен Хиуаға әскери-ғылыми экспедициясынан кейін жазған 1822 жылы “Путешествие в Туркмению и Хиву в 1819 и 1820 годах гвардия генерального штаба капитана Николая Муравьева, посланного в сии страны для переговоров” еңбегінен көре аламыз. Осы есептің негізінде Ермаков Несселродқа жазған хатында Ресей үшін Шығыс Каспий аймағындағы саяси бағыттардың болашақта маңызы зор деп көрсеткен болатын. Бүгінде Ресейдің бұл аймақтағы саяси ықпалы туралы бір-біріне қарама-қайшы бағыт бар. Бірінші бағытты қолдаушылар Ресейге Орта Азиядан кетеу керек десе, екінші бағыт Ресей Орта Азиядағы тұрақтылықтың кепілі болу керек және “исламдық” қозғалыстарға тойтарыс беру керек дейді.

Біз білетіндей КСРО ыдырағаннан кейін әрбір мемлекеттің алдында өз сыртқы саясатының бағытын белгілеп алу мәселесі тұрды. Кейбір мемлекеттер өз саясатын батысқа бұрмаласа, екіншілері шығысқа қарай бет алды. Біздің мемлекет басшысының көрегендігінің арқасында мемлекеттің сыртқы саясаты көп векторлы болып жарияланды. Міне, дәл сол уақыттарда Ресейдің де сыртқы саясатында белгісіздіктер, батысқа бұрмалаушылық байқалады. Бірақ тәжірибе көрсете келе батыс пен қатар шығысты да ұмытпау керектігін көрсетті. Біз бұны Ресей президенті Путиннің баяғы саясатты жалғастыруын Индия мен Кубаға деген қатынасынан көре аламыз, яғни ескі дос еш уақытта да артықшылық етпейді.

ТМД шеңберіндегі Ресей факторларының өзектілігінің тағы бір көрінісі орыс тілді жұрттың мәселесі болып табылады. 1993 жылы статистика бойынша ең көп орыс қауымы Қазақстанды мекендейді. Елдің жалпы саны 6,2 млн. адам. Бұл фактордың интеграцияның дамуына пайдалы факторлармен қоса кері әсер етуі бар екенін атап өту қажет.

Бүгінде Ресей Федерациясының ішкі тұрақтылығы анық сыртқы саясатының, соның ішінде ТМД-ға байланысты саясатқа тікелей немесе жанама әсерін тигізуде. Сол себептен де ТМД-ң Ресейсіз өмір сүруі мүмкін емес дейтін қағидалармен келісетін болсақ, ондағы сепаратизмге жол бермеу қажет.

Алғашқы жылдардағы “әлсіз Ресей” болса, онда Қазақстан күшейеді деген сөзін растамай шықты, яғни “әлсіз Ресей”, ”әлсіз Қазақстан“ ал күшті

”Ресей“ ”күшті Қазақстан“ екенін дәлелдеп берді. Демек Ресейдің күшті болуы тек Қазақстан емес бүкіл ТМД мемлекеттерінің экономикалық, қауіпсіздігінің тұрақтылығына бірден бір әсер етуші фактор екенін біз көрдік.

Кеңес Одағы ыдырауынан кейін тәуелсіз мемлекеттер алдында қоғамдық өмірді түбегейлі өзгерту, көп жылдар бойы қалыптасып қалған экономикалық, гуманитарлық байланыстарды бұзбай, сақтай отырып ұлттық мемлекетті нығайту және құру мәселесі тұрды. Баяғы Одақтас мемлекеттермен арадағы қатынасты қайта орнату және әлемдік қауымдастық алдында өркениетті егеменді мемлекет ретінде таныту керек болды.

Біртұтас шаруашылық кешенінің жойылуы, егеменді қаржы–экономикалық жүйенің құрылуы, экономика жүйесіндегі қайта құрулар, приватизация, өндірістік экономикалық қызметтің либерализациясы жаңа мемлекеттердің тауар өндірушілері және қызмет көрсету, өнеркәсіп арасындағы қатынастың алдында жаңа ситуация туғызды. Осы негізге тән негізгі сипаты:

- Сауда әріптестерінің талғамдағы еріктілігі, пайдалы, ұтымды байланыстарды ізденудегі мүмкіншілік, сыртқы экономикалық қызметтің либерализация жағдайында алыс шетелдерден тауар–шикізат көздеріне деген шығыстың болуы;
- Өндіріс көлемінің бірден құлдырауы нәтижесінде тауар қолдану көлемі де төмендеді, халықтың төлемақылық қабілеттің төмендеуі, алыс шетелден бәсекеге түсе алатын арзан тауарларға рыноктың ашылуы;
- ТМД мемлекеттерінің әр қайсысы жаңа ақша енгізгендігінен, өнеркәсіп, өндіріс орындарының төлемақылық қабілетінің қиындауы, жоғары инфляция, айналымның жоғалуы, кейбір ТМД мемлекеттерінің қаржы тұрақсыздығы;
- Өндірістің көбісіне шетелдіктердің несие беру, ал бұлар баяғы қалыптасқан қатынастар мен кооперациялық байланыстарды дамытуды қаламады, ТМД мемлекеттерінің шикізатына Батыс қызығушылық білдіріп отырды, алып кетуге, шығаруға талпынды;
- Халықаралық экономикалық қаржы институттарының ықпалы бірден өсті, олар ішкі тауар өндірушілерге әр уақытта тиімді бола бермейтін өздерінің айтқанын орындата бастады;
- Жаңа егеменді мемлекеттер өзара саудадағы тауарға тарифтік, тарифтік емес шектеулер қоя бастады (кеден салықтары, алым, салым, квота т.б.);
- Рыноктық экономикаға көшудегі әр түрлі желіс. Әр мемлекетте әр түрлі заңдық, қаржы–салықтық шарттардың пайда болуы.

Міне, осылардың бәрі жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасындағы қатынастарға кері әсерін тигізіп, интеграциялық үрдістің тежеушісі болды.

Бірақ осыған қарамастан баяғы біртұтас шаруашылық комплекс негізіндегі байланысты қолдана отырып ТМД мемлекеттері интеграциялануға тырысуда.

Қазақстан ТМД мемлекеттерінің экономикалық интеграциясы идеясын әр уақытта қолдайды. Достастық бізге демократияның далуына керекті саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайларды жасауды қамтамасыз етеді, ТМД-ның әрбір нүктесінде болатын қандай да бір қақтығыс жағдайда бір бірімізге

хабарлай отырып жүзеге асыратын шараларды жасауға көмектеседі. Менің ойымша [Назарбаев] Достастық Одақтың қирауының нәтижесінде болған экономикалық және әлеуметтік дағдарысты минимумға дейін жеткізуге қабілеті бар. Бірақ өткенге оралу деген туралы сөз болмауы керек. Әрбір мемлекет егеменді даму жолындағы өз талғамдарын шешті. Бұл талғам шексіз құрметке лайық және ешкім оған күмәндануға құқы жоқ.

ТМД – бұл мемлекет емес, бұл табиғи жағдайда қалыптасқан мемлекеттердің аймақтық қатынасы механизмі екенін түсінуіміз қажет. Мұны тек ЕО-мен салыстыра аламыз, айырмашылығы тек Европалық мемлекеттер егеменді дамыған болған кезде интеграция идеясына келсе, Достастық мемлекетінің әр біреуі империяның бір бөлігі болған, құтылмас альтернатива ретінде.

ТМД мемлекеттерінің интеграциясына кедергі жасайтын факторлар мыналар:

- 1) Жаңа мемлекеттердің жүйесін құрудағы ұлтшылдықтың өсуі;
- 2) Жалпыодақтық мүлікті соның ішінде әскери мүлікті бөлісу процесі;
- 3) Бұрынғы билік жүйесіндегілер мен неонационалистер және мұсылман фундаменталистері арасындағы билікке деген тартыс;
- 4) Этника аралық қақтығыс (Карабах, Оңтүстік Осетия, Абхазия)

Интеграциялық қарым–қатынасқа оң әсерін беретін блоктар болса, өзара толықтырушы шикізат базасының болуы, бұл өзіне шикізат түрінің барлығын енгізеді. Достастықтың дамыған жиынтық ғылыми-техникалық потенциалын тиімді пайдаланған кезде жаңа тәуелсіз мемлекеттердің экономикасындағы қайта құрудың пайдалылығын көре алады.

Бұл интеграцияға сонымен қатар, географиялық жақындық, біртұтас инфраструктураның болуы ең алдымен транспорт және байланысты жақындығы, біртұтастығы оң әсер етеді. Экономика саласындағы мамандар мен жоғары квалификациялық кадрларды дайындаудағы бір шарттар мен стандарттардың болуы.

Ал енді интеграциялаушы (біріктіруші) және дезинтеграциялаушы (айырушы) факторға тоқтала кетер болсақ:

а) біртұтас одақтас мемлекет шеңберінде:

Интеграциялаушы фактор: 1) барлық әлеуметтік – экономикалық қызметпен бірге жоспарлы – директивалық жүйе басқармасындағы біртұтас тоталитарлы мемлекет.

2) Одақтың специализациялық және кооперациялық, республикалар өнеркәсіп және сыртқы толық қызмет арасындағы сауда – экономикалық, тауар – ақша ағымы, шикізат қатынасындағы орталықтанған басқарма;

Дезинтеграциялаушы фактор: 1) біртұтас мемлекет және біртұтас шаруашылық кешеннің ыдырауына алып келген экономикалық құрылымның әкімшілік жоспарлық социалистік әдістің тиімсіздігі;

2) Экономикалық тиімділігін ескерместен құрылған өндірістік–технологиялық кооперациялық байланыстардың көбінің жалғандығы;

б) Рыноктың экономикасы бар жаңа егеменді мемлекеттердің құрылу негізіндегі өтпелі кезең:

Интеграциялаушы фактор: 1) техникo–технологиялық және инфраструктуралық байланыстар, мамандық және кооперацияның сақталуы. Бұларсыз дайын өнімді шығару және көптеген ұлттық экономикалық өнеркәсіп кешендерінің өзіндік қызмет етуі мүмкін емес.

Дезинтеграциялаушы фактор: 1) Рыноктық қатынастар мен сауда – экономикалық байланыстарға көшу кезіндегі шикізат жеткізудегі тиімсіз кооперациялық байланыстардың үзілуі;

2) Жаңа мемлекеттердің салық, бюджет, валюта, кеден және басқа да өзара сауданы шектейтін әкімшілік, салық, тарифтік шаралармен өзіндік қаржы – экономикалық жүйесінің құрылуы;

3) Достастықтың ең жетекші елі Ресейдің интеграциялаушы ролінің түсуі, қоғамдық–саяси, демократиялық және экономикалық дамудағы шынайы нәтижелердің болмауы, ал бұл өз кезегінде ТМД басқа мемлекеттеріне тартушы күші бола алуы мүмкін еді.

в) Экономикалық жағдайды тұрақтандырудың келесі кезеңі:

Интеграциялаушы фактор: 1) шаруашылықтың экономикалық жүйесінің жақындығы біртұтас территориялық–шаруашылық және экономикалық инфрақұрылымның сауда – экономикалық байланысының тиімділігі;

2) Интеграцияланған біртұтас экономикалық кеңістікте бірлескен тауар өндіру қолдау шартындағы шикізатты өндіру және тасымалдау рыногындағы дамып келе жатқан экономикаға деген өзара қажеттілік, әлемдік экономикалық рыноктағы дамыған мемлекеттер бәсекесіне мен аймақтың экономикалық бірлестіктерге бірлесе төтеп беру.

Дезинтеграциялаушы фактор: 1) өз мүдделерін мен тауар өндірушілер мүдделерін қорғау, біртұтас әлемдік шаруашылық құрылымға енуді жаңа сауда – экономикалық инвестициялық байланыс векторлары мен егеменді мемлекеттердің экономикалық өзіндік дамуы;

2) тауар өндіруші және жаңа мемлекеттердің экономикасы арасындағы рыноктың бәсекелестік қатынастың одан әрі дамуы; шикізат рыногы және арзан шикізат үшін күрес; алыс шетелдермен жаңа оптималды транспорттық – коммуникациялық байланыстарды құру.

ТМД-дағы интеграциялық үрдіске әсер ететін факторлардың тағы біреуі ол сыртқы және ішкі фактор. Сыртқы фактор дегеніміз ол аймақтан тыс жатқан мемлекеттердің аймақтың ішіндегі мемлекеттер ара қатынасына әсер етуі. Бұл мемлекеттер ең алдымен экономикалық пайданы көздеген мемлекеттер. Ал енді ішкі фактор ол осы аймақтағы мемлекеттердің бір-бірімен бәсекелестігі. Мысал ретіндегі Орталық Азия мемлекеттері аймағындағы жағдайды айтуымызға болады. Орталық Азия мемлекеттерін мынадай кезеңге бөлуімізге болады: 1994-96 ж.ж. институционалды кезең деп сипаттап, түрлі органдардың құрылғанын көреміз. 1996-98 ж.ж. аралығы “салқындық” бұл кезеңде қабылданған барлық құжаттардың бәрі дерлік орындалмайды. Үшінші ол 98 жылдан бастап қазірге дейін. Бұл аймақтағы саяси жағдайға көп әсерін тигізетін Астана мен Ташкент

арасындағы бәсекелестік. Бұл фактордың Орталық Азиядағы ролі өте зор. Бұл теке тірестік бәсекелестікті Анкара, Тегеран, Вашингтон, Мәскеу қолданып қалғылары келеді, яғни посткеңестік аймақта әлі де болса саяси, экономикалық жағдайларға саяси көшбасылар мен элитаның ықпалы зор.

ЕО тәуелсіз мемлекеттердің интеграциясы нәтижесі болса, ал ТМД болса, бір кездері біртұтас мемлекеттердің дезинтеграциясының нәтижесінде құрылды. ТМД мемлекеттері әлі күнге дейін қандай да болсын бір ұлтүсті құрылымдарға сенімсіздікпен қарап, оларды баяғы “Одақтық орталық құру” шарасы ретінде қарастырады.

ЕО-тағы саясат келеді кетеді, ал интеграцияға деген бағыт сол қалпында. Қоғамдастықтың тарихында не болмады! Еуропаның валюталық жүйесін 1978 жылы ГФР канцлері социал демократ Гельмут Шмидт пен Францияның саяси спектрінің оң қанатының өкілі президент Жискара Д’Эстен құрады, бірақ екі елдің саяси бағытын өзгерткен 1981-82 жылдардағы сайлаулардың нәтижесінде валюталық саясатты одан әрі консерватор Г.Коль мен Франсуа Миттеран сәтті жалғастырып алып кетті және ешқандай саяси катаклизмді көрмейміз. Еуропалық интеграцияның барысына белгілі бір тұлғалар әсер ете алмайды.

Интеграциялық үрдіске қауіп төндіретін тағы бір айта кететін жайт ол әлемдік державалар мен аймақтық мемлекеттердің геоэкономикалық мүдделері. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекет шекарасының жақынында бағалы тіпті стратегиялық маңызды қайнар көздердің орналасуы, бұл аймақты қақтығыстар көзіне айналдырып жіберуі мүмкін. Сондықтан президентіміз өзінің сөзінде атап көрсеткендей Каспий бейбіт интеграция көзіне айналуы қажет. Тек бір-бірімізге хабарлай отырып, күш-қуатымызды біріктіріп күшті пайдалы механизмін құра аламыз, осы жағдайда ғана алдымыздағы барлық кедергілерді жеңе аламыз.

Сөзімізді қорытындылай келе біз ТМД интеграциясына әсер ететін сыртқы, ішкі факторларды атап, ашып көрсетуге тырыстық. Бұдан нәтиже, оңайлықпен еш нәрсе келмейтінін көреміз. Әр уақытта кедергілер, қиыншылықтар болады. Мәселе бұл қиыншылықтарға байланып қалмай, оны жеңу одан әрі даму. Міне, менің ойымша ТМД мемлекеттері өздерінің интеграциялық даму жолдарындағы қиыншылықтарға бірде жеңіліп бірде жеңіп өз өмірін жалғастыруда.

4.3 Орталық Азиядағы Экономикалық Қауымдастық

XXI ғасыр адамзат тарихындағы ең дүбірге толы кезеңі. Әрине, сол дүбірлі оқиғалардың бірі де Кеңес Одағының социалистік лагерінің ыдырауы. Әлемдік қауымдастықтың қатары жаңа тәуелсіз мемлекеттер қатарымен толығы түсті. Бұрынғы Одақтас мемлекеттердің өз тәуелсіздіктерінің аясында экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтармен бірде жеңіп, бірде жеңіліп дамып келеді. Қазіргі таңда жаңа тәуелсіз мемлекеттердің саяси егемендіктерінің халықаралық саяси стадиясының орнығуы аяқталды деп айтуға болады, тек бұл ғана емес қаржы-валюта, әлеуметтік-экономикалық

жүйелері де құрылып бітті. Жаңа құрылған мемлекеттер арасындағы қатынастар үзілуге шақ қалды. Көп жылдар бойы орныққан экономикалық байланыстар да әлсірей бастады, ал бұл болса өз кезегінде әрбір жаңа мемлекеттердің экономикасына кері әсерін тигізді.

Орталық Азиядағы интеграциялық үрдістің, әлеуметтік өмірдің интернационализациялануы мен интеграциланушы мемлекеттердің ұлттық, мемлекеттік қауіпсіздігін нығайтуға деген қажеттіліктің салдарынан туған халықаралық қатынастар жүйесіндегі жаңа ағым. Бұл тақырыптың, Орталық Азиядағы интеграциялық үрдіске кіретін әрбір мемлекеттің дамуында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе жағдай жасауында да өз өзектілігін атап көрсетуге болады.

Президент Н.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан – 2030» жолдауында: «Ұлттық мүдделерді қорғауды. Сондай-ақ таяудағы және алыс перспективалардағы күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз етудегі біздің озық қаруымыз – интеграция саясаты, бірінші кезекте Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасындағы Орталық Азиялық Одақты нығайтуға қарсы тұру емес, басқа мемлекеттің істеріне араласпау, келісімге келу актілері үстем болуы тиіс» - деп атап көрсетті.

Орталық Азиялық интеграциялық үрдістің ерекшелігі жаңа тәуелсіз мемлекеттің тарихының, мәдениетінің, әлеуметтік-саяси, экономикалық негіздердің ұқсастығында. Бұл аймақтағы этнотерриториялық жүйенің күрделілігі кейбір халықаралық немесе аймақтық қақтығыстың ошағына айналуы мүмкін және осы мәселелерді шешуде интеграциялық үрдістің тереңдігі басқа қажетті әдістермен қатар ол да шешуші роль атқаруы мүмкін.

Орталық Азиядағы су ресурстары мемлекеттер арасында теңдей бөлінбеген. Ірі-ірі деген өзендердің басы, ортасы, аяғы әр түрлі мемлекеттерде орналасқан. Тәуелсіздікті алғаннан кейін бірінші жылдардың өзінде-ақ бұл мәселе өз өткірлігін аңғартқан болатын. Осы аймақтағы ең ірі гидрологиялық жағдайлардың бірі Арал болып табылады. Әрине бұл мәселелерді интеграциялық құрылым шеңберінде бірге отырып шешкен шешім ең дұрысы деп ойлаймын.

Орталық Азиядағы интеграциялық ағымның спецификалық ерекшеліктерінің бірі аймақтағы барлық Мемлекеттердің теңіз-транспорттық коммуникациясына жолдың болмауы. Бұл аймақтарда кейбір державалардың болуы баланстың бұзылу мүмкіншілігін тудырады, ал бұл өз кезегінде ұлттық қауіпсіздікке кері әсерін тигізуі мүмкін, ал интеграциялық үрдістер барлық жағдайда айтылғандарға жауап ретінде және қатысушы топтардың геостратегиялық мүдделерінің өзара байланыстылықты, яғни корреляцияны талап етеді.

Назарбаев ТМД елдері үшін интеграциялық ынтымақтастық экономикалық қажеттілік қана емес, бұл керек десеңіз жақсару, тұрақтылық, керек десеңіз ертеңгі күнге деген стимул деп көрсетті.

Қазіргі таңда әлем өзара интеграциялық жүйе үрдісінде дамуда. Әлемнің көптеген аймақтарында сауда, экономикалық, валюталық, кедендік және саяси

бірігулер болып жатыр. Бұл объективті және заңды үрдіс. Интеграция қазіргі таңда әлемдік дамудағы күшейіп келе жатқан тенденцияның бірі. ХХІ ғасыр ол – интеграция ғасыры. Интеграциялық үрдістің өзара бағыныштылығын сезіну адамға әлемдік және аймақтық мәселелерді шешуге көмектеседі.

Бұрынғы Кеңестік республикалар өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ішкі және сыртқы саясатын, саяси, экономикалық, әкімшілік, қаржылық реформалар жүргізу жолымен жасай бастады. Бұрынғы Кеңестер Одағының құрамына кірген мемлекеттердің алдында күрделі таңдау тұрды:

- Қол жеткізілген егемендікке шүкіршілік ете отырып, оқшау қалу;
- Күшті мемлекеттің ықпалына қалып, олардың шикі зат көзіне айналу;
- Біріккен Еуропаны мысал, үлгі ете отырып, бұрынғы Кеңестер кеңістігінде жаңа еуразиялық даму орталығын құру.

Осылайша бұрынғы КСРО территориясында жаңа интеграциялық топтар пайда бола бастады: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Кедендік Одақ, Орталық Азиялық Кеңес, ГУУАМ т.б.

Экономика сөз жоқ, интеграцияның анағұрлым маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тарихи қалыптасқан шаруашылық байланыстар, сондай-ақ геосаяси жағдайдың ерекшелігі жиынтық экспорттық және транзиттік-көліктік әлеуметті тиімді пайдалану қажеттілігін талап етеді. Оның үстіне жоғарыда көрсетіп кеткен екі жақты негізде шеше алмайтын мәселелер бар. Атап айтсақ, суэнергетикалық ресурстарын және транзиттік-көліктік әлеуетін келіскен түрде, сондай-ақ ұтымды пайдалану, ауқымды экологиялық, яғни Арал теңізі ауданындағы апаттың салдарын бірлесіп еңсеру; аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру; терроризмге, діни экстремизмге және есірткі бизнесіне қарсы күрестегі бірлескен қызметті үйлестіру туралы болып отыр.

Орталық Азия мемлекеттерін аймақтық интеграциялау идеясы Біртұтас Экономикалық Кеңестік құру туралы (БЭК) шартқа 1994 жылы 30 сәуірде қол қоюмен нақты жүзеге асты. Қатысушылары Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан (1998 жылы 26 наурыздан бастап Тәжікстан шарттың толық құқықты қатысушысына айналды).

Бұл келісімнің 1 бабы бойынша былай делінген: «Біртұтас Экономикалық Кеңестік Қазақстан Республикасын, Қырғызтан Республикасын, Өзбекстан Республикасы араларындағы, 1994-2000 жылдарға Қазақстан Республикасы, Қырғызтан Республикасы, Өзбекстан Республикасы арасында экономикалық интеграцияның тереңдеуі үшін бірлескен бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында құрылып отыр, бұл бойынша тауар, қызмет көрсету, жұмыс күшінің еркін қозғалысына, бірлескен кредиттік-есептік, бюджет, салық, баға, кеден және валюта саясатын қамтамасыз етеді.

Шартты дамыту тұрғысында 1994 жылы шілдеде президенттердің шешімімен Мемлекетаралық Кеңес және оның негізгі институттары - Премьер-министр кеңесі, Сыртқы Істер Министрінің кеңесі, Қорғаным Министрлер кеңесі және олардың тұрақты қызмет істейтін жұмыс органы - Атқару комитеті құрылды. Атқарушы комитетке координациялық-кеңестік, болжау-сараптау, ақпараттық қызмет және Мемлекетаралық Кеңес пен оның институттарының

шешімдерінің орындалуын бақылау, қадағалау жүктелді. Әрбір мемлекет Мемлекетаралық Кеңесте бір дауысқа ие. Шешім - жалпының келісімімен-консенсус арқылы жүзеге асады. Премьер – министр , Сыртқы Істер Министрлерінің кеңесі, Қауіпсіздік Министрінің кеңесінің мәжілісін жарты жылда, бір реттен кем болмауы тиіс.

Сөз болып отырған уақытта Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкын құру туралы келісімдерге қол қойылды, оның капиталға қатысушы мемлекеттердің үлестік жарналарынан қалыптасады. Сонымен бірге Орталық Азия елдеріндегі экономикалық реформалар деңгейіндегі елеулі айырмашылық, Орталық Азия Одағының біршама оқшаулығы осы ұйымның шеңберіндегі жұмыстың жаңа нысандарын қажет етті. Сондықтан Мемлекетаралық Кеңестің мәжілісінде (1998 жылы 17-18 шілде) аймақтық бірлестіктің жаңа атауы – Орталық Азиялық Экономикалық Қауымдастығы (ОАЭҚ) бекітілді. Мемлекетаралық кеңес 1996 жылы тамызында Ресейді байқаушы ретінде қабылдады, 1999 жылы шілдесінде тап осындай мәртебені Грузия, Түркия және Украина алды.

Әлемнің жетекші мемлекеттерінің Орталық Азия мен Закавказға деген қызығушылықтары бірнеше себептермен түсіндіріледі:

- Біріншіден, олардың территориясы арқылы әуе-коммуникациялық жолар өтетін Азияның геостратегиялық маңызды жерінде орналасқан;
- Екіншіден, бұл аймақта – жер қазба байлықтары – қымбат металдар, темір рудалық шикізат, энергетикалық ресурс, соның ішінде Каспий үлкен қызығушылық тудырып отыр;
- Үшіншіден, бұл аймақ өте ауқымды, аз игерілген дайын өнімнің рыногы, ол табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланған сайын өсе түспек;
- Төртіншіден, жаңа тәуелсіз мемлекеттің өндірістік содeрасында ықпалды позицияны ұстана отырып, әсіресе экспорт, транспортта, көрші мемлекеттер мен аймақтарға экономикалық жағдайларына әсер етуге болады;
- Бесіншіден, дәстүрлі көп ғасырлар бойы Ресей ықпалы мен ресей экономикасымен байланыстың әлсіреуі. Сондықтан аймақтың өзіндік дамуына қажеттілік, басқа саяси және экономикалық күштердің ықпалын тез қабылдағыш;

Орталық Азиялық мемлекеттерінің тәуелсіздік алуы мемлекетаралық ынтымақтастық пен аймақтық интеграция мәселелеріндегі жаңа стратегиялық тәсілдерді айқындауды қажет етті.

Орталық Азия елдерінің тиісті шарттары мен келісімдерінің орындалуына талдау жасау олардың саяси, сауда-экономикалық, әскери мәселелерін кең ауқымы бойынша ынтымақтастықты дамытудағы ұмтылсыын көрсетеді. Қазақстанның ұстанымы өзара тиімді байланыстарды және әртарапты ынтымақтастықты дамыту, тереңдету жөніндегі қарқынды жұмысты жалғастыру қажеттігіне көңіл бөлуінен көрінеді. Бұл Орталық Азия халқының түпкі мүдделеріне жауап береді.

2000 жылы 14 маусымдағы Душанбедағы ОАЭҚ мемлекетаралық кеңестің Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері

Қоғамдастықты дамыту перспективалары мен Орталық Азия аймағының су энергетикалық ресурстарын бірлесіп пайдалану туралы ой-пікір алмасты. Тараптар халықаралық су энергетикалық консорциумын құру туралы келісімге қол қоюға қатысты Қазақстанның ұсынысын қабылдады, консорциум аймақтың барлық мемлекеттері мүдделерінің жолында трансшекаралық өзендердің су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді.

ОАӘҚ шеңберіндегі интеграцияны тереңдетуге ұмтыла отырып, президенттер 2005 жылы кезеңге дейін арналған қоғамдастықтың даму стратегиясын бекітті. Бұл құжат экономикалық өзара іс-қимылдардың төмендегідей басымдық берілетін бағыттарда қатысушы мемлекеттердің күш-жігерін жұмылдыруды көздейді.

- Сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру;
- Су және энергетикалық ресурстарды бірлескен түрде және ұтымды пайдалану;
- Көліктік-коммуникациялық жүйені дамыту саласында келісілген саясаттарды жүргізу;
- Қалыптасқан шаруашылық байланыстарды жетілдіру және импортты алмастыратын өндірісті дамыту;
- ОАӘҚ елдерінің халықтар арасындағы гуманитарлық мәдени байланыстарды кеңейту үшін мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

ОАӘҚ мемлекеттерінің 2002 жылы дейінгі кезеңге арналған біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдарының бағдарламасы бекітілді. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан ең алдымен еркін сауда аймағын, сосын тауарлардың, қызмет көрсетудің және капиталдардың ортақ рыногына шыға отырып, кеден одағын, төлем және валюта одақтарын кезең-кезеңмен құру арқылы экономикалық интеграция мен өзара іс-қимылдарды тереңдетуге уағдаласты.

Мемлекетаралық автокөлік жолдары мен теміржол траспортында, транзиттік жүкті үшінші елдердің рыногына шығаруды қамтамасыз етуде; Транс-Азия-Еуропа (ТАЕ) жолдарын жобалауда оң нәтижелер бар. Мемлекетаралық жерлерді жалға беру, автокөлікті, фармацевтикалық өндірісті және денсаулық сақтау салаларында келісімдер бар және олар жүзеге асырылуда.

Егер Еуропа құрлығының тарихына көз жүгіртсек, ол құрлық бүгінгі күнге дейін бірнеше ауыр соғыстар мен конфронтациялар, көптеген елдерге әрқашан қауіп төну жағдайында күш кешу сияқты аласапыранға толы жолды жүріп өткенін көреміз. Алайда, бұл қиындықтың барлығы тек интеграциялық процестердің арқасында ауыздықталғаның байқаймыз. Мысалы: Еуропаның екі ірі мемлекеті Германия мен Францияны алатын болсақ, екі ел тарихында да қан төгіс соғыстар болған олар 1870, 1914-1918, 1939-1945 жылдардағы соғыс. Бұл соғыстар тек Еуропаны емес, бүкіл әлемді тітіркендірді. Франция және Германияның сол кездегі басшылары де Голь мен Адэнауэр ол мемлекеттердің қауіпсіздігін конфронтациялар мен соғыстардан бас тартып, экономикалық ынтымақтастық жолына түсу керектігін сезініп, Еуропа бейбіт дамуға бет алды.

1951 жылы Еуропаның Болат және Көмір ұйымы 1957 жылы «Орталық Рынок құру туралы Рим келісімінен кейін Еуропаның интеграциялық үрдісі серпіліс алып, 1993 жылы Маастрихт келісімі бойынша Еуропалық Одақ құрылды.

Немесе АСЕАН мүше елдерінің аймақтың интеграциялық тәжірибесін алайық. Оңтүстік-Шығыс Азияның бұл аймағы 60-80 жылдары «ұрыс даласын болатын (Вьетнам соғысы, Камбоджа шиеленісі, т.б. қарулы қақтығыстар). Бұл елдердің арасындағы жанжалдар себебі негізінен экономикалық жайттардан туындаған еді, мысалы, балық аулауға байланысты шекаралық тартыстар, су және орман ресурстарын қолдану т.б. Сонымен бірге бұл аймақтағы ірі көлемдегі соғыстардың болуына сыртқы факторлар да әсер еткен болатын, яғни «қырғи қабақ соғысы кезеңі, аймақтан тыс мемлекеттің тікелей араласуы.

Дегенмен, 90 жылдары АСЕАН-ның сәтті құрылуы нәтижесінде бұл аймақ жайлап, әсіресе, Үндіқытай жарты аралы, соғыс даласынан рынокқа айналды. Оңтүстік-Шығыс Азияда геосаяси парадигмадан геоэкономикалық - парадигмаға өту кезеңі болды. Аймақтың ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға ұмтылысы АСЕАН-ға мүше елдердің 1992 ж 2 қаңтарда болған IV конференциясында Сингапур Декларациясына қол қоюдан байқалады.

Экономикалық интеграцияның маңыздылығы жөнінде айта келе, АҚШ-тай ірі, күшті мемлекеттердің де мұндай бағытқа мұқтаждығы бар екенін айта кету керек. Бұған дәлел, АҚШ, Мексика және Канада құрған экономикалық НАФТА ұйымы. Экономикалық ахуалы мықты бола тұра, өз арасында экономикалық ынтымақтастықты күшейтуді жолға қойған бұл елдердің ұстанған экономикалық бағыты интеграциялық өмір саясатының маңызын арттыра түседі. Осы айтылғандардың бәрін түйіндей келе, әлем бүгінде – ғаламдық, аймақтық блоктар диынтығы. Орталық Азия мемлекеттері де өзекті мәселелерді бірігіп шешуге, интеграциялануға талпынуда.

Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздік алуы нарықтың экономиканы құруда жаңа стратегиялық қадамдарды сонымен бірге мемлекетаралық ынтымақтастық және интеграциялық процестерді жеделдетуі, заман талабына сай құруға бағытталады. Орталық Азиялық мемлекеттерінің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелердің ұқсастығы елдердің шешімін табуда ынтымақтастықты тереңдетуді талап етеді. Ортақ шекаралар, көліктік және сол сияқты коммуникациялық байланыстың болуы, табиғи шикізат қорының молдығы, өнеркәсіп өндірісті кооперацияға, біріккен кәсіпорындар құруға және агроөнеркәсіптік кешендер құруға алғышарттар жасайды.

Кейбір мамандар, ТМД аймағындағы, Орталық Азия мемлекеттерінің интеграцияға ұмтылуы, Москвамен арадағы саяси ойын деп санайды. Әрине бұл инициативалардың осы саяси астарын түсінуге болады, бірақ оларды интеграцияға итермелеп отырған объективті, аймақтық шарттарды ұмытпауымыз керек. Бұрынғы Кеңес Одағының саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық бөлшегі болған, Орталық Азия мемлекеттерінің, басқа интеграциялық топтарға қарағанда көп артықшылығы бар. Олардың діні, мәдениеті, тарихы, ділі бір мемлекеттер.

Орталық Азияның геосаяси аймағы, кейбіреулердің осы аймақты мұсылман Солтүстік зонасына немесе «Оңтүстік Еуразия» субконтинентіне жатқызуға тырысқандығына қарамастан, біз білеміз бұл аймақ өзінің оңтүстік көршісінен әлде қайда ерекшеленеді. Аймақтағы саяси тәртіп зайырлы исламдық ықпал саяси сфераға әсері «мұсылмандық фактордың» «экономикалық фактордың» орнына келетіндей күшті емес.

Саяси интеграция интеграциялық үрдістің осы аймақтағы айрылмас бөлігі. Әрине, бұл аймақ геоэкономикалық, геосаяси мүдделердің тоғысқан жерінде ораналасқандықтан мұнда сыртқы державалардың ықпалы зор. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай мемлекет шекарасының жанында бағалы, тіпті стратегиялық маңызды қайнар көздердің орналасуы, бұл аймақты қақтығыстар көзіне айналдырып жіберуі мүмкін. Сондықтан бұл аймақтағы барлық мемлекеттерге тиімді ұстаным интеграция. Бұл аймақтағы интеграциялық үрдіс баяу да болса, өз өмірін жалғастыруда.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі таңда посткеңестік мемлекеттерінің ынтымақтастығы қандай деңгейде орнатылған?
2. Бұрынғы КСРО мемлекеттер арасында қақтығыстық жағдай байқалама?
3. Посткеңестік кеңістіктегі жаңа акторлар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Деректемелер

1. Алматинская декларация. Сборник документов под ред. К.Токаева. Алматы,1998. I том. С.103
2. Договор об учреждении Евразийского экономического сообщества . ред. Колегия Г.А.Рапота. Первый Экономический форум. Москва, 2003. С.95
3. Договор о создании Единого экономического пространства между Республикой Казахстан, Кыргызской Республикой и Республикой Узбекистан. Сборник документов под ред. К.Токаева. Алматы, 1998. II том. С.250
4. Заявления глав государств Республики Беларусь, Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Российской Федерации и Республики Таджикистан об учреждении Евразийского экономического сообщества. Информационный бюллетень ЕврАзЭС №1. Сборник документов определяющих правовую основу деятельности ЕЭС. Алматы, 2001. С.5
5. Протокол к Соглашению о создании Содружества Независимых Государств. Сборник документов под ред. К. Токаева. Алматы, 1998. I том. С.103
6. Соглашение о создании Содружества Независимых Государств. Сборник документов под ред. К. Токаева. Алматы, 1998. I том. С. 99
7. Соглашение о сотрудничестве и взаимопомощи в таможенных делах. Сборник документов под ред. К. Токаева. Алматы, 1998. II том. С.278
8. Соглашение о Таможенном союзе (Республики Казахстан, Республики Беларусь и Российской Федерации). Сборник документов под ред. К. Токаева. Алматы, 1998. II том. С.284
9. Соглашение о создании зоны свободной торговли. Сборник документов под ред. К. Токаева. Алматы, 1998. II том. С.233
10. Устав Содружества Независимых Государств. Сборник документов под ред. К. Токаева. Алматы, 1998. I том. С.105

Мерзімдік басылымдар

11. Бектепов Б. Десять шагов к интеграции // Гудок, 1998, 23 май.
12. Вашанов В.А. экономическая эффективность интеграции // Вестник Содружества, спец.выпуск. 1998, декабрь. С.65
13. Иванов Ю.О. О международных сопоставлениях ВВП России и других стран СНГ// Вопросы Экономики.1998,№1.
14. Иннарбаев Е. Интегративные процессы на постсоветском пространстве в контексте Евразийской идеи // Евразийское сообщество. 1999, №3.
15. Исингарин Н. Выбор в пользу единения сравнивая интеграционные процессы стран ЕС и СНГ // Евразийское сообщество. 2000, №3 апрель.
16. Исингарин Н. Для становления нормального таможенного союза потребуется два-три года // Панорама. 1997, 29 май.
17. Назарбаева Д.Н. Взаимодействие стран членов СНГ и проблемы интеграции //Экономист.2001, №12.
18. Огневск В.В. СНГ на фоне геостратегической карты России// Саясат, 1996.

Арнайы әдебиеттер

19. Атаев Х.А. Торгово-экономические связи Ирана с Россией в XVIII-XIX в.в. Москва: Наука, 1981.
20. Абрамова М.Г. Положение на рынке труда/Латинская Америка.1997. С.18-24.
21. Абрамова М.Г. Уругвай в системе Меркосур. 1997. С.52-57.
22. Авдокушин Е.Ф. Международная экономическая интеграция М.,1996.с.179-193
23. Актуальные проблемы деятельности международных организаций: Теория и практика. М., 1982
- 24.

25. Барковский А.Н., Краснов Л.В., Рыбаков О.К. СНГ! На пути к экономическому союзу. Москва, 2000.
26. Гаврилов В. Интеграции в СНГ и национальные интересы. Москва, 1993.
27. Десять лет Независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. Материалы международной научной конференции. Университет Кайнар. Алматы, 2001.
28. Евразийское пространство интеграционный потенциал и его реализации. Ответственный редактор Тажин М.М. Алматы, 1994.
29. Жукубович Т.С. СНГ и интересы России. Москва, 1997.
30. Исингарин Н. Проблемы интеграции в СНГ. Алматы, 1998.
31. Исингарин Н. Транспорт, магистраль экономической интеграции в СНГ. Алматы, 1998.
32. Исингарин Н. Казахстан и Содружество: проблемы экономической интеграции. Алматы, 2000.
33. Исингарин Н. 10 лет СНГ. Проблемы, поиски, решения. Алматы, 2001.
34. Кушкунбаев С. Центральная Азия на пути к интеграции: геополитика, этничность, безопасность. Алматы, 2002.
35. Козбеков У.О. Внешние экономические отношения государств в переходной период. Алматы, 1997.
36. Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика. Алматы, 2000.
37. Мацнев Д. Интеграционная стратегия для стран СНГ. Москва, 1997.
38. Мансуров Т. Казахстан – Россия отношения в эпоху перемен 1991-2001. Москва, 2001.
39. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. Алматы, 1997.
40. Назарбаев Н.А. Евразийский союз идеи, практика, перспективы 1994-1997. Алматы, 1997.
41. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформаций общества и возрождения Евразийской цивилизаций. Москва, 2000.
42. Назарбаев Н.А. 10 лет равные столетию. Алматы, 2001.
43. Назарбаев Н.А. Сындарлы он жыл. Алматы, 2003.
44. Назарбаева Д.Н. Взаимодействие стран – членов СНГ и проблемы интеграции. Алматы, 1998.
45. Назарбаева Д.Н. Содружество Евразия. Москва, 2003.
46. Примбетов С. Центральная Азия: реалий и перспективы экономической интеграций. Москва, 2000.
47. Россия и Казахстан стратегии для будущего. Материал международной научно-практической конференции. Алматы, 1993.
48. Токаев К. Под стягом независимости: очерк о внешней политики Казахстана. Алматы, 1997.
49. Токаев к. Дипломатия Казахстана. Алматы, 2001.
50. Экономика разных скоростей под ред. Демина А.А. Л., 1996.
51. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Внешняя политика Республики Казахстан. Алматы, 2002.
52. Хазанов. А.М., Котляров В.С. Россия-СНГ-Азия. Москва, 1999
53. Шишков Ю.В., Евстигнеев В.Р. Реинтеграция постсоветского пространства и опыт Западной Европы. -М., 1994.
54. Шишков Ю.В. Интеграционные процессы на пороге XXI века. М., 2001.
55. Шишков Ю.В. Теория региональной капит. интеграции. 1978.
56. Якобайт К. Теория региональной интеграции. -Берлин.: Германский фонд международного развития, 1995. -С.2.
57. XXI век: Европейский Союз и содружество независимых государств. М., 1998.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| КІРІСПЕ..... | 3 |
| I БӨЛІМ. ИНТЕГРАЦИЯ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ САЯСИ НЕГІЗДЕРІ..... | 4 |
| II БӨЛІМ. ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ШЕҢБЕРІНДЕГІ САЯСИ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 12 |
| 2.1. Еуропалық интеграцияны зерттеудегі теориялық аспектілер..... | 12 |
| 2.2. Еуропалық Одақтың құрылуы және оның даму кезеңдері..... | 14 |
| 2.3. Еуропалық Одақ шеңберіндегі саяси интеграциялық мәселелер..... | 23 |
| 2.4. Еуропалық Одақ шеңберіндегі саяси интеграциялық үрдіске Трансатлантикалық қатынастың әсері..... | 33 |
| III БӨЛІМ. ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДА XX ҒАСЫРДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ..... | 38 |
| 3.1. Латынамерикасы континентіндегі интеграцияның алғышарттары..... | 38 |
| 3.2. XX ғасырдың екінші жартысындағы америкааралық (панамерикандық) жүйенің генезисі мен эволюциясы..... | 43 |
| 3.3. Латын Америкасындағы XX ғ. 80-90 ж.ж. интеграциялық үрдістердің ерекшеліктері..... | 53 |
| 3.4. Қазіргі халықаралық қатынастардағы Латын Америкасы..... | 55 |
| IV БӨЛІМ. ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІКТЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР | |
| 4.1. ТМД интеграция негізінің қалыптасуы және дамуы..... | 62 |
| 4.2. ТМД интеграциясына әсер ететін факторлар..... | 69 |
| 4.3. Орталық Азиядағы Экономикалық Қауымдастық..... | 77 |
| ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... | 84 |

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 87 бет 7,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.